филос.ғ.д., ҚазҰУ философия кафедрасы, Алматы қ.

XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси істері мен ғылыми туындылары әр бағытта өрбіген еді. Бірақ Кеңестік үкіметтің геноцидтік саясатының салдары мұндай ойшылдарымыздың шығармашалығын тежеп, еңбектерінің жариялануына да тиым салынған-ды. Дегенмен, халқымыздың зияткерлік рухы одан кейін де жалғасын тауып, XX ғасырдың ортасы мен соңына таман бір топ ойшылдар легін дүниеге алып келді. Мұндай рухани серпіліс заманауи қажеттіліктерден туындап жатты және халқымыздың руханияттық деңгейін Кеңестер Одағы Республикалары арасында да, әлемге де паш етудің алғышартына айналған еді.

Бұл үрдістен философия ғылымы да тыс қалған жоқ. Ұлттық философия тарихы эволюциясының бір кезеңі ретінде айшықталған Кеңестік дәуірдегі отандық философия тек социалистік идеологиямен ғана шұғылданған жоқ, логика, таным теориясы, әлемдік философия тарихы, этика мен эстетика бойынша да сүбелі еңбектерді дүниеге алып келді. Сол салалардың бірі – дінтану, оның ішінде дін философиясы болатын. Бұл бағытпен кәсіби деңгейде шұғылданған қазақстандық философтардың бірегейі – Қ. Шүлембаев болатын.

Қадыршат Шапағатұлы Шүлембаев 1937 жылы 5 наурызда Павлодар облысы, Баянауыл өлкесінің тумасы. Бұл өлке қазақ даласындағы қасиетті мекендердің бірі, әрі зияткерліктің тарихи орталығына айналған еді. Тарихқа үнілсек, Бұхар жырау, Олажабай батыр, Жаяу Муса, Мәшһүр Жүсіп сынды халқымыздың ойшылдары мен батырлары, ақындары мен жыраулары дүниеге келген, одан соң Кеңес дәуіріндегі Қазақстанның ғалымдары мен өнер иелері, атап айтқанда, Қ. Сатпаев, Ә. Марғұлан, Ш. Айманов, О. Сүлейменов тәрізді тума таланттарын өмірге алып келген өлке болатын.

Ағамыз Павлодардың педагогикалық училищесін тәмамдап, 1959 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетін де үздік бітіріп, осы университетте өзінің еңбек жолын қарапайым оқытушылық қызметтен бастап, профессор дәрежесіне дейін көтерілген болатын. 1972 жылы аталған оқу орнының философия

кафедрасының меңгерушісі, одан соң, 1975-1980 жылдар аралығында тарих факультетінің деканы міндетін ойдағыдай атқарады.

Ол жастардың еркін ойлылығы, ұлтжандылық тәрбиесі тәрізді жұмыстарды тыңғылықты атқара жүріп, ғылыми жұмыстарын да үнемі назардан тыс қалдырмаған белгілі философ еді. 1970 жылы кандидаттық диссертациясын, 1995 жылы Мәскеу қаласында докторлық диссертациясын сәтті қорғап шыққан Қадыршат Шүлембаев дінтанудың қазақстандық мектебінің негізін салушы ретінде тарихта қалды.

Қадыршат Шапағатұлы 3 монографиялық еңбектің, 2 оқулықтың, 10 кітапшаның, бірнеше ғылыми мақалалардың, барлығы 140-тай еңбектің авторы. Озық ойлы тұлға артына із қалдыратын шәкірттер даярлауға да да баса көңіл бөлді, өзінің фәнилік ғұмырында екі ғылым докторы мен 20 ғылым кандидаттарын даярлап шығарды.

Философ – дүниеге жалпылама көзқараспен қарай алатын, белгілі бір деңгейде сыни ойлаудың өзіндік деңгейіне көтеріле білген, тіпті қажет болған жағдайда өзінің субъективтік ой сана қоймасында идеялық қайшылықтар тудырып, оны белгілі бір дәрежеде өмір бойы шешуге тағайындалған, ақиқатты іздеуде шығармашылық рухының асқақтығына сүйенетін, ерікті-еріксіз түрде өрісті-креативті ойлауды негізге алатын рухани тұлға болғандықтан, Қадыршат ағамыз да өзінің дін философиясында еркін ой сана бағытын ұстанған еді.

Дін философиясымен шұғылданған отандық ойшылымыз еркін ойдың да, дін сияқты адамзаттың рухани мәдениетінің маңызды бір саласы екендігін дәйектеген болатын. Сонымен қатар, ол қазақ даласындағы исламның фундаменталистік бағыты мен фанаттыққа деңгейіне емес, зайырлылық үлгіде көрініс тауып отырғандығын, сонымен қатар, басқа да исламға дейінгі шамандық, тәңіршілдік сияқты діни сенімдермен синкреттік түрде өрбіп келе жатқандығын оқырман қауымға паш етті.

Қ. Шүлембаев сонымен қатар білім беру, саясат және құқық философиясымен де шұғылдана отырып, өзінің іргелі ойларын да ұсынған болатын. Қазақстанда Әлеуметтік Ғылымдар Академиясын құру туралы бастаманы алғашқылардың бірі болып ұсынып, 1995 жылы осы академияның академигі және вице-президенті болып сайланды.

Сөзіміздің соңында, Қ. Шүлембаев ағамыздың даналыққа айналған сөздеріне сілтеме жасауды жөн көріп отырмыз. Ол өзінің:

«Рух және рухани келісім жөнінде» деп аталатын мақаласында: «Адам және Рух белгілі бір мағынада біртектес ұғымдар: адамды руханилықсыз елестетуге мүмкін болмаса, сондай-ақ, рухты да адам келбетінсіз көз алдымыға келтіру мүмкін емес. Әрқайсысын абсолюттендіру абсурдқа және мәнін иррационалдандыруға алып келуі мүмкін. Рухтан ажыраған адам, адами болмысынан айырылады. Адамнан ажыраған рух мистикалық сипатқа ие болып, әлемнен үстем күшке айналады», -деп тұжырымдаған болатын. Әрине, бұл идеямен келіспеу мүмкін емес.

Немесе: «Руханилық ынтымақтастық-өмірлік қажеттілік» атты мақаласында: «Жасыратыны жоқ, қаншама жылдар «надан», «бейшара», «артта қалған», дамуы тек Ресейге тәуелді деген өріссіз пікір көп ізденістерді өз тұтқынында ұстап келді. Оны ресми саясатқа айналдыру қазақтың өзіндік рухани тарихының қайталанбас мәні мен ерекшелігін түсінбеуге апарғанын да айта кету жөн», -деп Ресейлік отаршылдық саясатқа деген наразылығын қадап айтқан еді.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күні отандық белгілі философ – Қатыршат Шапағатұлы арамызда болғанда мерейлі 80 жасқа толар еді. Әрине, өкінішке орай, 1998 жылы маусым айында дүниеден озғанымен, оның рухының мәңгі жасайтындығы ағамыздың дүниетанымымен рухтанған әріптестері мен шәкірттерінің қолдайтын игі бастамалары арқылы өмір сүре беретіндігі даусыз. Болашақта артына өшпестей мәңгілік мұра қалдырған Қ. Шүлембаевтың шығармаларының толық жинағын қайтадан баспадан шығарып, оқырманға ұсыну, отандық ойшылдың негізгі идеяларын философия мен дінтану саласында ізденіп жүрген шәкірттерге диссертациялық тақырып ретінде ұсынып, арнайы зерделеу – басты мақсаттардың бірі екендігін баса айтқымыз келеді. Бұл

Ағамыздың жарқын бейнесі ешқашан жадымыздан шықпайды, өйткені оның атқарған қайырымды іс әрекеттері ұмтылуы мүмкін емес, біздің көз алдымызда әрқашан оның жарқын бейнесі мен руханилыққа ұмтылған келбеті тұрады. Ол өзінің игі істері мен адамгершілік тұлғасы арқылы болашақ ұрпақтардың есінде айтулы тұлға ретінде сақталып қалатындығына сенімдіміз.

## ҚАТЫРШАТ ШАПАҒАТҰЛЫ ШҮЛЕМБАЕВТЫҢ ДІНИ ФИЛОСОФИЯҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

ЖУМАБАЕВА М. С.

тарих пәнінің мұғалімі, Қ. Шүлембаев атындағы орта мектебі, Ақсу к.

*Бүкіл ғұмырын ақиқат пен жалғанды,  
Өмір шындығын табуға арнайтын адамдар болады.*

*Ол адамдар ғалымдар.*

***Н. К. Кольцев***

Халық алдындағы парыз бен қарызды өз өмірі өзегінің алатын дінгегіне айналдырған профессор Қатыршат Шапағатұлы Шүлембаевтың үлкен ғылымдағы алатын орны да өзгеше, биік.

Қатыршат Шапағатұлы Шүлембаев 1937 жылы наурыздың бесінші жұлдызында Павлодар облысы Баянауылда ұстаздар жанұясында дүниеге келген. Алты жастан мектепке барып, үздік оқушының қатарында болды. Сынтас ауылдық кеңесі № 6 ауылға (қазіргі Ақсу кенті) көшіп келіп, жеті жылдық мектепті бітіргеннен кейін, Павлодардағы мұғалімдерді даярлайтын педагогикалық училищесіне түседі. 1955 жылы Алматыға келіп, Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының филология факультетіне түседі. Оқи жүріп институт жанындағы комсомол комитеті хатшысының орынбасары қызметін қоса атқарады.

Қатыршат Шапағатұлы қаламынан шыққан 3 жеке монографиясы мен жоғары мектеп студенттеріне арналған 2 оқулығы және 120-дан астам ғылыми кітапшалары мен мақалалары бар.

Тынымсыз ізденістің арқасында 1970 жылы философиядан Қазақстандағы дінтанудың пайда болуы және даму жолдары туралы кандидаттық диссертация жазып, қорғап шықты. Әрине, кеңестік идеологияның үстемдік құрып тұрған кезінде мұндай тақырыпты зерттеуге жас ғалымдардың тісі бата бермейтін. Қатыршат ағаның еңбегі дінтануға қосылған елеулі жаңалық деп танылып, философия ғылымының кандидаты деген атақ беріледі. Бұл кезде ол өзі түлеп ұшқан қарашыңырақ – ҚазПИ-дің студенттеріне дәріс беріп, олардың сүйіспеншілігіне бөленіп үлгерген болатын. 1972 жылдың соңынан қарай философия кафедрасының меңгерушісі және институттың партком хатшысының орынбасары қызметіне қоса атқарды. Бес жыл тарих факультетінің деканы болып қызмет атқарған.

Жаратылысынан адамдарға асқан іңкәрлікпен қарайтын жас ғалым өз оқушыларымен онай тіл табысып, оларды жұмыс процестерін ретке келтіруде үнемі іскерлік көрсетіп отырды. Факультет тірлігін студенттер өмірін олардың оқу үлгерімін бір сәт те көз алдынан таса қылған емес. Соның нәтижесінде Қатыршат басқарған тарих факультеті ұйымдастыру бойынша қандай көрсеткіштерден болмасын алда болды, кейбір жылдары студенттердің 60 пайызы үздік бағалармен қызыл дипломға бітірді, қазіргі кезде егемен еліміздің беделді қоғамдық-саяси қайраткерлерінің көбі Қатыршат Шапағатұлының алданан дәріс алған шәкірттері.

Елімізде қажетті зиялы азаматтар дайындаудың барлық сатыларда жемісті еңбек етіп келе жатқан ғалым – Қатыршат Шүлембаев аспиранттардың ғылыми жұмыстарына жөн сілтеп, жетекшілік студі өз борышы деп түсінген. Қашан да болмасын ғылыми зерттеулеріне жетекшілік еткен аспиранттарына ұстаздық қамқорлықпен қарап, зерттеулеріне тұжырымды талқылаулар жасап, келешектеріне жөн сілтеп, жетістіктерін жоғары бағалайды. Қазір Қатыршат Шүлембаев 20-астам ғылыми кандидаттарын, 2 ғылым докторын дайындады. Олар Қазақстан Республикасының әр облыстарында жемісті еңбек етіп, ұстаз өсиетін әрі қарай жалғастыруда. Жоғарыда аталған еңбек жеміссіз болған жоқ, талмай талаптану нәтижесінде Республикасының әр облыстарында жемісті еңбек етіп, ұстаз өсиетін әрі қарай жалғастыруда. Жоғарыда аталған еңбек жеміссіміз болған жоқ, талмай талаптану нәтижесінде Республикамызда Орта Азия аймағында жоқ жаңа философиялық мектеп қалыптасты. Бұл философиялық мектептің негізгі бағыттары мен концепцияларын тұжырымдауға Қатыршат Шапағатұлы зор үлес қосты. Бұл мектеп үлкен дінтанушы ғалымдар, профессорлар А. Ф. Окулов, Д. М. Угринович, В. И. Гараджа, А. Гордиенко сияқты мамандар мен ғылыми пікір-таластың және достық кеңестердің барысында Қазақстан Республикасының әлеуметтік, рухани мәдени дауының өзіндік ерекшеліктерін пайдалана отырып жүзеге асты [1, 6 б].

Бұл жетістіктердің алғышарты ретінде көп жылдар бойы зерттеулерінің жемісі болған Қатыршат Шапағатұлының мынандай монографиялық еңбектері шықты:

«Маги, боги, действительность», «Образ жизни. Религия. Атеизм». Аты аталған еңбектерінде автор қазақ халқының наным-сенімінің, дүниетанымының эволюциясына тоқталды, қазақ халқының рухани мәдениетін өзіндік ерекшеліктері мен даму

зандылықтарын көрсетті, осы процестегі аруаққа сену, тәңірге бас ию сияқты халқымыздың наным-сенімдеріне ғылыми түсініктер беріп, оларды негіздеу жолдарына жаңа, бұрын қолданылмаған бағыттарды қалыптастырды.

Философ ғалымдардың еңбектерінен өзін мазалаған сұрақтарына жауап іздеумен болды. Дін философиясының ғылыми негіздерін жаңа тұрғыдан тереңдетуге баса назар аударды. Ол Қазақстанның рухани өмірінде ислам басты орын алады деп болжады. Оның ғылыми жұмысының тақырыбыда Қазақстанның ежелгі дінін зерттеу болатын. Ол ислам дінінің ерекшелігін ашып берді. Ислам қазақтардың күнделікті өміріне қажет екенін қазақтың ұлы ойшылдары Абай мен Шәкәрімнің тұжырымдарымен дәлелдеді [2, 49 б].

Негізінен менің ғылыми мүддем – қазақтың өзінің ежелгі дінін зерттеу. Кейбіреулері мұны дұрыс түсінбей «ислам дінімен айналысады» дегенді айтады. Мен өз басым дін туралы қаншама жылдардан бері айналысып жүргенде, баяғы атеист деп жүргенде кезде де, кейін мынау аласапыран, кезде де жан дегенде сенуден, рух, әруақтарға сенуден, аян беру, түс көру дегендерден бас тартқан емеспін. Бұл – ислам дінінің шығарған дүниесі емес, қазақтың ежелгі дүниеден қалыптасқан, яғни дінен анағұрлым бұрын келе жатқан нәрсе. Қазақтар қашанда әруақтарға сиынған. Бұл өз алдына үлкен әңгіме. Ал енді менің зерттеп, жазып жүргендерім діндердің қалыптасуы, олардың саясиланып кетуі т.б. Мысалы, діндер пайда болған кезден бастап-ақ белгілі бір үкіметке, билікке қызмет еткен. Ислам діні де солай. Осыған байланысты біздің дінімізде бағыты өзгеріп, кейде білімі көтеріліп отырған. Білімі көтеріліп отырған дегеннен шығады, ислам дінінде, мұсылман әлемінде, түрік сұлтанының шеңберінде қайта өрлеулер болған. Қайта өрлеу Еуропада емес, алдымен шығыста пайда болған. Мына біздің Әл-Фараби, Ибн Сина, тағы басқа ғұламаларымыз сол қайта өрлеу өкілдері. Арыға бармай-ақ соңғы кездерде алайықшы. Кезінде КСРО-дағы коммунистік идеология да біздер үшін дін сияқты болған жоқ па? Оның да Ленин, Маркс деген пайғамбарлары болды. Міне, мен дін туралы айтқанда, күрескенде, сынағанда осындай саяси бағыт алған діндердің саяси қызметін сынадым.

Иә, білікті ғалым осылайша толғайды. Оның пікір-пайымына зер салсақ профессордың түпкі ойы бізді одан әрі тағы бір баспалдаққа жетелегендей болады. Біздің түсінігімізше үлкен ғалымның мүдде ретінде қараған екінші бір бағыты – ол қазақтың бай шежірелері, мифологиялық мұралары, соның ішінде мәдени

мұра, жалпы рухани мұралар. Шындыққа жүгінер болсақ, бұл мұралар әлі де толық зерттелмей жатыр [3, 7 б].

Қ. Шүлембаев «Аль-Фараби в диалоге времен», «Ұлықбек: тарих және қазіргі заман» деген аса ірі ғылыми – тәжірибиелік конференцияларын ұйымдастырды. «XXI ғасыр» футурологиялық клубы жұмысына белсене қатысып, онда әлденеше рет ғылыми баяндамалар, хабарламалар жасады.

Алматы қаласының шет тілдері мен Іскерлік университетінің профессоры философия ғылымының докторы, академик Мұрат Сәбитовтың бір сұхбатында:

«Қатыршат Шүлембаев өте кішіпейіл, көпшіл адам болған еді. Әр істі зор шабытпен қолға алатын. Оның қаламынан талай кітаптар, жинақтар, мақалалар жарық көрді. Ана тілін ерекше сүйетін. Ұйымдастыру қабілеті өте жоғары болған. Ғалым деген өшпейтін ат, сондықтан ол әрқашанда бізбен бірге, оның өмірі өсіп келе жатқан жастарға үлгі-өнеге», деп айтқан болатын.



2002 жылы 14 наурыз күні ғалымның 65 жылдық мерейтойына орай Ақсу кентіндегі мектепке Қ. Шүлембаевтың аты беріліп, мемориалды тақта ашылды. Туған халқы үшін еңбек етіп, өнегелі ғұмыр кешкен, ұстаз деген киелі атқа өмір бойы жоғары ұстап өткен Қатыршат Шапағатовты Шүлембаевтың биыл 80 жылдық мерейтойы аталып өтуде.

Ұлы тұлғаның 75 жылдық мерейтойына Ақсу тарихи-өлкетану мұражайында Қ. Шүлембаевқа арналған бұрыш ашылды. Мұнда академиктің өмірі мен шығармашылығы жайлы мәліметтермен танысып, отбасымен, әріптестерімен, достарымен түскен

фотосуреттердің, 2002 жылы 16 ақпан күні жұбайы Мәнүра Мерғалықызы Ахметова тапсырған академиктің киімін, домбырасын, тоғызқұмалақ, әйгілі жазушылар мен ақындардың кітаптарын, басқа елдерге Марокко, Үндістан елінен Қ. Шүлембаевқа сыйға тартқан заттарды тамашалауға болады.

Ұлы тұлға Шапағатовтың жерлесі болу үшін мен үшін жақсы жаңалық болғаны есімде. Қ. Шүлембаев мектебінің мұғалімдері ғалымның өмірі мен атқарған қызметі туралы әр түрлі мектепшілік дөңгелек үстел мен тәрбие сағаттарын өткізуде. Қатыршат Шүлембаев мектебінде ұстаз болып жұмыс істеп жүргеніме мақтан тұтам. Әлі күнге дейін, осыны жетістік ретінде қабылдаймын.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасы әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі Қ. Ш. Шүлембаевтың ғылыми және қоғамдық қызметі ретінде қысқаша очерк. - Абай атындағы Алматы Мемлекеттік Университеті. Алматы 1997 ж. - 6 бет.

2 Қатыршат. Бұланбаева Б.Қ., 2012 ж. - 49 б.

3 «Ғылым. Ғалым. Ғасыр» Қасым Әзімхан баяндамасы. Алматы. - 7 бет

#### ПРОДОЛЖАЕМ БЕСЕДОВАТЬ С ПРОФЕССОРОМ К. Ш. ШУЛЕМБАЕВЫМ

НИКИФОРОВ А. В.

Северо-Казахстанский государственный университет  
имени М. Козыбаева, г. Петропавловск

Қатыршат Шапағатовичу Шүлембаеву 5-го марта 2017 года исполнилось бы 80 лет, но к большому сожалению прошло уже около восемнадцати лет с того дня, когда он ушел от нас. Его я считаю самым главным моим учителем в области религиоведения, с которым мы часто беседовали. Вспоминаются мне наши разговоры о проблемах, интересующей нас отрасли знания. Поднимаемые вопросы в наших беседах, по моему мнению, не потеряли своего значения и в наши дни. Это свидетельствует о том, что он обладал научным предвидением и был настоящим ученым. В этой статье я мысленно продолжу наши с ним беседы по проблемам сегодняшнего религиоведения. К сожалению, эта мысленная беседа будет монологом, а не диалогом.

В период нашего общения наступил кризис коммунистической идеологии.

Несмотря на кризисное явление в атеистическом мировоззрении, вследствие крушения социалистического общества и коммунистической идеологии, Катыршат Шапагатович видел перспективы развития религиоведения. Он, в частности, доказывал важность и необходимость изучения молодежью истории мировых религий и религиоведения для ее мировоззренческой ориентации, поскольку мы живем в полиэтничном и поликонфессиональном государстве, в котором важно сохранять мир и согласие между различными народами, исповедующими разнообразные религии или индифферентные к ним.

За прошедшие годы в светском, демократическом государстве Республика Казахстан был принят новый закон «О религиозной деятельности и религиозных объединениях», в результате действия которого в стране снизилось количество зарегистрированных конфессий с сорока шести до восемнадцати; стал преподаваться курс «Основы религиоведения» в средних школах, но данного предмета нет в программах колледжей и ВУЗов. Конечно, в университетских программах номинально есть курс религиоведения, но лишь как элективный. Позвольте спросить, какой заведующий специализированной кафедры, заботящийся о профессиональных знаниях своих студентов, позволит отдать учебные часы на «какой-то» элективный курс по религиоведению? Он вместо этой важнейшей идеологической науки поставит спецкурс по профессиональным дисциплинам.

Но подобные деяния в современных международных политических условиях чреватой массой осложнений.

В настоящее время в мире поднялась волна политико-религиозного экстремизма и терроризма, брызги от которой долетают и до Республики Казахстан.

Для сохранения мира и согласия в этноконфессиональной сфере нашей страны недостаточно поверхностных знаний по религиоведению, которые даются в средней школе, а необходимо расширение мировоззренческих горизонтов знаний о религиях будущих специалистов в непростой этноконфессиональной обстановке мультикультурного Казахстана.

Говорили мы с Катыршатовым Шапагатовичем и о такой особенности казахстанских верующих, как их практическое отношение к религии и смешению таких понятий как «национальное» и «религиозное».

Например, по данным исследования КГУ «Центра анализа и развития межконфессиональных отношений» УДР СКО», которое проводилось во втором квартале 2016 года. Преобладающее число североказахстанцев идентифицируют себя с определенным вероисповеданием (94,3 %). Но при этом большинство североказахстанцев (60,8 %) отмечают, что в религиозной жизни практически не участвуют. А 32,5 % из числа верующих посещают культовые сооружения лишь «изредка», а 2,1 % – несколько раз в неделю и «ежедневно» – только 0,5 %.

На вопрос «Соблюдаете ли Вы обряды, присущие Вашему вероисповеданию?» значительная часть опрошенных – 59,8 % ответила «да, иногда». И только 11,9 % верующих области постоянно соблюдают предписанные верой религиозные обряды.

Согласно полученным данным, значительное число респондентов – более 88,5 % отмечают религиозные праздники, а 46 % отмечают их в кругу семьи как национальные.

Обсуждали мы с Катыршатовым Шапагатовичем и такую особенность современных верующих как их индивидуализированная, внеобщинная религиозность. Современные социологические исследования подтвердили наши убеждения, что, даже люди, считающие себя верующими, нередко не посещают храмы, не выполняют религиозных обрядов и не принимают никакого участия в деятельности религиозной общины; употребляют алкоголь и табак, за что порицаются духовенством и действительно верующими.

Анализ блока вопросов в анкетах североказахстанских исследователей по религиозной практике доказывает «умеренную» религиозность жителей Северо-Казахстанской области. Количество практикующих верующих в области составляет 10-11 %.

При этом не следует забывать, что многие наши сограждане, независимо от их уровня образования, отождествляют свою этническую принадлежность с религиозной, поэтому к данным подобной статистики необходимо относиться осторожно.

Говорили мы с Катыршатовым Шапагатовичем и о том, что наша страна является светским государством, однако, в обществе уже тогда была заметна дискуссия, которая не стихает и сегодня, относительно того, какая или какие религии должны иметь в Казахстане приоритет, которая из них сыграла большую роль в истории. И хотя в преамбуле Закона Республики Казахстан О религиозной деятельности и религиозных объединениях, принятом в 2011 году говорится: «Настоящий Закон основывается на том, что

Республика Казахстан утверждает себя демократическим, светским государством, подтверждает право каждого на свободу совести, гарантирует равноправие каждого независимо от его религиозного убеждения, признает историческую роль ислама ханафитского направления и православного христианства в развитии культуры и духовной жизни народа, уважает другие религии, сочетающиеся с духовным наследием народа Казахстана, признает важность межконфессионального согласия, религиозной толерантности и уважения религиозных убеждений граждан».

Но несмотря на преамбулу закона давняя дискуссия продолжается. И она не безобидна, как на первый взгляд кажется. В нашей республике церковь отделена от государства, а школа - от церкви. Однако религиозные организации пытаются проявлять заметную активность в области образования. Священнослужители и проповедники различных религий желают преподавать «теологию» в средних и высших учебных заведениях по примеру России. А в светском Казахстане в средних школах уже преподаются «Основы религиоведения». Но при этом заметим, что данный предмет в государственной школе должен вести светский педагог, без предвзятости освещающий различные религиозные системы и их культовую практику, а так же концепции свободомыслия. А священнослужитель не может быть преподавателем религиоведения в светской школе, так как он будет пропагандировать свою религию как истинную, а другие – как ложные, тем более он будет предвзято относиться к идеям свободомыслия, потому что он стоит на позициях собственной вероисключительности.

Слабое знание населением основ ислама при сложных отношениях между различными направлениями данной религии, чревато обострением внутррелигиозной и внутривнутриполитической обстановки в республике.

Сегодня среди христиан и мусульман немало фундаменталистов, отстаивающих свою вероисключительность и истинность, негативно относящихся к инакомыслящим. Они не думают о том, что истина только у Бога, а не у человека с его религиозными и политическими интерпретациями и амбициями.

Поэтому в светских учебных заведениях Казахстана при преподавании религиоведения необходимо акцентировать внимание на истории и культовой практике христианства и ислама.

В настоящее время религиозные деятели христианства и ислама стали открывать кружки, школы и высшие духовные учебные

заведения для религиозного просвещения и воспитания своих прозелитов и подготовки кадров духовенства. Например, ДУМК уделяет большое внимание духовному просвещению мусульман. При многих мечетях существуют постоянно действующие курсы для всех желающих получить начальное духовное образование, овладеть арабским языком. На курсы принимают как мальчиков и девочек в возрасте 10–12 лет, так и взрослых. Цель курсов: познакомить верующих с догматикой Ислама, законами шариата, научить читать Коран, понимать его смысл и вести соответствующий образ жизни.

Среднее мусульманское образование дается в медресе, открытых в Астане, Уральске, Актобе, Павлодаре, Шымкенте и Шамалгане Алматинской области. В 2009 году в Алматы состоялось открытие первого в Казахстане республиканского медресе. Юноши после окончания медресе становятся имамами, девушки учатся на учителей, служительниц религии. Высшее образование дается в филиале Египетского университета исламской культуры «НурМубарак» в Алматы.

В 1999 году между Духовными управлениями мусульман Казахстана и Турции подписано Соглашение о подготовке в Республике Турция кадров теологов для ДУМК, помощи в выпуске методической литературы.

Русская православная церковь, как и прежде, также заботится о воспитании подрастающего поколения. Практически при всех церквях открываются церковно-приходские и воскресные школы по изучению основ православия, организованы общественные объединения «Светоч», помогающие верующей молодежи из Казахстана, независимо от их национальности, получать высшее духовное образование в России. В Алматы создан Международный Православный благотворительный фонд «Веди», основной задачей которого является восстановление православной духовной культуры.

26 июля 2010 году открыта Алматинская духовная семинария, где готовятся священнослужители, регенты и преподаватели церковно-приходских школ.

Такие же цели в отношении молодежи Казахстана преследует и Римско-католическая церковь, а также многочисленные протестантские церкви, иностранные миссионерские центры и представители разнообразных нетрадиционных культов.

Размышляли мы с Катыршатовым Шапагатовичем и о том, что стоять на позиции собственной этнической исключительности

также опасно, как и на мнении своей вероисключительности, поскольку она умаляет достоинства других народов, вызывает негативное отношение людей разных национальностей друг к другу, создает межнациональное напряжение, а отождествление этнического и религиозного способствует обособлению народов друг от друга. И потому религиозное противостояние, пропаганда одного вероучения как истинного, богоугодного воспринимались и воспринимаются сегодня как пропаганда, направленная против другого вероисповедания, следовательно, и против другого народа.

А в настоящее время перед человечеством стоит задача не только социально-экономической консолидации, но и осознания духовного единства всех людей.

Наши разговоры с моим учителем привели меня к мысли о написании книги: «Библия и Коран: истоки и параллели», которая увидела свет в 1995 году. Когда она готовилась к печати Катыршат Шапагатович посоветовал мне преобразовать эту работу в докторскую диссертацию: «Параллели Библии и Корана и проблемы этноконфессионального согласия в Казахстане», научным консультантом которой согласился стать мой старший друг и учитель, профессор К. Ш. Шулембаев.

В данном исследовании мы стремились отыскать параллельные места в Танахе, Библии и Коране, а также в священных книгах других религий, чтобы показать единство общечеловеческой нравственности.

Сегодня здравомыслящие богословы иудаизма, христианство и ислама убеждены, что общечеловеческие нравственные ценности были ниспосланы свыше. А поскольку теологи данных религий из числа модернистов считают, что Бог у людей один, то и его нравственные поучения одинаковы для всех людей. Это положение подтверждается сопоставимым анализом текстов священных книг иудеев, христиан и мусульман, который мы провели в нашем исследовании. Его мы проводили для того, чтобы религиозные идеи становились не яблоком раздора, а объединяющим фактором всего человечества.

Я осознаю, что мои успехи в науке во многом достигнуты благодаря Катыршату Шапагатовичу Шулембаеву, его советы и помощь я никогда не забуду. Он был милосердным человеком, по-видимому не случайно, так как его отчество, полученное от имени отца, связано с казахским именем Шапагат, что в буквальном переводе означает «милосердие». Вечная память моему Учителю!

**2 Секция. Дін және геосаясат: жаңа әлемдік ахуалды құрастыру**  
**2 Секция. Религия и геополитика: конструирование нового мироустройства**  
**2 Section. Religion and geopolitics: the design of a new world order**

**ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМНІҢ ЖАСТАРҒА КЕРІ ӘСЕР ЕТУІН АЛДЫН-АЛУДАҒЫ МАҢЫЗЫ**

АБДУЛОВА Р. Б., ДЖАНИБЕКОВА А. М., НЫСАНОВА С. Қ.  
аға оқытушылар, Азаматтық құқықтық пәндер кафедрасы,  
Экономика және құқық факультеті, Х. Досмұхамедов атындағы  
Атырау мемлекеттік университеті, Атырау қ.

Қазақстан Республикасы – тарихы жағынан бай алуан түрлі жинақтаған зайырлы мемлекет, бұл этникааралық және конфессия аралық келісімді және өзара келісімді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мемлекетіміз ұлы цивилизациялардың шоғырланған тұсында орналасқан ел болып табылады. Біздің мемлекетіміз өзге мемлекеттерге қарағанда өзінің ерекшелігімен көзге түседі, себебі біздің мемлекетіміз этникааралық және конфессияаралық келісімді және өзара келісімді қолдайды.

Дінге негізделген экстремизм немесе діни экстремизм – бұл діни тұрғыдан мотивацияланған қызмет, ол арқылы мемлекеттік құрылысты зорлықпен өзгертуге бағытталған немесе билікті зорлықпен алуды көздейді, сондай-ақ мемлекет тәуелсіздігіне және аумақтың тұтастығына қауіп төндіреді. Діни экстремизм – діндегі теріс көзқарастар мен пікірлерді қолдау болып табылады [1]. Мұндай қызметтің негізі болып зорлық-зомбылық, күш көрсету, агрессия табылады.

Экстремизмнің пайда болуының төмендегідей себептері бар деген тұжырым қалыптасқан болатын:

- әлеуметтік-экономикалық тоқыраулар;
- саяси құрылымдардың деформациясы;
- халықтың көпшілік бөлігінің өмір сүру деңгейінің түсуі;
- ұлттық қудалау;
- саяси партиялар мен діни топтар жетекшілерінің көзқарастары.

Қазіргі заманғы зайырлы мемлекет үлгісінің негізінде адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына байланысты

құқықтық мәселелерді теократикалық мемлекеттерден өзгеше түсінік бар. Бұл жердегі ең бастысы – діннің мемлекеттен ажыратылу қағидаты. Осы үлгідегі саяси-құқықтық мағына мынаны білдіреді:

– ар-ождан бостандығы – ол тек діни таңдау бостандығы емес, одан кеңірек – дүниетанымдық, соның ішінде діни емес таңдау. Осы таңдау құқығын мемлекет азаматқа қалдырады және оның шешімін қабылдауға, оны қорғауға міндеттенеді;

– мемлекет азаматтармен қарым-қатынастарда олардың діни көзқарастарына емес, оның азаматтық-құқықтық жағдайына сүйенеді. Осылайша, азаматтық қағидатты бәрінен де жоғары қояды.

– мемлекет іс жүзінде барлық діндер мен азаматтардың құқықтық теңдігін жүзеге асыруға ұмтылады. Осы қағидат дүниетанымдық бірлік негізінде азаматтармен құрылған қоғамдық бірлестіктерге де таралады.

– діндер (әлеуметтік институттар, көпшілік-құқықтық қатынастардың субъектілері ретінде) мемлекеттік саясатты (діни нанымдарына байланысты емес барлық азаматтарға қатысты саясат) жасау мен жүргізу барысынан аластатылады. «Діни мәселе» саясаттан қоғамдық өмірге, азаматтардың жеке өмірі салаларына өтеді.

– мемлекет өзінің ішкі және сыртқы саясатындағы тұжырымдамалық негіздерде діни-теологиялық қағидаттарға сүйенбейді және олармен басшылық жасамайды.

– мемлекеттік және діни құқықтар бір-бірінен ажыратылады [2]. Қоғамдық-құқықтық және азаматтық салалардағы мәселелерді шешуде біріншінің үстемдігі жарияланады. Діни құқықтың әрекет ету аясы негізінен діни институтпен шектеледі.

Діни бірлестіктерге мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметтері мен міндеттері жүктелмейді. Мемлекеттік құрылудың зайырлы бейнесі қамтамасыз етіледі.

Діни сенім бостандығы [3] - адамның жеке өзі немесе басқалармен бірге кез келген дінді ұстануға, еркін таңдауға, діни сенімде болуға және тарқатуға, соған сәйкес әрекет етуге құқықты адамның негізгі жеке бостандықтарының бірі. Көп ұлтты елде түрліше конфессиялардың, діни сенімдердің бар болуы, бұл конституциялық норманы ерекше маңызды етіп көрсетеді.

Қазақстан Республикасы әрбір адамның наным бостандығы құқығын құрметтейтін демократиялық, зайырлы мемлекет болып табылады [4], азаматтар діни сеніміне қарамастан тең құқылы, Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетін діндердің

мәдени және тарихи құндылығын және конфессияаралық келісімнің маңыздылығын, діни төзімділікті және азаматтардың діни нанымдарын құрметтейді.

Елімізде қабылданған Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заң адам құқықтары туралы халықаралық актілер мен келісімдерде баянды етілген азаматтардың діни сенім бостандығы жөніндегі құқықтарын іске асыруға кепілдік береді.

Аталған Заңда Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратынын, әркімнің ар-ождан бостандығы құқығын растайтынын, әркімнің діни нанымына қарамастан тең құқылы болуына кепілдік беретінін, халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өмірінде ханафи бағытындағы исламның және православтық христиандықтың тарихи рөлін танытынын, Қазақстан халқының діни мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтінін, конфессияаралық келісімнің, діни тағаттылықтың және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танытынын негізге алады деп жазылған.

Заңның қойып отырған талаптарына сәйкес, Қазақстан Республикасының, сонымен қатар басқа мемлекеттердің азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар кез келген дінді еркін ұстануға немесе ешқайсысын ұстанбауға құқылы, құдайға құлшылық жасауға, діни жоралар мен рәсімдерге, дінді оқып-үйренуге қатысуға немесе қатыспауға оларды күштеп мәжбүр етуге жол берілмейді.

Өз кезегінде, діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы Заңның сақталуын бақылауды және қадағалауды Қазақстан Республикасының атқарушы өкімет органдары, прокуратура және басқа да құқық қорғау органдары заңдарда белгіленген өз құзыретіне сәйкес жүзеге асырады [5].

Қазақстан Республикасында мемлекеттің зайырлылығын көрсететін мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы қарым-қатынастарды реттеудің бірнеше формалары қалыптасқан немесе мемлекеттің діни қатынастарды бірізділікке түсірудің бірыңғай бағдарламасы қамтамасыз етілген және табысты түрде іске асырылуда.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Сарсембаев М.А. Мусулманское право. Алматы, 1999 г.

2 Баишев Ж. Общие принципы исламского права, теория доказательств и система наказания. А-1996г.



3 Сюкияйнен Л.Р. Шариат и мусульманско-правовая культура. М., 1997.

4 Филлипова М.И. Общественные функции ислама в современном американском исламоведении. М., 1989.

5 Сарсембаев М.А. Международно-правовые отношения государств Центральной Азии. Алматы, 1995.

## КЕҢЕС ДЕУІРІНЕ ДЕЙІНГІ ИСЛАМ ДІНІ АРҚЫЛЫ ДАМЫҒАН ТАРИХИ БІЛІМ

БЕРЛІБАЕВ Б. Т.

т.ғ.д., профессор, Алматы энергетика және байланыс университеті, Алматы қ.

Зерттеуші С. Садуақасов Кеңес деуіріне дейінгі Қазақстандағы оқу-ағарту тарихын үш кезеңге бөледі:

1. Қазақстанға сарттар мен башқұрттар және татарлар арасынан келген молдалар арқылы іске асырылған діншілдікті баса уағыздайтын ғылыммен байланыссыз ағарту кезеңі, немесе Қадим кезеңі;

2. Дін жолында болғанмен ғылыммен біршама байланысты жәдиттік кезең;

3. Орыс-түзем школы [1]. Бұның негізін қалаған еуропа жиһангерлеріне еліктеп, Иван Грозныйдың отаршылдық саясатын қолдаған орыс жиһангерлері. Егер Иван Грозный заманындағы ағарту ісінің өзегі дінге сүйену болса, орыстың революционер демократтарынан басқа патша жақтастары Романовтар әулеті биліктен кеткенше, Иван Грозныйдың ізін жалғастырып, қазақ ұлтын шоқындыруды өздерінің басты мақсаттарына айналдырып келді. Ол үшін «ислам дінінің ықпалынан мектеп оқулықтарын қорғау», араб әліпбиін орыс графикасына ауыстыру, т.б. мәселелермен айналысты. Мысалы, Қазан қаласындағы Діни академияның (1842) «Аудармашылар комитеті» (1847) православие шіркеуінің 307 діни кітабын шығыс халықтарының тіліне аударып, бастырып шығарды [2].

Дегенмен, орыс миссионерлері ХІХ ғасырдың ортасына дейін Қазақстан өлкесінде өз талап-деңгейінен шығатын екі-ақ мектеп аша алды: 1) 1841 жылы Бөкей ордасында ашылған бастауыш мектеп; 2) 1850 жылы Орынбор шекаралық комиссиясының жанынан қазақ балаларын оқытуға арналған жеті жылдық арнаулы мектеп [3].

Осы Орынбор мектебінде алғашқылардың бірі болып, білім алып шыққан қазақ халқының тұңғыш ағартушысы Ы. Алтынсарин 1871 жылғы 31 тамызда Н. И. Ильминскийге жазған хатында орыс алфавитін ендірудің қиыншылықтарын ескертіп, қазақ жастарын білімге тартудағы араб әрпімен жазылған кітаптардың жетекшілік мәнін көрсете келе былай дейді:... «кітаптарды асықпай бірақ алған бағыттан қайтпай, қазақтың өз тілінде, олардың өздеріне таныс әріппен шығара білу керек. Сөйтсек, ол кітаптарды жұрт бірден қолға алып оқып, бұл кітаптар татар кітаптарымен қатар, зор күш болар еді. Бұл арада әріптің арапша не орысша болуы - арап әрпінің ептеген зияны болғанымен, ісімізге онша кесел келтірмейді. Ал арап әрпінің ол зиянынан құтылуға болады. Міне менің шын пікірім осы» [4, 278-279-бб.].

Бірақ Ы. Алтынсариннің бұл ұсынысын Н. И. Ильминский де, сол кездегі оқу министрі Д. А. Толстов та, қасиетті синоттық статс-секретары К. П. Победоносцев те қабылдамаған. Өйткені олардың түпкі мақсаты, Н.И. Ильминскийдің өз сөзімен айтқанда: «Обрусение инородцев и совершенное слияние их с русскими по вере и языку – вот конечная цель, к которой должна стремиться в система инородческого образования в крае» [4, 17-б.]. Ал министр Д. А. Толстовтың пікірі осыны айғақтай түседі. Ол айтады: «Біздің отанымызда тұратын барлық бұратаналарды оқытудағы түпкі мақсатымыз оларды орыстандыру және орыс халқымен мидай араластырып жіберу болып табылады» [5]. Сондықтан Ы. Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясын» орыс харпімен жазып шығаруға мәжбүр болған. Кейін бұл кітап 1889 жылы Қазан қаласында Ы. Алтынсарин өзі арман еткен арап әрпімен қайта басылып шығып, ел ішінде кең тараған [6, 188-б.]. Демек, бүгінгі күні кейбір авторлар айтып жүргендей, Алтынсарин жазып шығарған оқулықтар оның өзінің ұсынысымен орыс харпінде берілген жоқ [7, 85-б.].

Ал патшалық және кеңестік әдебиеттерде арап әрпімен оқытқан мұсылман мектептері діни мекеме ретінде ғана қарастырылып келді, оның білім беретін мекеме ретіндегі рөліне көңіл бөлінбеді. «Мектептердің жергілікті халықтың сауаттылығын қалыптастырудағы рөлін теріске шығару, – деп жазды профессор П. Г. Ким, – ғылымдағы тарихилық принципті бұзу. Бұл рөлді білмейінше, мұндағы (Түркістандағы) Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы да, одан кейінгі де мәдени құрылысты диалектикалық тұрғыдан түсіндіріп беру мүмкін емес» [8].

Ұлы Дала Еліндегі медреселердің пайда болуы мен даму тарихына келсек, ол да ислам дінінің таралуымен және мешіттер салынуымен тығыз байланысты. Бастапқыда мешіттер салынып, кейіннен олар оқу орнына айналды, қосымша бөлмелер, аудиториялар тұрғызылып, осылайша медреселер қалыптаса бастады. Олардағы оқу үш сатыға – төменгі (бастауыш), орта және жоғары сатыларға бөлініп, 9-12 жылға созылды.

Медреселердегі оқу бағдарламаларына пәндердің мынадай топтамалары (циклдары) енген: 1) арап тілі – грамматика, морфология, синтаксис, этимология, арап риторикасы, арап тарихы, құран оқу туралы ғылым және мәдени-ғылыми пікірсайыстар; 2) дін ілімі мен заңтану – құранның мазмұны мен маңызы, құқық, діни ережелер, мұраны бөлу тәртібі туралы ілім, заңтану негіздері; 3) философия, логика, математика, география, астронмия, химия және жаратылыстану ғылымы [7, 43-44-бб.]. Жоғарыда айтқандай, Ы. Алтынсариннің замандасы Құрбанғали Халиди (1846-1913) өзінің бастапқы білімін Аягөз медресесінде алып, Семей медресесінде оқуын әрі қарай жалғастырған. Оның есімін жұртшылыққа танытқан және оны тарихшы – ғалым ретінде көрсеткен «Тауарих-н Хамса-и Шарқи» атты кітабы болды. Бұл туынды қазақ халқының тарихын, этнографиясын, мәдениеті мен әдебиетін зерттеп білуге қосылған елеулі еңбек болып табылады [6, 194-196-бб.].

Сөйтіп, халық қалауымен исламдық дін жолымен келген білімді өзгертуді христиан діні арқылы іске асыра алмаған орыс ағартушылары дәстүрлі әріпті орыс алфавитіне ауыстырып, қазақтардың тілін бұзуға барынша кірісті. Яғни миссионерлік әрекеттерді жүргізудің халық ағарту саласындағы орыстық саясаттың негізі дәл осы болатын. Ал миссионерлік дегеніміздің өзі өзінше рухани соғыс. Мұндай соғысты бастаушылар жоспарларын, тұжырымдарын ешуақытта жарияламайды. Олар үшін бұратаналар орысша сөйлегенде жаңылысып, қызарып, берекесі кету керек те, жазғанда қате жіберіп, осы қылықтары үшін тіпті төменгі орыс бастықтардың алдында үрейленіп, қорқып тұру керек. Өйткені бұрынғы арап жазу таңбасын орнықтырған түркі халықтары бірін-бірі оқып түсіне алатындықтан өз араларында ұлттық рухани тұтастықты сақтап қалған болатын. Міне осыдан қауіптенген Ресей империясының алысты көздеген отаршылдық саясаты орыс таңбасын жазу үлгісіне ендірмейінше, қазақ халқының өткен тарихы мен ұлттық дәстүрлерінен қол үздірмейінше, оларды рухани құлдыққа түсіре алмайтынын білді. Бұның өзінде қазақ балаларының

сауатын ашу – бастауыш білім берумен шектеліп, жалпы орта білім беретін оқу орындарында орыстан басқа ұлт өкілдерінің санаулы бөлігі ғана оқыды. Ал Ұлы Дала Елі аумағында көпке дейін ұлттық орта оқу орындарының мүлде болмауы қазақтарды өз балаларын орыс орта оқу орындарына беруге мәжбүр етті.

Соған қарамай, XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ балаларының негізгі дені мұсылман мектептері мен медреселерде оқыды. Патшаның үкімет органдары бұған мүмкіндігінше тосқауыл қоюға тырысты. Айталық облыстық мектептер мен медреселерде балаларын оқытқысы келетіндердің оқу орны бастықтарынан арнайы рұқсат куәлігі болмаса, тиісті шаралар қолданылды: бірінші жолы – 10 екінші жолы – 30 сом айыппұл алынып, үшінші ретте 15 тәулікке қамауға алынды да одан әрі балаларын мұсылман мектептерінде оқытуға тыйым салынды [9]. Осындай шектеулерге қарамастан, Ұлы Дала Елінде, әсіресе ислам дінінің ықпалы күшті болған оңтүстік облыстарда мұсылман мектептеріндегі білім беру ісі жүргізіле берді. Бір ғана Сырдария облысында 1892 жылы 27082 оқушысы бар 1497 мектеп пен 35 медресе, 1895 жылы 28898 оқушысы бар 2409 мектеп пен 34 медресе болса, 1891 жылы Жетісу облысында 12510 оқушысы бар 64, 1897 жылы – 12835 оқушысы бар 88 мектеп пен медресе жұмыс істеді [10]. Ислам негізіндегі осындай оқу-білім ірі қалаларда да жалғасын тапты. Мұндай жағдай 1905-1907 жылдары бірінші орыс революциясының қарсаңында кең құлаш жойып, қазақтар өз балаларын негізінен Уфа, Қазан, Троицк, Орынбор сияқты қалалардағы татар мектептері мен орта мектеп болып есептелетін медреселерге оқуға жіберді [11, 19-20-бб.]. Сол кездегі қазақ қоғамының көптеген интеллектуалдық топтары осы ортада қалыптасты. Мәселен, біз I мемлекеттік Думаның депутаты Шахмардан Қосшығұловты мысалға келтіре аламыз [12, 678-б.]. Демек, революциялық оқиғалар кең құлаш жайған (1910 ж.) жылдарға дейін мұсылманша білім беру ісіне патша үкіметі тарапынан қатаң шектеулердің болмауы мұсылман мектептерінің мейлінше дербес жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызды. Сөйтіп, қазақ халқының ықтиярымен орныққан алғашқы білім жүйелері өзінің ислам дінінің ықпалымен қалыптасқан келбетін Кеңес дәуіріне дейін сақтап келді.

Сонымен, сонау VIII ғасырдан ислам дінімен бірге келген білім беру ісі өз дәрежесінде халықтың сауатын ашумен айналысып, қазақ қоғамының дәстүрлі мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдесті. Мұсылмандық мектептер мен медреселерде халық дәстүрлері,

этнопсихология, дәстүрлі әдебиет өз дамуын тауып, халықтық сана-сезімді орнықтырудың негізіне айналды. Осы арада қазақтың ұлы ақыны, ағартушы және ойшыл Абай өзінің алғашқы білім алуын ауыл мектебінде бастап, Қамали қазіреттің мешіті жанындағы медреседе жалғастырғанын еске түсірсек, мұсылмандық білім мекемелерінің сындарлы оқыту жүйесі болды, әрі Кеңес дәуіріне дейінгі мектеп, медреселер қазақ халқының сауаттылық деңгейін белгілі бір дәрежеде көтере алды деген қорытынды жасауға тура келеді. Бұл жөнінде зерттеуші А. Н. Красновтың XIX ғасырдың соңына қарай айтқан мына бір сөзі біздің пікірімізді қуаттай түседі. Ол айтады: «Дала тұрғындары арасында орысша оқитындар аса сирек кездеседі, жаза білетіндер мүлде жоқ деуге болады. Оның бер жағында Верный қазақтарының 25 % арапша оқи білді» [13, 463-464-бб.].

Демек, осы дәлелдер күні кешеге дейін «қазақ көшіп-қонбалы өмір сүрген, онда білім де, қала мәдениеті де болған жоқ» іспетті түсінік үстемдігін санамыздан аластауға көмектеседі. Сондай-ақ, «қазақтың көзін 1917 жылғы қазан төңкерісі ғана ашты, оған дейін елдің 2-ақ пайызы сауатты болған» деген қасаң қағиданы ұран етіп көтерген кеңестік дақпыртты біздің елімізде мұсылман оқу-білім жүйелерінің болғандығы жоққа шығарады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Садуақасұлы С. Таңдамалы. – Алматы: Біріккен қазақ-монғол «Ахтан» кәсіпорны, 1993. – Т. 2. – 209-210 бб.
- 2 Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. – Алматы, 1999. – Т. 2. – 496 б.
- 3 Алексеенко Н.В. Население дореволюционного Казахстана. – Алма-Ата, 1981. – 94 с.
- 4 Алтынсарин Ы. Н.И. Ильминскийге жазған хат // Таңдамалы шығармалары. – Алматы, 1955. – 414 б.
- 5 Распоряжения Кирсовнархоза. Кирбюро ВЦПС и обкома по линии ФЗУ-ПОР на 1924-1925 учебный год // ЦГА РК. Ф. 81; Оп. 1, Д. 1036, Л. 10.
- 6 Ұмытылмас есімдер / Құраст. Б. Ысқақов. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 224 б.
- 7 Пірманов Ә., Қапаева А. Қазақ интеллигенциясының қалыптасу тарихы. Монография. – Алматы: Атамұра, 1997. – 160 б.
- 8 Ким П.Г. Неграмотность в Туркестане. Миф и факты языком документов // Правда Востока. – 1991. – 13 мая.

9 О введении в Тургайской области нового типа передвижных аульных школ // ЦГА РК. Ф. 25; Оп. 1, Д. 3804, Л. 252.

10 Сәбитов Н. Мектебы и медресе у казахов. – Алматы, 1950. – 16-17 бб.

11 Учебные планы и программы по всем предметам ВУЗов, педагогических техникумов и др. // ЦГА РК. Ф.81; Оп. 1, Д. 1092, Л. 317.

12 Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінгі күнге дейін. Бес томдық. – Алматы: «Атамұра» баспасы, 2002. – Т. 3. – 768 б.

13 Краснов А.Н. Очерки быта семереченский казахов // Известия Русского географического общества. – 1887. – Т. 3. – С. 463-464.

#### RUSSIAN ORTHODOXY AND EURASIANISM

IVANOV I. I.

PhD, assistant professor, Sofia University «St. Kliment Ohridski», Sofia

The following article analyzes the narrow connection between the Russian Orthodoxy and the Eurasian political ideology. It is a specific connection, which proves that there is a significant relationship between religion and politics. This relationship always has important consequences for the political life in every country. It has also a huge impact on the philosophy of the political elite and its actions. Last, but not least, such relationship has a great importance for the cultural profile of the society and its model of political participation. In other words, if one is to understand the religion – politics connection, one must study all its aspects. The main purpose of this article is to analyze the historical relationship between the Russian Orthodoxy and the Eurasianism. The main thesis of the article is that «Russian Orthodoxy – Eurasianism» connection is a typical «religion – politics» connection. As such, it has the specific features, mentioned before. In order to prove its thesis, the article will try to reveal which are the main aspects of this connection. The research will be provided, by using the qualitative historical methodology and by analyzing empirical information from a historical perspective. Finally, the article will make a conclusion about the specific features of the relationship between Russian Orthodoxy and Eurasianism.

First of all, it is important to notice that Eurasianism is based on the philosophy of the «Slavophonism» – an intellectual movement, which in

fact is the predecessor of the Eurasian ideology. Slavophonism is strongly connected with the Russian Orthodoxy, because of the Leontiev's theory. Konstantin Leontiev is a Russian philosopher, who believed that Western Liberalism is the biggest threat for the Russian Orthodoxy [1, pg. 28]. Leontiev also insisted that the Liberal ideology is not an authentic ideology, because it replaces God's anointed – the czar as a source of the political order. This ideological change has grave consequences for the Russian society and its religious values, because it motivates the revolutionary movements to overthrow the monarchy. Leontiev claims that the only way to stop the coming Revolution and the collapse of the Russian Empire is by using Russian Orthodoxy as a weapon against the Western Liberal values. In other words, Russian Orthodox Church must accept its role as a tool in the hands of the monarchy. It has to preserve and protect the Orthodox tradition of the Empire and to unite all Orthodox Christians in Russia. Moreover, this unification can be used as a basis of another, bigger Panslavic union, which will unite all Orthodox Slavic nations under the protection of the Russian Orthodox Empire. It is important here to emphasize that Leontiev points out as a common feature between the Orthodox nations not only their religion, but also their Slavic origin. Leontiev's theory does not include other non-Slavic Orthodox nations such as Greeks and Romanians for example. It includes mainly Serbia and Bulgaria. It seems that he apprehends the Russian Orthodoxy as a pillar of the Russian culture and political regime and as a useful foreign policy instrument.

The Russian Revolution starts fifteen years after Leontiev's death. The followers of the Slavophonic movement left their home country Russia. They became a part of the White Emigré and began to develop their ideas. It is important to notice that Eurasianism has three main stages of development: Classical Eurasianism, Gumiyov's Eurasianism and the Neoeurasianism of Alexander Dugin [2, pg. 12]. The first stage includes the political ideas of the founding fathers of the Eurasian ideology. Russian Orthodoxy plays a significant part in their doctrines. The article will analyze several ideological aspects, which prove that there is a real example for a «religion – politics» connection in the political thought of the Eurasian founding fathers.

The first aspect is the rebirth of the «Third Rome» doctrine. According to this doctrine «two Romes has fallen, one stands» – Moscow. In other words, the old Rome has fallen, because of heresy, the second Rome (Constantinople) – because of the Turks, only Moscow stands as the only capital of an Empire [3, pg. 151]. This aspect represents Russia

as a rightful heir of the Eastern Roman Empire – Byzantium. This idea was very popular among the founding fathers and it was often used by Nikolai Trubetzkoy, who wanted to prove that Moscow is the center of the Orthodox world. According to him, through the centuries, Russia has managed to combine the political model of the Golden Horde and the Orthodox legacy of Byzantium. Thus, this mixed model must be preserved even in USSR [4, pg. 4]. Moreover, Trubetzkoy believed that Russian Orthodoxy gives a special, metaphysical mission of Russia – to unite once again the Mongol Empire of Chingiz Khan.

сунниттік мектептің біріне жатады. Ол Мазхабиб деп аталып аббасидтер кезеңінде негізгі қаланды. Аббасидтер билігінің басталуындағы маңызды мәселерді айта отырып, бұған дейінгі кезеңдегі ең жоғарғы өз шешімін тапқан мәселесі – шариаттың әртүрлі элементтерінің, факторларының бірігіп, біртұтас шариатты құруға қосқан үлестерін атап айтуға болады. Осының барлығына қарамастан шариат Құран мен Суннаға негізделеді. Ол мұсылманның бірнеше кезеңдерінде практикада кеңінен қолданылған болатын. Құранның нақты және түсінікті шумақтарын Пайғамбар және оның ізін басушылары қоданылуы қажет болды. Бұл да пайғамбар мен суннаға негізделді. Бұл ізбен бұдан кейінгі мұсылмандар да жүруі тиіс болды.

Шариатты дұрыс түсіну үшін Құранның ролін дұрыс түсіну қажет. Әділдік, коммерциялық қатынастарда сенімділіктің болуы, соттардың сатылуы діни этика ретінде қарастырылған. Құран өз талаптарын орындамағаны үшін құқықтық қудалаушылықты көздемейді яғни жария құқықтың саласындағыдай арнайы жағдайларды атап көрсетпейді. Құран: «адамның іс-әрекетінің нәтижесінде пайда болған жағдайларды және оның сана сезімі мен өлмейтін аруағын кеңінен қарайды». Қысқаша айтқанда Құран адам мен жаратқан алла тағаламен тығыз байланысын реттеу негізгі міндеті болып табылады. Бұл жерде адам мен адам арасындағы қатынасты реттемейді. Сондықтан Құран заң жинағы мен құқықтық әдебиет емес және бұл ролге таласпайды. Бұл негізінен алла тағаланың еркімен адамзатқа бағытталған қасиетті, адамдар үшін ашық, түсінуге болатын кітап болып табылады. Бірақ құранды исламдық құқықтық жүйенің қалыптасып дамуына өз үлесін қоспады десек үлкен қате болар еді Біріншіден, құранның 6.219 аяттарының 500-дей заңдылық элементтері бар, бұның көбі діни белгілерге негізделеді. Сондықтан заңдылық мәселелерге құранның 80- аяты ғана қатысты. Екінші жағынан осы 80-аят барлық қорытынды мәселелерге негізделеді, барлық аяттар да құқықтық мазмұнды болып келеді.

Құранның ерекшелігі сенуші мұсылмандарға шариатты тікелей қайнар көзі ретінде Алла тағаланың ерікті діни мазмұны тұжырымдамасы деп түсіндіруде үлкен ролі бар. Бұдан барлық құқықтық қайнар көздер мен технологиялар сонымен бірге шариаттың жекелеген жағдайлары Құраннан бастау алатындығы немесе оның жағдайларына сәйкес келетіндігін аңғару қиын емес. Шахтың жобалауынша «Жай тәртіптерден басқалары яғни барлық

нормалар Құраннан бастау алады және шариатқа екінші кезеңнен бастап енгізілген болатын». Бұл тұжырымдамадан Құранның тәртіптері басынан бастап оның реттейтін салаларында толық қолданылмады деген түсінік қалыптасуы қажет. Шахт пен басқа да ғалымдардың атап көрсетуінше құранды қолдану яғни құқықтық қайнар көз ретінде қолданудың тәртіптері бар. Мысалы Құранда жанұя құқығы мен мұрагерлік әрқашанда қолданылған. Сондықтан да Құранға қалыптасқан жағдайларға байланысты Судьяның сілтеме жасамауының белгісі. Құран аяттарында белгілі бір жағдайға қатысты қажетті аятты таба алмауымен байланыстырылады. Керісінше, Құранға көптеген сілтемелер жасау кезеңі Ислам дамуына үшінші мыңжылдығына көптеп кездесті және ол құран түсіндірмелерінің құқықтық бағдарлама мен бұл кезеңдегі шариат дамуымен тікелей байланыстылығын көрсетті. Құранды шариаттың қайнар көзі ретінде қолдануға байланысты әртүрлі көзқарастар айтыла бастады. Мұндай жағдайларда Құран аяттарын қолданудың тиімділігі де сөз болды. Нақты бір мәселелер бойынша Құран жағдайларын қолдану шариаттың қағидаларының тиімділігін иджма қағидасын қолдануды атап көрсетті. Осы кітап қағидасында паск қағидасы ерекше назарда болып отыр.

Қазіргі заманғы Ислам зерттеушілері арасында Суннаның пайда болу тұжырымдамасының нақты уақыты мен бұған дейінгі мұсылмандық әдет-ғұрыптардан Суннаның ерешелігі туралы пікірталастар қалыптасуда. Кейбір ғалымдар, мысалы Джозеф Шахт былай деп есептейді: «Сунна деген тар мағыналы түсінік салыстырмалы түрде пайда болды». Ал фазлур Рахман былай деп есептейді: «Мұндай тұжырымдама бұрыннан бар, ерте кезден бастап қолданылған». Бірақ, шариаттың екінші қайнар көзі ретінде Суннаға Исламның екінші мыңжылдығы аяғында қол жеткізілді. Исламның бірінші ғасырында Сунна термині Пайғамбардың Суннасы деген түсінікпен енген болатын, одан кейін жекелеген мұсылмандар мен толық қоғамдағы әдет-ғұрыптар түсінігі болып қалыптасты.

Мұндай кең мағынада Суннаның қолданылуы пивалят идеясына қайшы келмеді. Ол ауызша әдет-ғұрып. Мұнда дінге сенушілерге Пайғамбардың жүріс-тұрысы, тәртібі туралы айту. Ол Ислам тарихының ең басында пайда болды. Фазуль Рахманның айтуынша. «Пайғамбар мен оның ізін басушылардың ара-қатынасының өзі Пайғамбардың Суннасын жазушылар мен жинаушы ғалымдардың тапсырмаларын қиындатып жіберді. Олар тек Пайғамбардың өзінен шыққан Суннаның элементтерін басқа Пайғамбар шәкірттерінің іс-әрекеттерін бөліп қарастыруды мақсат тұтты» [5].

Исламның екінші ғасырынан кейін ғана Пайғамбар Суннасы шариаттың бірден-бір қайнар көзі ретінде анықтаушы рөлге ие болды. Маңызды мәселе – Суннаның нақтылығы, құбылыс жағдайлары, олардың берілу тәртібі болып отыр. С. Дж. Весей-фитцджеральданың сөзінен осы кезеңдегі Суннаның анықталу қажеттілігі мен фабрикациялау феноменін түсінуге көмектеседі.

Барлық мұсылмандық және батыстық ғалымдар нақ сол кез әдет-ғұрыптарды жалпылама фабрикациялау кезеңі болғанын мойындайды. Мұндай жасанды Суннаның пайда болу қауіптілігі Исламның ерте тарихи кезеңінің тәжірибесінен жақсы мәлімет болды. Басында мұндай құбылыс ешқандай қауіп тудырмайды, яғни қауіпсіз болды. Барлық шәкірттер Пайғамбарды жақсы білетін тығыз араласатын адамдар болды. Олар психологиялық жағынан алғанда бұлардың көзқарастары Пайғамбардың көзқарастарымен сәйкес келетіндігіне сенімді болды. Тек ең әдіс ойлар ғана қабылданды. Сондықтан факт пен ой сана арасындағы шектен шықпай қажеттігі туындады. Сонынан көптеген әдет-ғұрыптар өмірге келе бастады. Олар Исламның ерте кезеңіндегі сұрақтарға жауаптар іздеп одан кейінгі кезеңдерде пайда болған мәселелерге шешім іздеді.

Сунна түсінігі Пайғамбар суннасы деген мағынаға ие болғанан кейін оның ізін басушылардың «әдет-ғұрып тіршілігіне» төменгі статус берілген болатын. Бірақ ол шариаттың үшінші қайнар көзі иджма ретінде өз мақсатын сақтап қалды. Бұл үшін логикалық негізден басқа мұсылмандық құқықтанушылар Сунна иджма қағидасы шариаттың қайнар көзі ретінде қолдады. Пайғамбардың айтуынша: «Халық өзін-өзі тани алмай жүргенде ол ешқашан бірікпейді». Иджманы қолдау оның беделі туралы құранның 134: 115 аятында айтылған Иджманы қолдану тәсілдері мен салаларын анықтау барысында бірнеше келеңсіз жағдайлар туындайды. Бұл қағида шариаттың дамуына ықпал етті. Ол тек шариаттың қайнар көзі ретінде ғана емес, Құран мен Суннаның және оның трактатының дұрыстығын анықтау тәсілі ретінде де маңызға ие болды. Құранның бастапқы жазбалары одан кейінгі Сунна компеляциялары осы Иджма негізінде жүзеге асырылған жағдайда ғана шындыққа жалғасады деген түсінік болды. Сонымен қатар осы айтылған консенсус (иджма) негізін бүкіл қоғам мойындады. Мұндай жалпы халықтық көзқараспен табылуынан ол қателеспейді.

Иджма – шариаттың бірден-бір көзқарасы ретінде ерте кезден бастап танылса да оның қолданылу салалары мен әсері қарама-қайшы түрде жүзеге асырылды. Иджманы не құрайды? Жалпы өзара



келісім мен толық бірінғай көзқарас талап етіле ме немесе кейбір сұрақтар иджманың пайда болу табиғаты мен оның қолданылу саласы көптеген қайшылықтардың қайнар көзі болды.

Осы және басқа да сұрақтар арасындағы қайшылықтар тәсілдерінің дұрыс еместігінде болды. Мұндай қайшылықтар ғалым құқықтанушыларға консенсусқа қол жеткізуге дұрыстығын тануға кері әсерін тигізді. Қазіргі заманға сәйкес ұйымдар мен қозғалыстардың байланыстардың т.б. пайда болуымен процедуралық сұрақтар проблема болудан қалды. Бірақ қол жеткізу проблема болып отыр. Мысалы: Иджманы жалпыға міндетті етуге кім құқылы немесе бұрынғы Иджманың одан кейінгі ұрпақтың заманындағы Иджманың Бір-бірімен байланысы қандай деген мәселелер туындап отыр.

Кийасты қолдана отырып, заңгерлер мынадай тұжырымға келеді: «олардың қарастырып отырған жағдайы оларға қатысты жалпы мінездемесі «негіз» деп аталатын прецедентке және оның қағидаларына негізделеді». «Илла» анықтамасы немесе негіз қазіргі прецеднт немесе бұрынғы тәртіп мұның барлығы құқықтанушылардың көзқарасына байланысты болады. Мұнда қағиданы Кийас жоққа шығарады. Себебі ол шариатты адамның пікірталасына ғана тәуелді болуы керек деп есептеген. Мұндай айыптаудан мынандай жағдайларда құтылуға болады. Егер де Кийасты шариаттың бір немесе басқа да көзқарастары, қайнар көздері белгілі бір шешім қабылдауда шариаттың қағидалары мен тәртіптеріне сәйкес келмеген жағдайда жол беріледі. Бірақ осыған қарамастан Кийас иджихадпен тығыз байланысты. Оны шариаттың тәуелсіз қайнар көзі деп таныды. Осылайша, жаңа соттық істерде шешім шығару яғни қандай да болмасын жаңа шешімді ерте шығарған қағидалар мен шариаттың тәртіптерін қолдану арқылы шығару. Бұл жағдайда Иджихадты қолдану қажеттігі туындамайды.

Шариаттың қайнар көздері мен қатар қосымша техникалар қатарында истихсан, истихслах немесе маслаха, истихаб, даруна және урф жатады. «Истихсан» нақты аудармасы «Қалаулы конструкция». Бұл концепция хитастық қатаң принципіне қолданылып жүрген және пайдалы және қауіпсіз әдет- ғұрыпты алып тастауға жол бермеу және ыңғайсыз жағдайға душар қылдырмау болды. Бұл түсініктің тағы бір аудармасы: «заң қалауы». Заңгерлер Кийас орнына басқа шешімді қалауы мүмкін. Истихсан термині Кийас терминіне қарама-қарсы түсінік болды. Ол Малика және Абу Юсуфа 8-ғ. екінші жартысындағы еңбегінде көрініс тапты.

Әдеттегі Кийасқа басқа да себептер мен қайшылықтар келтірулердің заңдарда көрініс табу тәсілдері.

Шафин мен оның шәкірттері Истихсанды мойындамады. Себебі ол аяқ асты шешім шығарушыларға жол ашады. Осы кезде бұл техниканы жақтаушылар негізінен халифаттар мектебіне жатады. Бұл принципті қалыптасқан жағдайға, іске байланысты шешім шығаруға және жалпы мойындалған дәрежеде санкцияланған рекеттер жасауға жол ашады деп түсіндірді. Истихслах немесе маслаха Истихсан техникасымен тығыз байланысты. Сондықтан оларды шатастыру да мүмкін. Бұл екі техникада құқықтық шешім шығарудың жай және белгілі тәсілдеріне қарсы тұрады. Бірақ, Истихсан Истихслахқа қарағанда ерте кезеңге жатады. Ал-Газали маслаханы былай деп анықтады: заң мақсаттарды жүзеге асыру үшін қажетті; соның ішінде: дінді сақтау, өмірді сақтау, ойлаудың ашықтығы, жеке меншікті, ұрпақ қалдыруды ойлау, қабілетін жетілдіру т.б. Ал-Газалидің мәлімдеуінше, мұндай мақсаттар құқықтық мәтіндерге сай болады. Осы кезде маслаха айналып келгенде ол Кийаспен сәйкес келеді. Маслаханың күші тек сенімі және қатесіз тұжырымдар мен қоғамға қатысты ой-пікірлер қалыптасқанда ғана болады. Басқа жағдайларда Истихслахты қолдануға жол берілмейді. Сондықтан Истихслах немесе маслаха тұжырымдамасы ағылшынның «Қоғамдық мақсаттылық» пен «құқықтық саясат» өте ұқсас. Екі мұсылмандық заңгерлердің Истихслах немесе маслаха тәсілін қолданудағы салыстырмалы көзқарастарынан бұл екі тұжырымның қазіргі заманғы құқықтық реформа жасау үшін мүмкіндігі зор екендігін байқауға болады. Ибн Таймийа бұл тұжырымға былайша қарады: шариаттың өзі маслаха жазылған болса нормаларын бұрыннан қамтыған. «Егер адамдар бір қағидаларында маслаха жазылған болса, онда ол маслаха шаоиааттың ішінде бар. Оны тек табу қажет немесе ол ойдан шығарған маслаха да болуы мүмкін. Мұндай маслаха заңды емес және оған мойын сұғынуға болмайды» – деген екен. Дарура немесе Кийас принципінен шыққан қажеттілік техникасы ретінде қарастырылады. Құранның 2:239 аятында жазылған. Бұл мәтін бойынша атты әскерге шайқас басталар алдында ат үстінде отырып намаз оқуға рұқсат береді. Өте қысылтаян рұқсат етілмеген әрекеттерге рұқсат етілуі мүмкін. Нақ осы қағиданы басқа да қағидаларынан табуға болады. Мысалы: мұсылмандарға рұқсат етілмеген тағамдармен қоректенуге рұқсат беретін аяттар бар. Мысалы, шошқа етін жеуге және жалпы өмірінді сақтау үшін жол берілген әрекеттерге рұқсат беріледі. Бұл жерде

шешуші мәселе аса қажеттілік деп қажеттілікті тануға болады деген заңды сұрақтар туындайды. Аса қажеттіліктің өзі шариаттың қатаң ережелерін бұзуға немесе жұмсартуға жол берілетіндей болуы қажет[6]. Урф немесе әдеттегі тәжірибе. Бұл тәжірибе ханифит пен шаликиттер мектебімен мойындалған, бірақ шафилиер мектебімен мойындалмаған болды. Урф немесе әдет- ғұрып Кийасқа қарағанда маңызды орынға ие. Бірақ нас Құран мен Сунна мәтінінен маңызы төмен болып келеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сюкиянен Л.Р. «Шариат және мұсылман құқығының мәдениеті», М., 1997ж.
- 2 Еникеев З.И. «Башқұрстандағы мұсылман құқығы» М., 1986ж.
- 3 Жидков О.П. Шет елдің мемлекет және құқық тарихы. – М.,- 1996.
- 4 Вагабов М.В. Ислам, женщина, семья. – Махачкала: Даг:кн. Изд, 1994.
- 5 Мусульманское право: учебник / под ред. М.А.Сарсембаева. – Алматы : Изд-во Института «Данекер», 1999.
- 6 Галазны П.Н. История государства и права зарубежных стран. М., 1986.

#### **ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ БЕКІТІЛГЕН МОЛДАЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ ХVIII Ғ. – СОҢЫ ХІХ Ғ. ОРТАСЫ. (МҰРАҒАТ ДЕРЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ)**

САЙЫНОВ Д. А.

тарих магистрі, ғылыми қызметкері, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің «Білім мен тәрбиенің дүниетанымдық және әлеуметтік мәселелерін зерттеу» орталығы, Ақтөбе қ.

XVIII ғасырдың соңында қазақ даласында жағдай өзгерді, отаршылдық саясат қызу жүрді. Осы тұста қазақ жерін отарлауға келген жергілікті басшы мен ғалымдардың ұсынысы бойынша, қазақтар мен патшалық әкімшілікті тығыз байланыстыру үшін ислам дінін қолдау қажеттілігі туды. Ресей патшайымы II Екатерина қазақ даласын жан-жақты зерттеген ғалымдарға сенім артып, отарлау саясатын дін арқылы жүргізуге шешім қабылдаған.

1787 жылы Уфа және Симбирск наместнигі О. А. Игельстром Еділ бойында орналасқан мұсылмандар мен қазақ даласына ортақ діни басқарма (мүфтилік) құру қажеттігін айтып, Сенатқа хат жазған. Баронның ұсынысына екі жақ та (патшайым мен үкімет) қолдау берді. 1788 жылы 22 қыркүйекте II Екатерина патшайым Орынбор мүфтилігін құру туралы жарлыққа қол қояды [1, 1-4-пп.].

Тарихтан мәлім, патшалық өкімет мешіт тұрғызуға жағдай жасады, ислам дінінің қазақтар арасында діннің таралуына ықпал етті. Патшалық биліктің ондай тарапқа барудың мақсаты отаршылдық саясатын жүргізуде өздерінің мүдделеріне қызмет жасайтын ниеттестерін табу мақсаты еді. Патшалық өкіметке қызмет жасаған молдалардың қызметі әкімшілік-шенеуніктік негізінде атқарылды. Аталмыш діни мекеменің қызметіне түркі тектес, татар ұлтының өкілдігінен құралған Ресейлік молдаларға сенім артылды.

Қазақ даласына патшалықтың мүддесін көздеп келген, алғашқылардың бірі Орынбор мүфтилігінің бас мүфтиінің өзі болды. XVIII ғасырдың соңында орын алған хандық билік пен қазақ қоғамы арасындағы алауыздықты патшалық биліктің ыңғайына шешу мақсатында бас мүфти Мұхамеджан Хүсейінов жіберілді. Оған билік, қазақ старшиндары мен Нұралы хан арасын татуластыру жөнінде нұсқау берілді [2, 2-п.]. Қазақ қоғамында патшалықтың отарлау саясатын және оған мойынсынуды насихаттаған М. Хүсейінов белсенділік танытты. Мүфти, Хиуа мен Бұқара елдерінің қазақ даласына келген дінбасыларының ықпалын әлсіретуге күш салды. Бас мүфти Мұхамеджан Хүсейінов патшалық билік тарапынан 1775, 1786, 1787 және 1790 жылдары биліктің құпия тапсырмаларымен қазақ даласына бірнеше мәрте келіп, қазақ қоғамымен жақындасты. Кіші жүз қазақтарының жайылым жері тарылып, хандық биліктің әлсіреуін, сұлтандардың бұқара халық арасында мәртебесінің төмендеп, өздерінің ақсүйектік дәрежесін, мал-мүлкін сақтауда патшалық биліктің ыңғайына жығылуыға мүмкіндікті байқады. Бас мүфти, Кіші жүздегі әлеуметтік тартысты бөсеңдету жолдарын іздеуде қазақ старшындарының ұсынысын іштей қолдады. Мүфти старшындардың арасына жақындап, қазақ қоғамы туралы мол мәліметтер жинақтаған. М. Хүсейінов қазақ даласындағы қиын жағдайды саралап, Кіші жүздегі халықтың билікке қарсы қозғалысының себептері, Сырым Датұлы және оның жақтастары туралы, өзара жауласқан қазақ рулары туралы шынайы деректерге сүйенген тарихи деректер қалдырған. Дегенмен, қазақ даласында жүргізген елшілік қызметі барысында, М. Хүсейінов өзіне мәлім болған істің бәрін бірдей орталыққа мәлім

бермеген. Оның қазақ қоғамында мәртебесінің жоғарлауы және оның елшілік істеріне сенімсіздік танытқан О. А. Игельстромнан кейінгі генерал-губернатор А. А. Петлинг мүфтиді қазақ даласындағы елшілік қызметтен толықтай шектеуге кірісті. Жаңа аймақ басшысы, Бас мүфтиді отарлаушы әкімшілік жүйенің жауы ретінде таныды [3, 6-п.].

Ендігі кезекте, отарлаушы әкімшілік жүйе молдалардан сезіктеніп олардың қызметіне сырттай бақылау жүргізді. Сонымен қатар, Қазақ елін отарлауға бет алған патшалық билік, әскер офицерлерінің қатарында түркі тілді (қазақ тілі) менгерген әскерлер мен бірге молдаларды бірге іс-қимыл жүргізуге ат-салыстырған. Солардың бірі, паручик (лейтенант) Губский мен молда Батырхан Шахмардан. Молда (Хазірет) Батырхан Шагмардан Орынбор генерал-губернаторы Катенинге жазған жұмысының есебінен үзінді келтіруге болады. Оның Орынбор генерал-губернатор концеляриясының шекаралық бөліміне 1858 жылы 18 қазанда (№5651) жазған рапорт хатында мынадай деректерді келтіреді. 1858 жылы мамыр айында Ақ-Бұлақта генерал-губернатормен кездескендігі туралы сөз қозғайды және 12 жыл бойы тайынбай патшалыққа қызмет жасағаны туралы баяндайды. Хатта генерал-губернатордың қызметін мадақтай келе, хазіреттік қызмет барысында жинақталған құпия мәліметтерін келтіреді:

«Шығысқа ағылшындар жақындап келеді, Хиуаның көрші Герат және Бұхараның көршілері Маймин, Чубурғана қалалары алынды. Орынбор губерниясының басшысы Карелин және адъютант Мансуров және мен Маңғышлақта бекініс салдық. Қазақтар мен түркімендерді ол жерден Хиуаға қарай ығыстырдық. Ал Перовский және полковник Никофоровпен Сырдария және Қуандарияны басып алып Хиуаға жақындадық сөйтіп, Бұхрлықтар мен Хиуалықтардың зәресін алдық. Сол жағдайды ағылшындар пайдаланбақ ойлары бар. Ағылшындар оларды басып алмақшы, бірақ, орыс әскері екі өзенді қоршап ағылшындарды өткізбей отырмыз» - дейді [4, 3-4-пп.].

Орынбор және Самара генерал-губернаторлығының шекаралық комиссияның төрағасы Лодженский 1853 жылы қыркүйек айында Хазірет Батырхан Шагмарданға Хиуа туралы сенімді мәліметтерді жинақтауға тапсырма береді. Шекаралық комиссияның төрағасының тапсырмасы 1853 жылы қыркүйек айында тіркелген №1342 құпия хатта төмендегі сауалдарды анықтауға нұсқау берілген:

Даукарт көлі маңында және Даукискан, Қызыл-чаган жолдарында хиуалықтар қайтадан бекініс тұрғызғандары рас па?

Егер салынған болса, тұрақты әскерінің саны қанша?

Біздің даладағы бекіністерге жақын ба?

Олардың табиғатының жағдайы, жері, суы қандай? Онда орман бар ма?

Хиуа әмірі Ернияз Мухремді Стамбулға жіберудің мақсаты қандай? Расында оны жіберді ме? Және онымен бірге 70 мұсылман баланы Түркияның әртүрлі оқу орындарына (әскери, діни, өнер) жібергені туралы анықтау қажет?

Өткен жылдың күзінде Хиуаға келген ағылшын әскері, расында Хиуа арқылы Ресей (Қазақ даласына) жеріне кірді ме?

Кірсе дәл мәселесін білу және қол астымыздағы қазақтармен (қырғыздар) олардың қатысы барма екенін тексеру?

Хиуаның ханы ағылшындардан қауіптен ме?

Ағылшындар Хиуадан алыс па және ағылшындар Хиуаның қай жағынан келеді.

Тапсан өзенінің бойында Мару 80 мың, ал хиуалық Абдулла Тажи өзенінде 40 мың әскерлерімен және МирМұхаммед Гератты қанша әскерімен күзетіп отыр?

Хан қанша әскерін қамтамасыз етіп отыр және қандай қиындықтар бар. Сонымен қатар, қанша әскер шекараны қорғауға шыға алады?

Сұлтан Илекей Касымовтың (Ералы ханның немересі Ермұхаммед) хиуадан кетуінің (бегство) басты себебі не? Оған хиуалықтар қалай қарайды?

Хиуаның ханы сұлтандандардың отбасына қомқорлық көрсете ме?

Хиуалықтар біздердің дала бекіністеріне қалай қарайды, әсіресе Маңғышлақ пен Райме, Гайме бекіністері?

Хиуалықтар біздің Орынбор генерал-губернаторлығы және орынбор шекара басқармасына қатнасы қандай?

Орынбордағы олардың елшілігінің мақсаты қандай?

Хан мен уәзірлерінің арасындағы байланыс қандай және хан олардан не күтеді?

Михтер Якуп хан кезіндегі Бекман Мухрем, Күшбек Мұхрем, Хучаш олардың беделдері қандай?

Итимов Сұлтан Галихтың дәрежесі қандай?

Ширгазы Джангазиев пен Омаргазының беделі қандай?

Тұтқында орыстар бар ма?

Хан мен Парсы шахы арасында келіссөздер немен аяқталды?

Ханға қазақтар, қарақалпақтар, түркімендер қаншалықты берілген?

Ханда қанша әскери қару бар?

Хан көрші елдермен дос па?

Хиуада әскери істі, өнерді менгергендер бар ма, бар болса саны қанша?

Әскердің айлық жалақысы қанша? [5, 16-п.].

Әкімшілік (указной) молдалар орталық билікке қазақ даласындағы және көрші елдер туралы рапорттар беріп отырған. Рапорттардың мазмұны, аймақтағы, өңірдегі діни ахуалды саралау, патшалық аумағындағы мұсылман халықтардың арасында мешіт-медреселердің қызметі, дінді дәріптеу, патша әкімшілігі мен мұсылман халықтары арасындағы қарым-қатынасты нығайту, қазақ даласындағы ішкі және сыртқы жағдайды бақылау, Қазақ елімен оңтүстікте орналасқан ортаазиялық мұсылман елдері арасындағы қарам-қатынасты бақылау. Сонымен қатар, әскери, географиялық, саяси, экономикалық мәселелер қамтылғанын байқауға болады.

XIX ғасырда қазақ даласында қызмет жасаған әкімшілік молдалар елдің солтүстік-батысы мен солтүстік немесе орталық аймағындағы бекіністерде мешіт ұстады, сауда-саттық жүргізіп ірі саудагерлерге, меценаттарға айналды. Ал елдің оңтүстік, оңтүстік-батыс аймағында ортодоксалдық ұстанымдағы ортаазиялық молдалар, қожалар және де ишандық дәстүрдегі дінді уағыздаушылар халықты мұсылмандыққа шақырды.

Татар ұлтының белгілі қоғам қайраткері М. Сұлтан-Ғалиевтің қазақ даласындағы татар молдалары, дін туралы былай жазған екен: «Религию среди казахов укрепляли татарские муллы, причем туда шли самые слабые его элементы. Все те среди татар не годился в сторожевые мечети, там делался «мулла-аке», духовным руководителем, имея цель эксплуатировать доверие казахов» [6]. Өз қоғамында беделге ие болмаған татар молдалары әкімшілік жүйеге қызметке барғанын, сол заманның діни ахуалынан айқын көреміз. Татар молдалары қазақ ауылдарына келіп дін қызметін жүргізді, сұлтандарға, байларға жалданды, балаларды сауаттылыққа баулыды. Қоғамда білімі мен тәлімімен ерекшеленген молдалар қазақтар арасында мәртебесі артты. Беделге, абыройға ие болған сайын, әкімшілік молдалар патшалық әкімшілікке қызмет жасаудан бас тартып жатқандары да болды. Ондай молдалар қазақ ауылдарына келіп, мешіт, медресе салды, сауданы кәсіп қылды.

Отарлау саясатын сүйемелдеу қызметін атқарған дін қызметкерлердің әрекеті, қазақ қоғамына жағымсыз болғанымен мәселенің жағымды жақтары да болды. Татар молдаларының

қазақ даласына көптеп келуі, көшпенді қоғамға мұсылмандықтың сүннеттік ханафи мектеб жолын көрсетті.

Жоғарыдағы келтірілген мәселе туралы, Қазақ хандарының генеологиясын зерттеуші И. В. Ерофеева көптеген ғасырлар бойы, ортаазиялық сопылық бірлестіктермен терең байланыста болған қожалардың ықпалын пайдаланған ортаазиялық молдалар мен ишандардың қатарында шиттік бағыттың исмаилиттік ағымын ұстанған өкілдерінің болғандығы туралы болжам жасайды. Себебі, XVIII-XIX ғасырларда қазақ хандары мен сұлтандар ұрпақтарына берген есімдерден, шиттік дәстүрмен қойылған есімдерді аңғаруға болатынын жазады. Мысалы, Нұр-Али, Ер-Али, Пір-Али, Бек-Али, Сейид-Али, Дуст-Али, Мұхаммед-Али, Абдул-Мұхаммед, Ир-Мұхаммед және т.б. осыған ұқсас антропонимді есімдер көрініс тапса, бұқара халық ұрпаққа есім қоюда дәстүрлі көшпенді мәдениет негізінде есімдерді қолданғандығын сол заманның деректерінен айқын байқауға болатындығы туралы пікір айтады [7, с. 36.].

XVI-XIX ғасырлар арасында қазақ даласында қазақ ақсүйектері төрелер мен қожалар болды. Төрелер хан және сұлтандар тұқымынан болса, халық арасында дәстүрлі дінді тасымалдаушылар, руханият жолын дәріптеушілер сахабалардың ұрпақтары – қожалар еді.

Ортаазиялық Хиуа мен Бұқара билеушілері Қазақ хандығы мен қазақ қоғамына жақындау үшін, елдер арасындағы қарым-қатынасты нығайтуда ислам ғалымының (шейх ул ислам) иелеріне, дін басыларына міндетті жүктеді. Хандар мен сұлтандар және қожалар арасында тумалық және туыскандық, құда-жекжаттық, дәстүрлік байланыста болғаны белгілі. Хандық билікке жақын болған қожалар, ел ішінде өз ықпалын жүргізді, сұлтандар арасында беделге ие болды. Мысалы, Әбілқайыр ханның старшиналарының бірі – Мұхаммед-қожа, ханның тапсырмасымен Петербурге елші болып жіберілген. Кіші жүздегі сейид-қожалар тегінен шыққан Бөкей ордасы мен патшалықта беделге ие болған Қарауыл қожа Бабажан және т.б. тегі қожадан шыққан ақсүйектер қазақ қоғамында беделі мен орындары ерекше болды [8, 34 б].

XVIII ғасырдың соңынан бастап, көшпенді қазақ қоғамы мен хандар мен сұлтандардың ортасында ортаазиялық сопылық, ишандық мектеп өкілдерін, жоғарыдан бекітілген (указной) молдалар ауыстыра бастады. Қазақ қоғамына келген татар молдалары дін ілімімен қатар, араб, орыс, татар, түрік тілдерін оқытты, ауыл балаларының діни сауаты: арабша жазу, оқу сауаттары ашылды.

Татар молдасынан тәрбие алып, қазақ даласында алғашқы білім беру жүйесін құрған Бөкей Ордасының ханы Жәңгір қазақ балаларын оқу-ағарту шақырып, сол салада игі істерді бастады. Жәңгір хан алғашқы болып, қазақтарға мұсылман хұқы туралы (ханафидттер мектебі) «Мұхтасар әл-фикһайат» еңбекті дайындады. Кітапты Орынбор мүфтилігі мақұлдап, Қазан университетінің шығыстанушы ғалымы Мырза Мұхаммедәлі (Александр) Қазымбектің редакциялығымен басылып шықты (1845 ж.). Кітаптың мазмұны мұсылмандар арасында аса маңызды заңтану (фикһ), шарият мәселелері қарапайым адамға түсінікті мағынада жазылды. Бұл ханафи мектебінің классикалық шығармасы болып есептеледі. Қазақтар арасында оқу-білімді таратуда таптырмайын құнды еңбек болды [9, 142-143 бб.]. Жәңгір хан Бөкей Ордасындағы татар молдаларына қамқорлық танытты. Оларды қазақ жеріне көшіріп әкеліп, молдаларды ахундыққа көтерді. Солардың бірі – Забир Ахметов, қызметін қарапайым бала оқытудан бастаған молда Бөкей Ордасында 20 жыл ахундық қызмет атқарды [10, 304-п.].

Патшалық әкімет, оң қолымен ислам дініне қолдау көрсеткенімен, сол қолымен қазақ даласын отарлау мақсатында діннен өз пайдасын шешетін саясатты ұстанды. Әміршіл билік, қазақтар арасында мұсылмандықтың ағартушылығын артқа қойып, күнделікте өмірде тұрмыстық қарым-қатынас шеңберінен шығармауға тырысты. Тууды тіркеу, есім беру, сүндеттеу, орысша оқыту және неке мәселесі мен адам опат болғанда жаназасын шығару мәселелерімен шектеді. Қазақ қоғамында діни фанатизмнен гөрі, діни ағартушылыққа ұласып бара жатырғанын байқаған, жергілікті әкімшілік дереу қазақ даласында дін саясатын өзгертуге шешім қабылдады.

1803 жылдан бастап Орынбор мүфтилігі Жоғарғы Синодтың обер-прокурорына қарады. 1810 жылдың 25 шілдесінде Шетелдік сенімдердің рухани істер басқармасы құрылып (Главное управление духовных дел иностранных исповеданий) оның құрамына мүфтилік кірді. Ал 1817 жылы қазан айында Халық ағарту ісі және рухани істер министрлігі болып қайта құрылды. 1832 жылдан бастап, қайта Шетелдік сенімдердің рухани істер басқармасы болып, кейін соңына дейін мүфтилік Ішкі істер министрлігіне құрамында болды [11, с. 8].

XIX ғасырдың 30 жылдарына дейін қазақ даласында мешіт салу ісі қолға алынғаны туралы мұрағаттарда деректер аз. Дегенмен, мұрағатта сақталған деректердің бірінде Орман Нұраливінтің мәліметінше, 1809 жылы Қобда өзені бойында сұлтандардың

қолдауымен 200 орындық мешіт салу үшін, патшалықтан рұқсат сұраған. Кіші жүздің батыс бөлігінің басқарушы сұлтаны Баймұхаммед Айшуақовтың бастамасымен және жергілікті қазақтардың қолдауымен мешіт құрылысына қаржылай көмек берген. Мешіттің құрылысы 1833 жылы аяқталып, жаңа мешітке Қазан губерниясында қызмет жасаған Ғайнолла Ғадилин молда бекітіліп, қызметін жүргізді [12, 11-п].

XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың соңына дейінгі қазақ даласына қанша татар молдаларының келгендігі туралы және олардың арасындағы қазақ молдалары туралы мәліметтерді анықтау күрделі болып отыр. Кейбір мұрағаттық деректерде Орынбор шекаралық комиссияның мәліметінше 1851 жылы Кіші жүз аумағында 20-ға жуық молдаларды жіберу жоспарланған екен [13, 5-п].

Патшалық әкімшілік молдаларды қазақ даласына қызметке жіберуде, олардың патшалыққа қызмет жасауда ықластарын арттыру үшін көптеген жеңілдіктер жасалынды. Солардың бірі, қызметтік шараларды атқару кезінде, жол шығынана мол қаржы бөлінді, хаттарды әкімшілік орталыққа жіберу кезінде пошталық қызмет ақысыз болды. Патшалықтың қалалары мен бекіністерінде жаңа мешіттің құрылысына қаражат бөлінді [14, с. 90-92.]. Өлкеде бекітілген молдалар өздерінің қабілеттерімен тек дін ісінде емес, сонымен қатар қоғамдық дау-жанжалдар мәселесіне араласып отырды. Олар қазақ қоғамындағы рулық тартысты, ұлттаралық (қазақ пен келімсек рыстар арасында) шиеленістерді шешуде маңызды қызмет атқарды. Сондықтан, молдалардың қызметі рухани өмірде маңызды рөл атқарды.

XIX ғасырдың ортасында патшалық Ресейде ішкі әлеуметтік-саяси жағдайдың күрделенуі, сонымен қатар, 1854-1856 жылдары Ресей патшалығы Қырым соғысында жеңіліске ұшырағаннан соң, отарлаудың күшін Орталық Азияға бағыттады [15, 30 б.]. Азияның оңтүстігі арқылы орталық азияға келген ағылшындар, патшалықтың оңтүстік бағытындағы отарлау ісіне қауіп төндірді. Ортаазиялық мұсылман елдері мен ағылшын әскерінің бірігуінен қорқан патшалы Ресей ықпалын қазақ даласының оңтүстігі мен ортаазиялық аймағындағы елдерді патшалықтың құрамына қосуды тездетуге кірісті. Патша әкімшілігі отарлаудың әдіс-тәсілдерін жетілдіруде, мұсылмандықты дәріптейтін молдалардың қызметін шектей бастады. Оларды жоғарыда көрсеткеніміздей көбіне тыншылық жұмыстарына қолдануды көздеді. Сонымен қатар, патша

әкімшілігі татар молдаларының қазақ даласында беделінің артуы, қазақ халқынан қолдау табуы алаңдатты. 1822 жылы басталған отарлаудың басталған жаңа кезеңі қазақ даласында 1867 жылы аяқталды.

1868 жылы 21 қазанда Қазақ даласында «Жаңа низам» (Уақытша ереже) енгізілді. Ережеге сәйкес қазақтардың дін істері Орынбор мүфтилігінен алынып, ішкі істер басқармасына берілді (азаматтық мекеме). Мешіт салу мен діни оқыту бақылауға алынды. Молдалыққа сотталмаған, әкімшілік заң бұзушылық жасамаған татар немесе қазақ, башқұрт ұлттарынан алынды. Молданы әскери губернатор ғана бекітетін болды [16, с. 85.]. Патша әкімшілігі молдалардың қызметіне сенімсіздік таныта бастады. Отарлау саясатын жүзеге асырып, шекарасын бекіткен соң патшалық әкімшілік ішкі жағдайды тұрақтандыру үшін және бауырлас түркі халықтардың бірігуінен қауіптеніп патшалық билік, отар түркі елдерге дін саясатында ислам дініне шектеу қойып, орыстандыру саясатына ауысты. Қазақ даласы мен халқының салт-санасымен жете танысқан патша әкімшілігі «...Қытай империясы, бір жағынан, Ресей империясының шекарасы ресми түрде белгіленіп, картасы сызылып бекітілген соң, ... бұрынғы уақытша ислам дінін тарату саясатынан бас тарту, 1862 жылдан бастап, ресми түрде қазақ халқын шоқындыру, сол арқылы біртіндеп орыстандыру саясатын ашық жүргізе бастады» [17, 13 б].

Еркіндігінен айырылған халықты рухани құлдықта ұстау үшін, халықтың дәстүрлі дініне айналған ислам дінінің ықпалын төмендету үшін, әкімшілік татар молдалары мен ортаазиялық қожалар, молдалар мен ишандарды қазақ даласына дінді насихаттауына тиым салынды. «Уақытша ереженің» 259-бабына сәкес әкімшілік тарапынан бақылауға алынды, мұсылмандық кітаптар, құранды таратуға жол берілмеді. Мешіттер биліктің рұқсатымен ғана салынды, медреселер қысқартылды, ондағы татар оқытушылар жаңадан ашылған орыс мектебінде қазақ балаларына орыс тілін оқыту үшін жіберілді. Қазақ даласының әр жерінде орыс-қазақ мектептері бірінен соң бірі ашылды. 1868 жылғы «Жаңа низам» заңынан кейін патша әкімшілігі православие уағыздаушыларын (миссионерлер) қазақ ауылдарына әкеле бастады. Рухани отарлау істің көш басында ірі ғалымдар – Н. П. Остроумов, С. М. Граменицкий, А. Е. Алектров, И. Н. Ильминский болды [18, 7-8 бб.].

Қазақтың өткенін жөндеп түсініп, сол тұстағы ұлттың қалпын анық көріп, кемісін болжай білу – көп қазаққа көз болған, мәдениет

көшбасшысы болған оқығандардың, «молдадан оқып тәрбие алған, ордаға кіріп жол көрген» зиялылардың міндетіне айналды.

Бұл үшін алдымен халықтың көзін ашу керек.

Көзін ашу үшін дін керек.

Дінді орнықтыру үшін мешіт керек.

Мешітке барып, аузына бісмілләні алып, маңдайын саждаға тигізу үшін оқу керек [19, 23 б.].

Сондықтан да, ғалымдар мен ағартушылар Шоқан, Ыбырай, Абай отаршылдықтан құтылудың жолын білім мен ғылымды игеру идеясын ұсынады. «Білікті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген осыдан шығады.

Қазақ халқының мұсылмандық мәдениетін көтеру үшін Ыбырай Алтынсарин «Шариат-ул Ислам» («Мұсылманшылықтың тұтқасы») атты кітабын жазды. Ол: «...біріншіден, қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін; екіншіден, қазақтың жазба тілінде татар тілі орынсыз етек алып кетпеуі үшін, мен соңғы кезде Мұхаммет шарифатын үйрене бастап, ...осы оқу құралын құрастыруға кірістім», – деп жазды оқулығының кіріспесінде [20, 9-10 бб.]. Аталмыш еңбек қазақ халқының тілін орыстандырам, санасын шоқындырам деп жүрген билік пен миссионерлердің тарапынан жасалынып жатырған әрекетіне қарсы, қоғамның мұсылмандық діни сауатын арттыруға бағытталған ісі болатын. Қазақ қоғамындағы діншілдік мәселе бүгінге дейін күн тәртібінен түскен жоқ, әсіресе қазіргі кезеңде біздің халқымыз үшін тіпті бұрынғыдан да өзектірек десек қателеспейміз. Ы. Алтынсарин «Мұсылманшылықтың тұтқасы» кітабында адамгершілік, имандылық, қайырымдылық, мейірімділік қағидаларын жан-жақты түсіндіреді. Дін қағидаларының тәрбиелік мәнін ашып көрсетуді мақсат еткен ұстаз шарифат сүрелерін ана тілінде түсіндіріп, діни терминдердің мән-мағынасын ашуға зер салады, оны өмір тіршілігімен, адам тәрбиесімен тығыз байланыстыра талдаған.

XIX ғасырдың аяғында түркі әлемі рухани жаңару жолына түсті. Орынбор, Уфа, Қазан қалаларындағы діни оқу орындарында оқыған қазақ балалары білім мен ғылымды жаңа бағытпен оқыды қазақ еліне шекаралас жатқан түркі халықтарда жалпытүркілік қозғалыстың бастауына байланысты діни басқарманың қызметін қадағалау күшейе түсті. Жалпытүркілік қозғалыстың түркі елдеріндегі рухани көсемі Исмаил бей Гаспралы болды. Өзге халықтар не істеп жатыр, қалай дамып келеді? Қазақ қоғамының

алға жылжу мүмкіндіктерін іздестірген Абай мен Шәкәрім бастау жасап, Алаш қозғалысының қайраткерлері де жете мән берді.

XIX ғасырдың соңында Орынбор мүфтилігі өзінің беделін көтеріп, алғашқыда Орынбор, кейіннен Уфа губерниялық әкімшілігінің қарамағынан шығуға талпынды. Бірақ өкімет діни мекеменің бұл бағыттағы барлық талап-ұсыныстарын кері қайтарды. Сонымен қатар, патша үкіметі қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігі қарамағынан алып, жергілікті әкімшілікке бағындырды, оның астарында қазақ қоғамындағы мұсылмандық мәдениетті әлсірету еді. Осылайша қазақ қоғамы бағыт алған мұсылмандық прогрессивтілік жолға патшалық билік бөгет жасады. Қазақ, татар, башқұрт, ортаазиялық молдалар қуғындалады, арабша жазуға тыйым салынып, жазу орыс тіліне ауыстырады. Орынбор мүфтилігіне қызмет жасаған молдаларды Ішкі істер Министрлігі бақылауында болды. Қазақ даласында шіркеу салу мен орысша білім беру алға қойылады.

Шоқан, Ыбырай, Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп, Ғұмар, Шәді, Майлықожа, Ақмолла, Әбубәкір және т.б. ұлтшылдық мүддені тірек етіп, ағартушылық дәстүрді жалғастырған қазақ зиялылары медреселерде білім алып, ел мүддесіне күш-қайратын жұмсаған тұлғалар болатын. Қазақ даласының патшалық Ресейге күштеп қосылуының нәтижесінде орыс мәдениетімен танысып, батыс мәдениетінің жетістіктерін де игеруге шақырды.

Қазақ даласын патшалық үкіметтің отарлауды жүзеге асырудағы дін саясаты жан жақты болды. Біз тек қана дін қызметі туралы құжаттарға сүйеніп, кейбір мәселелерді ашуға тырыстық.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ресей Федерациясы Орынбор Облысының Мемлекеттік Мұрағаты. 6-қ. Орынбор генерал-губернаторының концеляриясы. – 3-т., 2411-іс.,

2 РФ ООММ. 6-қ, Орынбор генерал-губернаторының концеляриясы. – 2-т., 1662-іс.

3 РФ ООММ. 6-қ. Орынбор генерал-губернаторының концеляриясы. – 3-т., 2411-іс.

4 РФ ООММ. 6-қ. Орынбор генерал-губернаторының концеляриясы. Шекара бөлімі. – 10-т., 7475-іс..

5 РФ ООММ. 6-қ. . Орынбор генерал-губернаторының концеляриясы. Шекара бөлімі. – 10-т., 7475-іс.

6 <http://www.archive.gov.tatarstan.ru/>

7 Ерофеева И.В. Родословные казаховских ханов и кожа XVIII – XIX вв. (история, историография, источники). – Алматы: ТОО “Print-S”, 2003.

8 Сонда.

9 Боранғалиұлы Т. Жәңгір хан - Алматы : Абзал-Ай, 2014.

10 РФ ООММ. 6-қ. Орынбор генерал-губернаторының концеляриясы. Шекара бөлімі. – 10-т., 2060-іс.

11 Амелин В.В., Денисов Д.Н., Моргунов К.А. Ислам в конфессиональном пространстве Оренбургского края. – Оренбург. ИПК «Университет», 2014..

12 РФ ООММ. 6-қ. Орынбор генерал-губернаторының концеляриясы. Шекара бөлімі. – 10-т., 495-іс.

13 РФ ООММ. 6-қ. Орынбор генерал-губернаторының концеляриясы. Шекара бөлімі. – 10-т., 14005-іс.

14 Климович Л. Ислам в царской России. – М., 1936.

15 Ресей империясының Қазақстандағы орыстандыру саясаты (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы): оқу құралы / М.Ш.Эгамбердиев. – Алматы, 2015.

16 Амелин В.В., Денисов Д.Н., Моргунов К.А. Ислам в конфессиональном пространстве Оренбургского края. – Оренбург. ИПК «Университет», 2014.

17 Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды. – Алматы, 1993.

18 Ресей империясының Қазақстандағы орыстандыру саясаты (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы): оқу құралы / М.Ш.Эгамбердиев. – Алматы, 2015.

19 Салкынұлы С. ДОСЖАН ХАЗРЕТ: ғұмырнамалық баян. – Алматы, Дөйт-Принтхаус, 2006.

20 Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың тұтқасы. – Алматы, 1991.

#### **MALHAMA TACTICAL: A NEW DISTURBING TREND IN JIHAD CONFLICTS?**

YAVOR RAYCHEV  
MA, Linköping University, Sweden

I would call the attention of the readers to a small group acting in Syria, called Malhama Tactical. It is considered by many analysts as a

new phenomenon in jihad and in modern mercenary in general. There are two main reasons, usually pointed out by the defenders of this point of view.

The first one has to do with the fact that Malhama Tactical is the only private enterprise that train mercenaries exclusively for extremist groups. It does not pretend to fight, just to train.

And the second one is that this is the only group that mixt extremist ideology with the privatization of war. Sean McFate, an associate professor at the National Defense University and author of book *The Modern Mercenary* says: “The growth of Malhama Tactical is a natural offshoot of the prolonged Syrian war, but the outfit’s mixture of extremist ideology with the privatization of war is a unique and troubling trend.” (Komar, Borys and Woods 2017). The journalists Rao Komar, Cristian Borys and Eric Woods develop this idea while saying: “A jihadi group doing this is a new level because if you’re talking about hardcore idealists paying for [military training], then that’s a milestone of modern warfare.” (Komar, Borys and Woods 2017).

I would mention one more fact: Malhama Tactical is and indicator that professionalization of jihad in Central Asia is an ongoing process.

Is this a really troubling trend? Let’s see the facts.

#### WHO ARE THEY?

The group doesn’t appear to be big – most likely it consists only of the leader Abu Rofiq and his close friends, around ten in total, most likely either Uzbek as well, or from the Russian Caucasus republics.

Unless it is simply a marketing trick, the equipment which is used in the videos, appears to be very expensive. This means that the group is rich enough to afford it, that there is somebody willing to sell it and that there is somebody willing to pay as much money to have this type of training. For example, the RPG rounds used in the videos can cost up to \$800 each on the black market, and this is only the ammunitions alone. Such kind of expensive training is not something the average jihadist himself can afford, which is why in the majority of the cases the jihadists receive little to no military training. The other equipment shown in the videos, like the first-aid kit, is also of high quality, used often in US army and its allies. It is possible that Rofiq, the leader, has enough connections somewhere to guarantee himself a supply line of such type.

#### WHAT ARE THEY DOING?

Malhama Tactical offers tactical training at least since 2015. It became popular due to the wide use of social media such as YouTube, Facebook, VK and Twitter, where they posts examples of the training it offers.

Even if the group obviously is not large, so far it provided training to fighters from many terrorist groups located in Syria and Iraq such as Al-Nusra (now Jabhat Fateh al-Sham), Turkmenistan Islamic Party and others. According to the words of the leader, the business is expected to grow, as far as the demand for tactical training is higher than ever since the fall of Aleppo (Komar, Borys and Woods 2017).

The training which Malhama offers could provide some advantage to the jihadists, because in most cases they have no training at all. Rofiq has the personal skills which are needed to be a good soldier, but doesn’t show to have good ability in decision making which comes with year of experience and trainings within the conventional army. This is as much as he can give to his trainees. But even if he manages to train some jihadists in special operations, there can be only limited long term gain if the operations are not supported tactically and logistically by properly trained force (The Fire Arm Blog 2016).

#### WHO IS THE LEADER?

The real name of the leader is unknown, but he calls himself Abu Rofiq, 24 years old, and also claims to have been part of the Russian Airborn Forces – high mobile elite force, which operates in the enemy’s rear to disrupt their command and communication, and destroy high-priority weapons and other sabotage-related activities.

Rofiq speaks Russian and all the video lessons are in Russian, but this does not necessary mean that he served in the elite Russian force. Speculations sustain that he is from Uzbekistan, a Central Asian, where still the Russian is very wide spread. Said this, he might have served in the Russian Army, but might as well have been part of other army, such as the Uzbek one.

Since Rofiq is in Syria since 2013 and now he’s 24, it is fair to assume that he left the army at age of 20. In the videos we can see that he has received some kind of military training, but probably just basic. At this point it is even uncertain if he entered the army of the idea to be professional soldier or he was a regular call-up who paid attention during the military training. In the videos he is seen to make a lot of rookie mistakes such as not following the security protocols while giving first-aid, too much rushing into enemy positions, no sense of team work, lack of coordination, improper movement across battlefield and so on. The way he manages the weapons is also strange. On one of his most recognizable in the media photos, he is shown firing PKM, a medium machine gun, from his shoulder, using a custom attached grip. This is not exactly how this type of weapon should be used – medium



machine guns are designed to hit targets at distance of 1000-500 meters, they are normally operated on bipods or tripods. Even if the PKMs are designed to be fired from shoulder in rare cases, the position of the body together with the attached Rambo-style grip suggest bad understanding of the weapon capabilities, which might as well be viable for partisan tactics in case other weapons are missing, but wouldn't be acceptable in conventional army. The hand grenades he manufactured, if this can even be called manufacturing, since he just takes factory-made 30 mm automatic grenades and swaps the impact fuses with hand grenade fuses, appear to be unpredictable, taking either too long or too short to explode. This shouldn't be regarded as his invention, as it is a common practice among jihadists. In one of the videos he is shown with his friend entering a building, demonstrating good understanding of reloading, using of covers so on, but the idea itself of clearing a building or a room with two people is not viable. Storming a building with two people, where enemy troops fortified themselves, will most likely lead to certain death. This is something an experienced soldier in urban warfare should be aware of, but he is not, because probably he never received extensive training in it, nor has been in command of men.

#### IS THE GROUP REALLY A NEW SECURITY THREAT?

The answer could be rather positive.

Among foreign fighters in Syria, many come from the Russian Caucasus republics Chechnya and Dagestan. Some of them worked for the Russian special forces and have extensive military training and war experience from the Chechnya wars in the 90s. They come much more prepared in Syria and have earned the respect of the locals by the high death rate they can inflict to the enemy force, since they tend to fight until they run out of ammunitions and then blow themselves using suicide vests. Rofiq, on the other hand, emphasize safety and casualty reduction which can make the terrorists more efficient.

The group represents international threat despite that as it could contribute to dissemination for terrorism abroad and inspiration for new jihadists. It recruited members with Facebook job ads, which looked modern and attractive, using words such as "fun and friendly team", "people willing to constantly engage, develop and learn", "dynamic environment" and so on.

On the other hand, Mr. Rofiq mentioned during interviews that China and Myanmar are places which would benefit from jihad and he doesn't excuse that his own group returns to Caucasus to fight Russian government one day. This means dissemination not only of the ideas, but also the practice and expertise of Jihad.

The relative success and fame the group has can also serve as an inspiration for other terrorist groups to follow the example and become private training mercenaries.

It is worth to mention that unlike other mercenaries which inevitably appear in war conflicts, Malhama is probably one of the first of its kind, since it mixes ideology with privatization of war. Unlike other mercenary groups, this one stayed loyal always to the jihad ideas and Rofiq himself declared that his goal goes beyond earning money. And as far as it all is supported by the authority of the religion, we can really expect new troubles.

#### REFERENCES

1 Komar, Rao, Christian Borys, and Eric Woods. 2017. «The Blackwater of Jihad.» Foreign Policy. February 10. Accessed February 20, 2017. – <http://foreignpolicy.com/2017/02/10/the-world-first-jihadi-private-military-contractor-syria-russia-malhama-tactical/>.

2 The Fire Arm Blog. 2016. «Malhama Tactical, The Fanatics Tactical Guru!» The Fire Arm Blog. Accessed February 20, 2017. – <http://www.thefirearmblog.com/blog/2016/12/12/malhama-tactical-fanatics-tactical-guru/>.

- 3 Секция. Қазіргі заманның діни үрдістеріндегі әлеуметтік экономикалық факторлар**  
**3 Секция. Социально-экономические факторы в религиозных процессах современности**  
**3 Section. Socio-economic factors in the religious process of modernity**

## **РЕЛИГИОЗНАЯ СИТУАЦИЯ В ГОРОДЕ АЛМАТЫ. ДИНАМИКА ИЗМЕНЕНИЙ**

ИВАНОВ В. А.

Центр изучения и анализа Управления по делам религий, г. Алматы

Сегодняшняя международная научно-практическая конференция посвящена памяти Катыршата Шапагатовича Шулембаева. Его вклад в становление и развитие религиоведения в Казахстане с каждым десятилетием становится заметнее.

Без преувеличения следует сказать, что профессор Шулембаев К. Ш. заложил те основы, на которых базируется научная деятельность не только кафедры и факультета Алматинского Национального Педагогического Университета, но и оказывает глубокое влияние на научную мысль всех религиоведов в стране.

Лично мне повезло сотрудничать с этим замечательным светлым человеком и видным ученым.

Можно высказать лишь глубокие сожаления, что его научная деятельность прервалась так рано. Ведь можно высказать твердую уверенность в том, что развитие казахстанского религиоведения было бы более динамичным и плодотворным, а научные достижения приобрели бы большую значимость, в т.ч. и в прикладной сфере.

Все мы, коллеги или ученики Катыршата Шапагатовича Шулембаева, всегда будем верны его научным заветам.

В рамках конференции хотел бы предложить вашему вниманию тему «Религиозная ситуация в городе Алматы. Динамика изменений».

Современный период обозначен Главой Государства Н. А. Назарбаевым, как время, когда весь мир, включая Казахстан, оказался вовлечен в глобализационные процессы, столкнулся с их вызовами.

Было отмечено, что указанное явление – всемирно обусловленное, органическое, т.е. не зависит от общенациональных,

местных или региональных особенностей. Также оно закономерно накладывается на эти особенности, метаморфозируя их.

Это не проходит бесследно и для религий.

Религиозный облик современной Алматы включает в себя немало религий, которые неразрывно связаны с историческим прошлым народов, его населяющих. Изучение истории каждого из народов позволяет говорить не только о гуманистическом характере религии, но и о том высоком духовном достоинстве, присущем ей, которое, безусловно, во многом предопределило наше настоящее и позволяет по-новому взглянуть на проблемы будущего. В городе стабильно действуют около 180 религиозных объединений. Большинство из них зарегистрировано в установленном законом порядке и структурированы в руководящие центры или управления: Духовное Управление Мусульман Казахстана, Митрополичий округ Русской Православной Церкви, Епархия Пресвятой Троицы Римско-католической церкви, Иудейской религии соответствующие региональные подразделения Евангельских Христиан-Баптистов, Адвентистов Седьмого Дня, пятидесятнические и харизматические центры.

Данные центры позволяют влиять на контактную сферу взаимоотношений государства и религиозных объединений. К этой схеме непосредственное отношение имеет предложенная структура учета местных религиозных объединений в пределах 17 конфессиональных направлений.

В-третьих, благодаря современным средствам массовой коммуникации людям стали доступны многие произведения искусства, имеющие высокую художественную ценность. Так по телевидению мы имеем возможность посмотреть фильмы, которые были сняты еще в прошлом веке, какой-нибудь спектакль или концерт... В сети Интернет мы можем найти много, действительно,

интересного и полезного – книгу или репродукцию картины известного художника» [4].

Казахстан стал подвергаться массовой культуре после распада СССР с момента обретения независимости. «В условиях глобализации широким потоком в Казахстан хлынул ширпотреб западной культуры, который не подвигает национальную культуру к новым высотам. Более того, происходящая вестернизация культуры приводит к вытеснению в среде подрастающего поколения национальной культуры. Она усиливается свойством культуры пронизывать все сферы человеческих интенций и в полной мере отражать пределы развитости сущностных сил человека, равно как и эффективность, личностно-субъективных факторов, которые вырабатываются и влияют на формы и стиль общения, ценности, духовные потребности, стандарты поведения и общежития. Влияние западного мира на другие страны в области культуры глубоко противоречиво. Оно способствует закреплению подчиненного положения этих стран на мировом рынке, приводит нередко к разрушению прежних форм культуры, моральных норм и ценностей без полноценной замены их новыми, к подрыву духовного потенциала общества. Особенно форсированной вестернизации подвергается система воспитания и образования. И это понятно. Базовые ценности общества, стандарты и нормы деятельности, правила поведения и т. д. передаются новым поколениям через систему воспитания и образования, и таким образом гарантируется сохранение самобытности культуры. Поэтому экспансия Запада встречает отрицательное отношение общественности, а политика многих государств направлена на отпор культурной экспансии Запада или, по крайней мере, на ее ограничение» [5].

На сегодняшний день утверждена Концепция культурной политики РК. «Долгосрочная Концепция культурной политики Республики Казахстан (далее – Концепция) разработана в целях реализации Послания Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева народу Казахстана от 17 января 2014 года «Казахстанский путь - 2050: единая цель, единые интересы, единое будущее».

Стратегической доминантой новой культурной политики является выдвинутая Главой государства национальная идея «Мәңгілік Ел», призванная консолидировать казахстанский народ с его богатым культурным наследием и творческим потенциалом на успешное достижение цели вхождения Республики Казахстан

в число 30-ти самых развитых стран мира» [6]. В ней отражены направления для сохранения культурного кода нации. «Современная казахстанская культура имеет все предпосылки для активного участия в глобальном культурном диалоге со своей сложившейся историко-культурной основой генетического кода нации. Основными составляющими культурного кода нации являются наследие, традиции, обычаи, язык, семья, хозяйственные системы (жизненный уклад), праздники.

Жизнеспособная культура проходит свой естественный путь развития и трансформации, сохраняя свой стрежень. Идентичность может дать сбой в случае, когда ценности своей культуры окажутся малопривлекательными и ее может заместить другая, способная увести от истоков духовных и нравственных ценностей исконной культуры.

Одним из важных векторов культурного развития современного Казахстана являются сохранение, исследование и трансляция культурного наследия. Культурное наследие – это неисчерпаемый потенциал консолидации и успешного развития нашего общества и государства.

Государственная культурная политика должна быть направлена на духовное, культурное, общенациональное объединение общества и формирование нравственной, самостоятельно мыслящей творческой, ответственной личности».

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Зыкова А. Б. Учение о человеке в философии Х.Ортеги-и-Гассета. – М., 1978.
- 2 Культура и культурология справочник <http://www.artap.ru/cult/index.htm>
- 3 Тукбаева Е. Достоинства и недостатки массовой культуры – 2013
- 4 [http://studopedia.su/19\\_7809\\_polozhitelnie-storoni.html](http://studopedia.su/19_7809_polozhitelnie-storoni.html)
- 5 Жатканбаев Е.Б. Угрозы национальным интересам Казахстана. - Алматы: Қазақ университеті, 2004.
- 6 КОНЦЕПЦИЯ культурной политики Республики Казахстан <https://egov.kz/cms/ru/law/list/U1400000939>

## ҚАЗАҚТАҒЫ ШАМАНДЫҚТЫҢ ІЗДЕРІ

ФАБИТОВ Т., ЖАНБАТЫР А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

Шамандық институт Сібір мен Орталық Азияға тән діни құбылыс. Бұл мәселені ғылыми деңгейде алғаш рет Доржи Банзаров пен Шоқан Уәлиханов қарастырған. Қазіргі зерттеулердің арасында Қадыршат Шүлембаев пен Сәбетқазы Ақатаевтың еңбектерін атап өткен жөн [1]. Түріктерде Тәңірлік дін ұстазын – «қам» (Сахалар – «ойын», қырғыз, өзбек, қазақтар – «бақсы», алтайлықтар – «қам», «гам», монғолдар мен жапондар «ками») дейді. Ұлы қамды Шыңғыс хан дәуірінде «бек» дейтін болған.

Махмұт Қашқари «Диуани лұғат-ит-Түрік» атты еңбегінде «қам» ұғымын «қаһин» ретінде берген. Онда «қам» сөзі төрт жерде кездеседі: «Қам түсініксіз сөз сөйледі»; «Қам сиқырлады»; «Қам көріпкелдік көрсетті»; «Қам ырклады», яғни, «қам жырлады». Сонымен қатар «Диуани лұғат-ит-Түрікте», «жыр» сөзі – «жақсы тағдыр», «болашақты болжау» және «сиқырлы өлең» деген мағыналарда қолданылған [2, 20 б.]. Ибн Халдун да «термелеп, ұйқасты сөздер сөйлегендерді «қам» («қаһин») дейді. «Олар осы ұйқасты сөздерді оқу немесе айту арқылы өздерін жоғалтып, экстазға түседі. Өз қабілеттері деңгейінде ғайып әлемінен мәліметтер береді. Адамдардың табиғатындағы бұл күш пен күдіретті «қаһанат», бұл күштің иесіне де «қаһин (қам)» – дейді.

Маруази дерегі бойынша, «Қырғыздар арасында халықтан шыққан «фағинун» деген адам бар. Ол әр жылы белгілі бір күнде халық арасына келіп, әнші, жыршы сияқты өнерпаздарды жинайды. Ойын-сауыққызған кезде қам экстазға түседі. Сол кезде одан келер жылы қандай құбылыстар мен оқиғалар болатындығы сұралады. Ол жылдыққұрғақ немесе жаңбырлы, шөбі шүйгін және т.с.с. болатындығынан хабар береді. Олар қамның айтқанына сенеді» [3, 154 б.]. Осы мәліметтердің құбылыстық жағынан қазақтардағы «сал-серілік» дәстүріне жақын екендігін көруімізге болады.

Қамдық тек қана түркілік мистицизмнің тарихындағы орнымен емес, сондай-ақ өз қоғамының психологиялық бірлігі және тұтастығының сақталуында да маңызды рөл атқарған. Қамдық тәжірибе пішіні жағынан «көкке көтерілу символизмімен» тікелей байланысты және мұндай символизм Тәңірге сенім мен ғибадаттың негізгі элементі болып табылады. «Көкке ұшу» – қамдық жолына

түскендер үшін ғана мүмкін болатын ерекше құбылыс. Кез келген адам қам бола алмайды. Ол генетикалық және психологиялық дерт. Тәңірлік сенімде осы дерттің «жабысуы» мен «табысуы» арасында психологиялық-танымдық жағдайлар мен сатылар бар. Қамдық дертке Қорқыт Ата да ұшырайды. Осы процесті түркітанушы-ғалым Ш. Ыбыраев, Тәңірлік сенім негізінде, категориялық деңгейде ашып көрсеткен. Ол «табысу» деп Қорқыттың қамдық жолға түсіп, қобыз тартуға бір жола бел шешіп кірісуін айтады [4, 579 б.].

Қорқыт туралы аңыздарда кездесетін «жабысу», «табысу», «бақсылық жол», «қобыз», «қобыз тарту», «Желмая», «Желмаямен желу», «сарын», «өлімнен қашу», «өліммен күрес», «дария-су» және т.б. ұғымдар Тәңірлік сенімдегі «қамдық дертке ұшыраудың» немесе қам болудың психологиялық-тәжірибелік сатыларын білдіретін жайттар. Сонымен қатар бұлар мифтік-символдық ойлаудың көріністері болып табылады. Бұл құбылыстық түсініктер қазақ мұсылмандығында маңызды сопылық тәжірибелік әрі философиялық категория дәрежесіне көтерілген.

Қорқыт Ата төңірегіндегі аңыз желісіндегі (И. А. Кастанье өзінің «Қырғыз даласы мен Орынбор өлкесіндегі көнелер» атты мақаласы төңірегінде) қамдық дертті сатыларға бөліп қарайтын болсақ, Қорқыт өлім туралы хабарды аян-түс арқылы алады. Бұл жердегі «түс арқылы өлегіндігін білуі» Қорқыттың дертке шалдыққандығын, яғни «қамдық дерттің жабысқандығын» білдіреді. Екінші сатыда өлімнен қашып, төрткүл дүниені аралайды. Қорқыттың өлімнен қашуы – оның бақсылық дерттен қашуы, ал төрткүл дүниені аралауы – оның жанын қоярға жер таппай, психологиялық күйзеліске түскендігін бейнелейтін жайттар болып табылады. Үшінші сатыда дүниенің төрт бұрышын кезгенімен өлімнен қашып құтыла алмаған, тығылар жер таппаған Қорқыт «Жер ортасына», яғни дәстүрлі түркілік дүниетанымдағы негізгі категория – «Жерұйық» мекенге оралады. «Жерұйық» – Жер ортасы – Сыр бойы – өзінің туған жері [5, 219 б.]. Сырдың Қорқыт Атаның туған жері екендігі туралы В. Бартольд «Халық жырауы, данышпан, көреген Қорқыт Ата туралы аңыздар Сыр бойынан батысқа қарай түрікмендерде, Анадолыда, Осман дәуірінде XVII ғ. дейін әзірбайжандарда, X ғасырда печенектерде де кездесетіндігін» [6, 153 б.] деп айтса, қорқыттану саласының белді өкілі С. Мұқтарұлы өзінің «Қорқыттануға баспалдақ» деген мақаласында Қорқыттың тарихи тұлға екендігі, Сырда туып, Сырда өлгендігі, зиратының Сырда болғандығы, әрі оның тарихи деректерде таңбаланғандығы даусыз мәселе екендігін айтып, бекіте түскен.

Сонымен Қорқыттың түсіне Жерұйығы – отанында да «өлім аяны» еніп, жер бетінде өлімнен құтылу жоқ екендігіне көзі жетеді. Ол үшін енді бақсылықтан қайту жоқ. Қамдық – негізінен мамандық емес, Қорқыттың Тәңір алдындағы парызы. Қамдық Қорқытқа оның еркінен тыс тылсым күштер арқылы жүктеліп отыр. Қорқыттың қамдық дертке көнгендігі — оның еркіндігінің аясы, яғни дертпен «табысқандығының» белгісі. «Табысудың» идеясы – «көкке ұшу», яғни экстаз (сарын) арқылы құдайлық әлеммен тұтастыққа жету. Ұстанымы «Жерұйыққа» негізделген [7, 24 б.].

Түркілердің діндарлық табиғатын анықтайтын негізгі ерекшелік әрдайым сыршылдық, мистикалық-даналық төңірегінде топтасқан. Исламның түріктер арасында таралуына байланысты сопылар кейбір қамдық элементтер мен құбылыстарды қабылдаған. Ф. Көпрүлү «аңыздарда Ахмет Иасауи және оның дәруіштерінің «құс болып ұшу» қабілеті болғандығын айтады. Ал «ұшу» ұғымы тек қана құпиялы немесе метафизикалық ақиқаттардың ұғынылуы мен айқындалуын, яғни рационализациялануын көрсетеді [8, 84 б.]. Ұшу – рухани еркіндікті, құтылуды білдіретін діни-мистикалық ұғым ретінде этимологиялық тұрғыдан барлық діндерде құс бейнесінде кездеседі. Сол сияқты қазақтың ескі дәуірдегі қобзының формасы да аққудың бейнесінде жасалған. Қобыз мойны ұзын, құйрығы сопақ, ұзынша келген, аққудың құйрығы сияктанып жасалады. Қобызды аққу формасында жасаудың тарихы мен Қорқыт төңірегіндегі аңыздардың арасында тығыз байланыс бар.

Аңыз бойынша Қорқыттың дүниеге келуі қандай ғажайып болса, оның өмірі де сондай ерекше болған. Жастайынан ұшқан құс, жүргірген аңға, сокқан жел, жауған жауынға ден қойып, табиғатпен тілдес болып өседі. Түсінде «ақ таяғы көк тіреген» әулие қарт аян беріп, оған қобыз жасауға, ол қобыздың мүшелерін ғарыштағы киелі хайуандарға ұқсатып жасауға аян береді. «Қобыздың көлемі – нар атанның жілігіндей, шанағы қара бақырдай, көні – аруананың бауыр терісінен, тиегі – ор текенің мүйізінен, ішегі – бесті айғырдың құйрығынан болсын, аспабының аты – қобыз болсын. Қобыз қиялына, ойына қанат, жолына шырақ, жанына араша болар». Оянса, көкірегі күйге толып, көмейінен сөз саулағандай күйде екен. Сонымен көкірегін кернеген күй қобызбен үндесіп, жер беті сазды сарынға бөленеді. Қобыз үні – Қорқыттың көңіл күйі мен табиғаттағы жанды-жансыз тіршілік өзара үндесіп, космостық-универсалдық үйлесімділікке, тәтті бір арналарға қосылып, бірігіп, ағып жатады».

Осы аңыз желісі Нұх пайғамбарға қатысты қазақ арасындағы әйгілі «Нұхтың кемесі» аңызымен сарындас. Нұхтың кемесі туралы аңызда Ұлы Тәңірі Нұх Пайғамбарға ағаш егуге әмір етеді. Оған ағаштан кеме жасауды тапсырады. Кеме жасауды білмейтін Нұхқа Тәңіріөзі кеме жасауды үйретеді. Кеменің басын қораздың басы, қарнын құстыңқарны, күйрығын қораздыңкүйрығы сияқты етіп үш қабат қылып жасауын әмір етеді. Кеме астыңғы қабат, ортаңғы қабат және үстіңгіқабат болып, жалпы үш қабаттыққұрылыстан тұрады. Үш қабатты байланыстырып тұратын әрбірінде сәуле-түңлігі және үш есігі болатын. Кеменіңқанаттары (ескектері) де бар. Аңызда Нұх пайғамбар сол кеме арқылы топан судан аман-сау құтылады. Топан су тартылғанда кеме Жуди (қазақтарда «Қазығұрт» тауы) тауының басына барып тұрады. Бұл аңыз семит мифологиясына тән. Бұл мәлімет Құранда да бар. Жуди тауы – Жердің Орталығы болатын. Жердің кіндігі– (яғни қазақтардағы «Жерұйық») Нұх пайғамбар үшін құтылу мекеніәріөз парызын (миссиясын) өтейтін жер. Жерұйық – Нұх үшін Жуди тауы болса, Мұса пайғамбар үшін Синай Тауы, Мұхаммед Пайғамбар үшін Хира тауы еді. Бұл мекен – «құтылудың мекені», бақыттың астанасы, Тәңір берген сый болып табылады.

Осы сюжеттерді феноменологиялық және аналогиялық тұрғыдан қарастыратын болсақ, «Жерұйық» түсінігінің барлық адамзатқа ортақ, дәстүрлі дүниетанымдық, универсалдықәрі діни категориялық түсінік екендігін байқауға болады. Енді осы символдық тілмен берілген аңыздардың негізгі ойларын категориялық тұрғыдан салыстырып көрейік. Қорқыт Атада бақытқа жетудің мекені – Жерұйық – өз отаны – Сыр бойы; Нұх пайғамбарда – Жуди тауы; Құтылудыңқұралы Қорқыт Атада – қобыз, ал Нұх пайғамбарда – кеме; екі аңызда да құтылудыңқұралы болып табылатын қобыз бен кеме жасауды метафизикалық тылсым күш иелері– «ақ таяғы Көк тіреген әулие қарт» пен «Тәңір» аян (түс) арқылы білдіріп тұр; кеменің жабдығы ағаштан, қораз (құс) бейнесінде, үш қабатты қылып жасалса, қобыздың жабдығы сүйек, тері, темір, мүйіз, қылдан, кей аңыз нұсқаларында ағаштан құралып, аққу (құс) бейнесінде көлемі нар атанның жілігіндей қылып жасалған; екі аңызда да кейіпкер рухани көтерілудің символы ретінде «ұшу», «дарияныңүсті» мен «топан судыңүстінде» тұр. Аңыздың ақырында бірі сарын айтса, екіншісі Тәңірдің еркі мен дінін тарата бастайды. Су – ақиқат, өмір соңы яғни, өлімнің символы. Осы аңыздардан көптеген шындықтың төркінін түстеуге

болады. Сонымен Қорқыттыңқобызы – оны «Дүниенің Орталығына» апарып, экстаз-сарын арқылы оның көкке ұшуын қамтамасыз ететін Тәңірмен байланыс құрудыңқұралы [9, 78 б.].

Қамдар экстаздық хәл кезінде екінші бір рухани әлемнің табиғатына енгендіктен де «қайта туылуға» қабілетті деп есептеледі. Мысалы, Қорқыт Атаның Желмаясын сойып, терісімен қобыз шанағын қаптап, дария үстіне кілем (кей аңыздарда желмаяның терісін) төсеп, күй тартқанға дейінгіөмірі бір бөлек те, мұнан кейінгіөмірі мүлдем басқа. Алғашқысында Қорқыт кәдімгі адам болса, кейінгісінде ол мифтік тұлға, рухтар дүниесіне жақын жан. Бұл Қорқыттың физикалықәлемнен метафизикалықәлемге өте білуінің, тылсым әлемнің тілін “меңгеруінің” көрінісі десе де болғандай. Бұл қабілетке ол өзініңәлемдегі орны мен тағдырын тек сарын жолымен ғана жүзеге асыра алатындығының сырына қаныққан соң, яғни қамдық жолына түскеннен кейін ғана жетеді. Басқа қырынан келетін болсақ, Желмая –Қорқыттың, өлімнен қашу үшін қолданған құралы болса, ал Қобыз – өлімге қарсы күресу құралы. «Өлімнен қашу» мен “өлімге қарсы күрес ашу” екі басқа әлемді, екі басқа психологиялық-танымдық дәрежелерді білдіретін құбылыстар. Аңыз желісінен де көргеніміздей Қорқыт алғашқыда өлімнен қашуды қойып, өлімге қарсы тұру сатысына өткенде Желмаясын сойып тастап кетпейді, оның терісін алып, жаңа құндылығын – өлімге қарсы тұру құралы болған қобыздыңқаңсыраған шанағын қаптайды. Яғни, бір жағынан Желмая – форма болса, қобыз оның мазмұндық рөлін атқарып тұрғандай.

Сонымен қатар бұл аңыз бізге тарихи санамыздың уақыт пен кеңістік ішіндегі көнерген деп тапқан құндылықтарымызды «сойып тастамай», ұлттық-мәдени даму сатысында да жаңа деп таныған құндылықтармен үйлестіре қолдана білу жолдарын, көзін таба білу керектігін ескертеді. Демек мифтік, аңыздық, діни, ғылыми, философиялық демей кез келген ұлттық-мәдени қазыналарымыздан бүгінгіөмір талабына сай өзімізді танып, табуға жол көрсететін шындықты, маңызды асыл құндылықтар мен ойлау әдісінің арналарын табуға болады.Қазақстан жерінде номадизм тарихы VIII-V ғасырларда басталады, бұл кезде алғашқы этномәдени типтегі тайпалар қалыптасып, көшпеліөмір салтын ұстана бастайды [10, 70 б.].

Қорқыт тыныстаған дүниетанымдық кеңістік – ешқашан діни фанатизмге бой алдырмайтын, ғарыштық универсализмге, яғни үндестікке үндейтін философиялыққұндылықтар әлемі. Бұл туралы атакты француз түркітанушысы Жан Пол Ру былай деп

жазады: «... тағдыр тоғыстырған кез келген дінге қызығушылықпен қарайтын, еш ойланбастан осы діндерден өзінің санасын толықтыра алар нәрсені ала білген бұл адамдар, христиандыққа, буддизмге, манихеизмге, йахудилікке, маздаизмге, исламға өткен, осы діндерде бола тұрып, алғашқы дүниетанымдықұстындарына да берік болған. Араларында қаншама дана, данышпандары бола тұра өмірлерін толығымен соғыс – жаугершілікке, яғни көшпелі мәдениетке арнаған, жүректері иманға толы жандар, басқаларға зәредей діни фанатизм, діни шеттетушілік көрсетпестен, тарихта болмаған төзімділік көрсетіп, өзара қайшы, дұшпан діни доктрина өкілдерінің түсіністік пен үйлесімділікте, үндестік пен өзара сыйластықта болулары үшін жанын салған адамдар. Дәстүрлі түркілік дүниетаным адамының жүрегінің тереңінде, санасыныңқабаттарында, сүйенген доктриналарының мәнінде универсалдылықпен байланысты бір жауһар (субстанция) болуы керек» [11, 127 б.].

Жеке өмір сүре алатын рухқа сену күллі әлем халықтарына тән болғанжәне ол тікелей шаманазмнің басты белгісі болып табылады. Ол тарихта анимизм деп аталады. Жын, дию және періге сену Орта Азия және қазақ даласынмекендеген ежелгі тайпаларға да тән. Алматы маңындағы Тамғалы, Алтай, Тарбағатай, Қалба,Шыңғыстау, Саяк, Хантау, Қапшағай тау-жоталарындағы тас шатқалдарында кездесетін таңбалардағы адам, хайуанат, небір қиял жетпейтін тұлғалардағы суреттерді ежелгі адамдар салған диюлар мен жындардың келбеті емес пе деп те қаласың. Өйткені ескі жазбаларда ежелгі замандардағы көшпелілер дәуірінде (біздің эрамызға дейінгі V–IV ғғ.) бақсы мен шаманның болғаны жайлы деректер бар. Мәселен, мал өсіруші тайпалардан шыққан даналар Абарис пен Деукетұлы Тоқсары күнжайлатқыш болыпты [11].

Біздің дәуіріміздің VI ғасырында жасалған абыздың мүсініне қобызы мен қоңырауы қоса қашалған. Сонда сол заманның абызы да біз көрген бақсыға ұқсас болғаны ғой. Бұған қарағанда бақсы болған. Орта ғасырлар дәуіріндегі Қазақстанда абызды пір тұту дәстүрі кең тарағанын жазба деректерден де білеміз. XIII ғасырда өмір сүрген саяхатшылар Плато Карпини, Гильом Рубрук және саудагер Марко Поло Орталық Азияның шеткері аймақтарынан «ит басты, сиыр сирақты» кеудесі мен басы тұтасып кеткен адамдарды көргендіктері туралы жазады [12]. Саяхатшылардың бұл айтқандары дәуде болса бақсыларға ұқсайды. Орта ғасырларға жататын монғолдың «Құпия шежіресінде» найман мен керей хандары ордаларында әр түрлі соғыс және саяси оқиғалар жайын да көріпкелдік айтатын

жауырыншылар, абыздар, бақсылар және тәуіптер ұстағаны жайлы баяндалады. Теб-Тәңірі Шыңғысханның айнымас досы ғана емес хан ордасының бақсысы да болған.

Сонымен Европа саяхатшылары «көрген» «ит басты, сиыр сирақты» қазақ аңыздарында да кездеседі. Қазақ бақсыларының пірі – Қорқыт ата. Бақсының жыны, перісі мен көріпкелдігі бар деп есептеледі. Жын атаулы жақсы және жаман жын болып екіге бөлінеді. Жақсы жынға періште, пері, пір жатқызылады. Олар: хайуанат тардың аталары: Ойсыл қара (түйенің пірі), Қамбар ата (жыл қының пірі), Сексек ата (ешкінің пірі), Шопан ата (қой пірі), Ғайып Ерен Қырық Шілтен (көзге көрінбейтін қорғаушы пір), Бабай Түкті Шашты Өзіз (Едіге ханның әкесі деп саналады).

Адам болмысының негізін құрайтын еңбектің формалары мен түрлері өзгерсе, оның қоғамдық сана мен қоғамның идеологиясы да өзгертінді мәлім. Көшпелілердің өнері жаңа әлеуметтік дүниенің нәтижесінде пайда болғандықтан оның жаңа өмірлік қажеттіліктеріне сай қасиеттері қалыптасуы керек еді. Көшпелілердің сапасы жағынан жаңа қоғамдық жүйесінде өнердің түрлері олардың көшпелі өмірге сай жағынан тандалады. Сондықтан номадтардың эстетикалық дүниесінде негізінде өнердің идеалды және затқа байланбаған түрлері дамыған. Қазақтар мен олардың аталарында ол поэзия мен музыка болды.

Музыка мен поэзияға қоғамның қойған мақсаттары көп функционалды болғаны соншама, халықтың рухани күштері осы аталған өнердің түрлерінің дамуына мақсат қойды. Поэзия мен музыканың мазмұны философиялық өмірді жырлау мен адам мен табиғаттың біртұтастығынан туындайды. Отырықшы жер шаруашылығымен айналысатын халықтардың коллективизміне сай табиғатқа қарсы шығатын пафостың керек еместігі көшпелі өмір салтында табиғат пен адамның тепе-теңдігін жырлайды.

Ежелгі шумерлер өз наным-сенімі, дүние түсінігімен зұлмат құбыжықпен арпалыста асқан ерліктің, батыллықтың таңғайжайып үлгісін көрсетеді. Гильгамеш пен Энкиду екеуі жеті рет жұтып Евфрат суын сарқып ішіп, адамдарды тіршілік нәрінен айырған зұлымдық мерезінің жүрегін суырып алады. Дауыл, тасқынды бейнелеуде ақындық, тегеуірінді жерсазы, ырғық-әуен ылғи алмасып отырады. Ғарыштық теңеулер соншалықты айбынды, төніп келе жатқан аласапыран, бүліншілік жаршысындай. «Өлімді нөсерлеп төгетін» Хумбаба келбеті зұлымдығына құрық бойласымен жан-жақты ашылады.



Эпосты тудырушылар өмірде өз орнын сақтап қалу үшін жаратылыс құдіретімен тайталасқан қайыспас, қайратты замандастары туралы сыр шертеді. Аңызға айналған айбынды айқасында адам сенімді серік, одақтастарын да сұрапыл, сұсты табиғаттың өз бойынан тапқан. Хумбабаға қарсы көзін аштырмай үрлеп, ышқынып, сегіз дүлей жел көтерілді.

Төтенше кимыл-қарекет шығарманың жалпы шабытты, асқақ рухи қуатынан, әсірелеу әуенінен, сом да шымыр кейіп-көріністер бітімінен ап-айқын аңғарылып-ақ тұр. Қаһармандар жаратылыс жанымен жарасып жатқандығы соншалық, сұмдық қиянат-кедергілердің бәрін жеңіп, өз үстемдігін асырған кезде де, олар бәрібір төл табиғатты көкейтесті бір мұратына жеткізген боп шығады. Жаратылыстың өзіне сарылып күткен тыныштығын сыйлайды. Хумбаба құлап, жын шашқан есірік мүшелері түгел өліп тынған сәтте асқар таулар мен орманды шыңдар да жайланып сала берген [13, 89 б.].

Күй аңыздарының көшкін мотивтері көп жағдайда тосын кездесулер, белгілі бір түйінді мәселенің күймен шешілуі, жан-жануарлардың ерекше қасиеттері, табиғаттың күтпеген құбылыстары, адамдар арасындағы кісілікті қарым-қатынастар, т.б. туралы болып келеді. Сөз жоқ мұндай мотивтерді прозалық фольклордың кез-келген жанрына ұштастыруға болады.

«Қорқыт ата кітабында» Бамсы-байрақ деген тарау бар [14]. Онда Бай бөрінің баласы Бамсының Бижан қызы Бану-Шешекке үйленуі, оғыз елін жау шауып, Бамсы байрақтың қолға түсуі әңгімеленеді Байбөрінің өгей ұлы Жарташық пен оның әйелі Қасырша елге көп зәбір көрсетеді. Бамсы-Берік ән-күй өнерімен тұтқыннан босанады. Алтын қабақ атып, бөйге алып Бану-Шешекке қосылады. Бұл Алпамыс жырының ең көне аңыз түріндегі нұсқасы деуге болады. Мұнда Бамсының теңіз жылқысы шұбар айғырын, темір шокпарын, емен садағын оғыз саудагерлері Рум елінен әкеп береді. Ал «Алпамыс дастанында Алпамыс жау жолында қалғанда Ұлтанқұл мен оның әйелі Бадамша жұртқа көп қорлық көрсетеді. Мұндағы тағы бір көңіл бөлерлік жай, Алпамыстың да, Гүлбаршынның да хат танытын адамдар болып бейнеленуі.

Қамдық жүйедегі экстаздық танымның (мистика) төркіні адамның мәнінде, жаратылысында бар құбылыс. Оны ешқандай тарихи-мәдени ықпал мен оқиғалар негізінде пайда болды дей алмаймыз. Негізінен, түріктердің дәстүрлі дүниетанымы мен дінінің мазмұнында мистикалық-сыршылдық бар. Қам дәстүрі

бұл ерекшеліктіөз арнасында дамытып, қолданған. Ислам дініне кірген түріктер осы діни-сыршылдыққа (мистикалық) негізделген діндарлықты сопылық тіршілігіне де бейімдеген. Қазақәлеміәуенмен безендірілген ғарыш болып табылады [15, 113 б.].

Шамандық музыканы Қазақстанда жан-жақты зерттеген ғалым – Едіге Тұрсынов. Ол Саха «ойууншыларының» даңғыра қағып, сарын айтып, жындарын шақыртып, олардан ауруға нендей ем қолдану керек екенін, нендей тәсіл қолдану керек екенін сұрайтын болған. Осы дәстүрлерді өзбек бақсылары да ұстанады. Емдеуге кірісер алдында олар емдеу тәсілін анықтау мақсатында кеседегі суға тілім-тілім мақта тастап, бал ашатын, немесе даңғыра қағып, сарын айтып, жындарын шақыртып, нендей ем қолдану керек екендігін олардан біліп алатын. Бұл – дүние жүзі халықтары бақсыларының барлығына ортақ жайт. Осыған сай бір үзінді келтірейік:

Ақ мандәкқа оран,  
Ақ қоңыраушыққа байлан,  
Ақ қолаға аударыл,  
Ақ аданға (келіп), тоқыра,  
Ақ кіріске аударыл,  
Ақ қоңырауға іззет қыл [16, 145 б.].

Мұндағы «ақ аданы» – бақсының даңғырасы. Бұл бақсының жындарын шақырғанда айтқан сөзі. Алтайлар құрамындағы чалқандықтар бақсының даңғырасын теке немесе марал деп түсінген. Бақсының даңғырасын «тірілткенде» жасалатын ырымдар кезінде олар: «Даңғыра-маралды (немесе даңғыра-текені)» тірілтіп жатырмыз, оған жан бітіріп жатырмыз, деп айтатын. Дегенмен, қам ойнаған кезде даңғырасын бұлар да «ақ адан» деп атайтын. Қалай болған күнде де алтайлар даңғыраны тірі, жанды нәрсе, бақсының көлік қылып мінетін малы деп түсінген. Кейде жолдың ауырлығына қарай алтай қамының даңғыра-көлігі бірде құс болып, бірде атан болып, бірде ат болып құбыла түсе береді. Жоғарғы аспанға шығар алдында даңғыра қазға айналады. Оның үстіне мініп алған қам:

Ақ аспанның астымен,  
Ақ бұлттың үстімен,  
Көк аспанның астымен,  
Көк бұлттың үстімен  
үрлей бер, құсым, өрлей бер! [16, 146 б.], –

деп, көлік-даңғырасын сөзбен қамшылап отырады. Сарынның әрбір жолын айтып болған соң, қаз болып: «Уңғай ғақ ғақ, уңғай ғақ, қайғай ғақ ғақ, қайғай ғақ!» – деп қайыра береді. Бір кездерде

кам әлем ағашы болып есептелетін, діндегінде тоғыз тепкішегі бар арнайы дайындап қойған қайыңға жақындап, бірінші тепкішегіне аяғын да, даңғырасын қатты соғып: Гок!Гок! – деп, қуана, қайың мен отты айналып барып, құрбандыққа шалынған жылқы болып есептелетін, үстіне ат кежі жамылған орындықтың үстіне атша мініп:

Бір сатыға шықтым,

Айхай, айхай!

Бірінші қабатқа жеттім,

Шабарғата!

Тантының басына шықтым,

Шабарғата!

Тантының басына шықтым,

Шабарғата!

Толған айға жеттім,

Шабарғата!»), – деп, аспанның бірінші қабатынан екінші қабатына, екінші қабатынан үшінші қабатына, т.с.с. көтеріліп бара жатқандығын, бақсы бүкіл әлемді, жарық дүниені, жоғарғы, жер асты дүниесін аралап өтеді деп сенген [16, 146 б.].

Қазақ бақсылары өз жындарын ата бабаларынан қалған мұрадеп түсінеді. Сондықтан олар жындарын уақытша басқа бақсыға «несиеге» беріп, «айырбастап», әлде өз мұрагерлеріне мирасретінде қалдырып отырады-мыс. Бақсылар қиялы жеткенше жындарын адам, хайуанат, құс, әлде фантастикалық жануарларкелбетінде сипаттай береді. Сондықтан әр жынның өз аты болады. Мәселен, Шақар, Шолақ, Жирентай, Қара бура, Кер жылан, Көк барак, Ер қоян, Баршын құс және тағы басқалар. Шоқан Уәлиханов жазып қалдырған бағаналы Қойлыбай бақсының жындарының аттары осы тектес болып келеді. Бақсы қиялынан туған жындардың кескін-келбетін әрбір бақсының өзіндік сарынынан айыруға болады. Бақсының өз жынын суреттеуде ештемеден қаймықпай, қиялқанатында қалықтайтынын аңғарамыз. Әсілі, мұндай дәстүрежелгі заманда қалыптасқан секілді. Оған дәлел ұлытау өңірінентабылған тас. Бұл тасты жазушы Ақселеу Сейдімбеков Қазақ ССР Ұлттық музыка аспаптары мұражайына әкеліп тапсырған.

Тас бетінде сыбызғы ойнап, жындарын шақырған бақсы бейнеленген. Бұл тастағы суреттерді ертедегі көшпелілер заманына жатқызуға болады. Жындар адам, жануар және фантастикалық хайуанаттар тұрпатында бейнеленген. Абайлап қарағанда жындардың бір тобы ит, түйе, керік тәрізді.

Бұлар, әрине, адам баласына «пайдалы» жындар-мыс. Ал осы суреттегінеше түрлі жер бауырлаушылар мен фантастикалық хайуандаркескінінде берілген тұлғаларды жаман «жындар» деп түсінуге болатын сияқты. Тастың тегіс бетіне реалистік кескінді бейнелермен қатар ирреалистік сюжеттердің орын алуы жынды екі топқа бөлуден туған. Осыған қарамастан барлық бейнелер бір сюжетке – бақсының зікір салып тұрған сәтіне бағындырылған. Сурет «кейіпкерлерінің» бәрі бақсының аспабынан шыққан үндіелти тындап, би үстінде бір-бірімен араласып кеткен тәрізді. Суреттің мистикалық түсінік-түйсікке әсер ететін қуаты басым.

Қазақ ұғымында жын тек бақсыда ғана болып қоймайды. Ұста, зергер, тіпті ақынның да иесі болуы мүмкін. Әлбетте, бұлар жын болып саналмайды, бірақ ие туралы түсінік те жын секілді бір танымдық тамырдан сусындайды. ХІХ ғасырда өмірсүрген белгілі айтыс ақыны Кемпірбай өзінің ақындық дарынын кеудесіне қонған көк ала үйрек сынды иемен байланыстырған екен.

Атақты әнші Әсет Кемпірбайдың көңілін сұрай келгенде, ақын қонағына былай депті:

Сұрасаң хал-жайымды, Әсет жаным,

Жатырмын ұшайын деп тұғырымнан!..

Кеудемнен көкала үйрек «қош!» деп ұшты,

Сол шіркін кәрі жолдас өлең білем,

Соны айтып, қайрылмастай ұшып кетті.

Осы өлең Серікбайға қонбас білем [17, 138 б.].

Қазақ тіліндегі дару деген сөз белгісі «кәсіби» жынның, иенің адам бойына сіңуін білдіреді-мыс. Дарын – талант, қолынан істөгілетін шебер, әнші, ақын. Жын немесе ие жануарға да даруы мүмкін. Ондай жануарларға түйе, жылқы, үкі, аққу, байғыз жатады. Бақсылардың түсінігінше, жақсы жындар жаман жындарға қарсы үнемі күрес жүргізеді. Жаман жындар оттан жаратылған-мыс. Егер бақсының көңілінен шықпай қалсаңыз, жақсы жынның өзі жаман жын тобына ауысып кетеді. Бұл пайымдаудан мұсылман діні мен бұтқа табынушылықтың арасындағы бітіспес күрес байқалады.

Қазақ бақсыларының сыйынатын пірлері құранды екені көпе-көрінеу: олардың арасында сулы жерлерді қорғаштап жүретіналбасты, көне түріктер заманында тәңіріден кейін тұрған молшылық әйел құдайы Ұмай ана, тіпті ислам дінімен қабаттаса енген шайтан да бар. Ерте кездерде абыздарға жын ретінде қызмет еткен жезтырнақ пен мыстан кемпір кейінірек қияли ертегілердің персонаждарына айналған. Қазақ ертегілерінің бас

кейіпкерлері көбіне осы жезтырнақ пен мыстан кемпіргеқарсы шайқасып жүреді. Албасты мен марту босанған әйелдермен нәрестелерді төңірекейді-мыс. Мартудың түр-түсі қазаққабеймәлім, ол адамға көрінбейді деп саналады. Жындардың аяқ баспайтын жері, істемейтін ісі жоқ болыпесептеледі. Сөйте тұра әр жынның өз «кәсібі» бар, деп саналады. Бұл түсінік адамның әлеуметтік қасиеттерімен үндеседі де, жын туралы ұғымның пайда болуының түп-тамырын ашады.

Жындардың «кәсібі» олардың, аттарынан-ақ айқын байқалады. Жын аттарының ішінде адам есімімен қатар зат пен хайуанатаулары да кездеседі. Осы атаулардың ішінде көне құдай аттарыда ұшырайды. Бұл жын туралы түсініктің әр тектілігінің айғағы.

Мәселен, көне дәуірдің молшылық құдай анасы Анахита мен оның көне түрік дәуіріндегі баламасы Ұмай ана мұсылмандықсалт-сана етек ала бастаған кезде нәрестелер мен толғақ қысқананалардың қас жауы – албастыға айналады.

Жоғарыда біз бақсы сарындарынан жын ұғымының пайдаболу жолдары анық байқалады дедік. Балабақсы (шын аты Рахаділ. 1926 жылы туған. Әкесі Байбарак бұрыносы өңірдің атышулы бақсысы болған), жындарын әкесінен мирас етіп алдым деп санайды. Оның бас жынының аты Көк барақ. Бұл жынның басы бөріге, денесі адамға ұқсайды-мыс.

Атаға біткен Көк барақ,  
Тілің тұр ма салақтап!  
Жал-құйрығың тарайсың.  
Кіндігіңнен қатасың,  
Бауырыңнан жарайсың.  
Әуеге қарап ұлисың,  
Нені көріп ұлисың?! [17, 139 б.]

Бала бақсы қобызына да жын дарыған деп санайды,  
Қарағайдың түбінен,  
Қайырып алған қобызым,  
Үйеңкінің түбінен,  
Үйіріп алған қобызым.  
Жынды жиып күжілдейсің.

Маған шаппа, дертке шап! [17, 140 б.]

Бұл сарынның тегі әріде жатыр. Сарын кезінде Ш. Уәлиханов жазып кеткен Қойлыбай бақсының сарынына ұқсас. Бала бақсы сарынында көне кәсіби өлеңтіркестері де бар. Бұл сарынның синкреттік жолмен туындайтынын айғақтайды. Мына төмендегі

қазақ ұсталарының пірі болып саналатын Бапының («Ер Төстікте» Бапы хан, жер астының, жылан әлемінің патшасы) бейнесі еске түседі:

Шамырқанып, шамданба!  
Буырқанып, бұлданба!  
Оң қолымда балғам  
Сол қолымда қысқашым.  
Көрігім тұр гүрілдеп,  
Емің болса, салғайсың  
Көздің жасын көргейсің!

Сөз етіп отырған сарын тектінде ежелгі мифтік персонаждар да бар.

Түкті Бабай Әзіз Шаш!  
Сыйынамын өзіңе!  
Астыңда бар көк есек,  
Айқара жамыласың,  
Сауытың мен сайманыңды.  
Аш бөліңе ілесің қылышыңды.  
Қалта қарап тұрасың,  
Көлденең сап ашанды [12].

Сарында Бабай түкті Шашты Әзіз көк есекке мінген, жалаңашбөліне қылышын ілген диуана іспеттес. Ашасы оны грек-риммифологиясындағы су перісі Нептунға ұқсатады:

Буырқанып, бұлданба!  
62 тамырға салғайсың ашанды!  
Ала алмасам маған серт!  
Жаза алмасаң саған серт! [17, 141 б.]

Өлең сарынынан бақсы санасы шамалаған дүниенің көрінісі жақсы байқалып отырады. Бақсының көзіне түскен заттардың барлығы жанды, тірі, адам іспеттес. Бұл – антропатизацияның салдары. Тіпті Көк Барақ иттің өзі адамға ұқсайды. Оның тұлғасынан көптеген діни қағидалар мен сенімдердің сарқыншақ жиынтығын аңғарамыз. Ішінде тіпті «Таураттың» да ықпалы байқалады. Мәселен, Дәуіт пайғамбардың аты аталмағанымен оның ұсталық қару-жарақтары түгелімен сипатталады. Қазақбақсыларының өз қобыздарын кейіптендіру дәстүрі басқа сарындарда да кездеседі. Бабай Түкті Шашты Әзіз – бақсылардемонологиясының тұрақты өкілі. Ол қазақ фольклорында Алтын Орда ханы Едігенің әкесі екені айтылады. «Едіге» сарыны қазақ эпосының кейбір үлгілерінде де кездеседі. Бабай аттықұдай ертедегі көшпелілердің пантеонында болған.

Тарихтыңатасы Геродот оны (Папай) скифтердің Зевс секілді құдайыдеп жазады [18, 59]. Бабай атауы түркі тілінен шыққан. Түпнегізі – ата-баба.

Сонымен қазақ бақсыларының жын атаулары көктен түспеген. Олардың бәрі тарихи-әлеуметтік дамудың әр түрлі кезеңдеріндепайда болып отырған. Бақсылар өз жындарын сарындарынақосып отырғанға ұқсайды, өйткені зікір салу үстінде тыңдаушыда оның шығу себебіне назар аудара бермейді. Сарынның негізгінысанасы – тыңдаушыларын «жын» аттарымен арбап, жұрттысоқыр сезіммен еріксіз баурау. Қазақ бақсыларының сарындарындағы «жын» атауларыныңекі қайнар көзі бар. Оның бірі – даламызда өте ерте кезде пайда болған жерлеу салтымен сабақтас. Бұл жерлеу салтынашамандық түсініктің ықпалы зор болған. Қазақ бақсыларын пандемониумының енді бір көзі – дүниежүзілік діндердіңдемонологиялық қағидаларының категориялары болыптабылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Шулембаев К. Ш. Маги, боги и действительность. - Алма-Ата, 1975. - 238 с.
- 2 Қашқари М.. Диуани-и Лұғат ит-Түрік. 3. бөлім. – Алматы: Жазушы, 1999. – 37-48 бб.
- 3 Marvazi: Minorskiy. Sharaf al-zaman Tahir Marvazi on China, the Turks and India, London 1942. s.30; s. 150; Ramazan Şeşen.İbn Fazlan Seyahatnamesi, İstanbul: Bedir Yayinevi., 1995. - 320 s.
- 4 Ыбыраев Ш. Қорқыт және Шаманизм. (Тәңірлік дін өкілі) // Қорқыт Ата. Энциклопедиялық жинақ. – Алматы: Қазақ Энциклопедиясы Бас редакциясы /бас редактор Ә.Нысанбаев, 1999. – 573-618 бб.
- 5 Кастанье И.А. Древности киргизской степи и Оренбургского края. – Оренбург, 1910. – 322 с.
- 6 Бартольд В.В. Тюрки: Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. – Алматы: Жалын, 1993. – 192 с.
- 7 Элиаде М. Шаманизм: архаические техники экстаза. Пер. С англ. – Киев: София, 2000. – 247 с.
- 8 Аязбекова С. Картина мира этноса: Коркут-ата и философия музыки казахов. – Алматы: ИФП, 2002. – Ч.3. Двумирье бикультуры. – 285 с.
- 9 Жұбанов Х. Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы туралы. – Қызылорда, 1936. – 75 б.

10 Марғұлан Ә., Әкішев К., Қадырбаев М., Оразбаев А. ОрталықҚазақстанның көне мәдениеті. – Алматы: Наука, 1966. – 288 б.

11 Тұрсынов Е.Д. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – Алматы: Қазақ ССР “Ғылым” баспасы, 1976. – 246 б.

12 Хасенов Ә. Қазақстан мәдениеті мен өнерінің тарихы. Т.1. – Алматы: Ғылым, 2008. – 288 б.

13 Серікқалиұлы Зейнолла. Дүниетану даналығы. – Алматы: Білім, 1994. – 224 б.

14 Хасенов Ә. Қорқыт туралы жазбалар // Қазақ әдебиеті. – 1982. – 12 қараша.

15 Мухамбетова А.И. Народная инструментальная культура казахов. – Л.: Наука, 1976. – 220 с.

16 Турсунов Е. Древнетюрский фольклор: истоки и становление. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 172 с.

17 Ақатай С.Н. Древние культы и традиционная культура казахского народа: монография; Тарихи мақалалар. Қайта басылған.– Алматы, 2011. – 424-б., 4 ж. б.

18 Аристей. Аримаспея. //ВДИ. 1947. № 1. – С.41-63.

#### ҚАЗІРГІ ҒЫЛЫМНЫҢ, ФИЛОСОФИЯНЫҢ, МӘДЕНИЕТТІҢ ЖӘНЕ ДІННІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: БОЛШАҒЫ ЖӘНЕ ҮДЕРІСТЕРІ

ЖАРАСҚАНҚЫЗЫ А.

тарих пәнінің оқытушысы, Торғай аграрлық-техникалық колледжі,  
Арқалық қ.

ҚҰРЫМБАЙ Ө.

1 курс студенті, Торғай аграрлық-техникалық колледжі, Арқалық қ.

Аса қамқор, ерекше мейірімді де рақымды Аллаһ тағаланың атымен бастаймын. Жоқтан бар етіп, ұшы-қиыры жоқ тұңғыық әлемді шексіз нұрына бөлеп, ерекше құдіретімен жеті қат көкті жаратқан, әспеттеп, адамзат баласына сый табақтай етіп ұсынған, барша жаратылыстың сырына қанық, әуелі мен ақыры болмаған Аллаһ тағалаға мақтау мен мадақтаулар болсын [1, 7 б.].

Бүгінгі таңдағы адамзат тап болып отырған жағдайды жете түсіну үшін ғылым және техника тарихының маңыздылығын түсінуіміз қажет. Жаратылыстану, техникалық және гуманитарлық ғылымдар

жалпы ғылыми прототип негізінде, яғни антикалық ғылым негізінде қалыптасты. Жаратылыстану және техникалық ғылымдарда зерттеліп отырған объектіні белгілі бір параметрлерді өзгерту арқылы оның нәтижесін айта алатындай мәселе қояды. Ал гуманитарлық ғылымдар зерттеліп отырған объектінің түсінігін беру әдісін, жалпы зерттеудің сипатын анықтайтын қызметін көрсетеді. Ғылым таным құралы дамушы организм ретінде танылуы тиіс [1, 140 б].

Ғылым дамуы барысында жаратылыстану, әлеуметтік және техникалық ғылымдар өзара тығыз әрекеттесуі барынша күшейіп, тәжірибенің «ғылымдануы», адамдардың өмірінің барлық салаларында да ғылымның рөлі белсенді түрде өсіп, оның әлеуметтік маңызы артып, ілім-білім түрлерінің ғылыми, сондай-ақ, ғылымилықтан тыс түрлері өзара жақындасып, ғылымның аксиологиялық (құндылықты) егемендігі нығая береді. Ғылымды жеке салаларға бөлу құбылысты заттардың табиғатына, олардың заңдылықтарына бағыну шартында іске асады. Әрқилы ғылымдар және ғылыми пәндер тәуелсіз емес, бір-бірімен байланысты, түрлі бағыттарда өзара әрекеттесу жолымен дамиды. Олардың біреулері – белгілі бір ғылыми мәліметтерде екінші бір ғылымның пайдалануынан көрінеді. Ал осы орайда ислам философиясында ең маңызды мәселелер жалпы және жалқы алғанда мұсылман ойшылдарының философиялық мұраларына берілген атау. Ислам философиясы философиялық ойлау жүйесі тұрғысынан басқа философиялармен ортақ. Басқа философияларда тақырыбымен әдіснамалық жағынан да айтарлықтай айырмашылығы жоқ. Дегенмен, әрбір философия, кеңістік пен уақыттың саяси, географиялық, діни, әлеуметтік ой-өрісінің ерекшеліктерін өз ішіне қамтитындықтан басқа философиялардан оқшауланып тұратын өзіне тән табиғаты болады. Сол сияқты ислам философиясы ислам діні, мәдениеті шеңберінде, ислам жеріндегі мұсылман ойшылдарының жасаған философиясын білдіреді. Бұл тіркесті бұрыс түсіндірушілер «ислам» сөзін дін, яғни ислам дінімен тең деп ойлайды. Бұдан олар Құранмен Сүннетті философия деп қабылдайды. Бұл түбірімен қате пікір. Ислам философиясы тіркесінен «ислам дінінің» философия екендігі мақсат етілуі тиіс. Әлбетте, ислам дін ретінде философия емес, өйткені, дін адам ойының жемісі емес. Сондықтан ислам философиясы тіркесіндегі «ислам» сөзі «философия» сөзінің анықтамасы, яғни бұл жерде ислам сөзі дінге емес сол діннің өзі қалыптастырылған өркениеті мен мәдениетіне қатысты айтылып тұр [1, 5 б.].

Қазақтың дүниетанымындағы дін мәселесі халқымыздың рухани мұра жүйесінде оның ертедегі дүниетанымдық ойлау элементтерінен

бастап, қазіргі заманғы толысқан дүниетанымдық теориясын түгелдей қамтитын ұзақ та жемісті жолдардан өтіп, әлі де зерттеліп қарастырылууда. Мәдениет саласындағы, оның ішіндегі наным сенімдерге қатысты қиын мәселелерді де назардан тыс қалдыруға болмайды. Ислам діні пайда болғаннан соң көптеген мәдениеттер де философиялықтар да және де әлемдік сан түрлі ойларда түбегейлі өзгерді. Жалпы жаһандық мәселелерді кеңінен алып қарасақ ең негізгі ой «болашағы және шешу үрдістері» болып қарастырылады.

Қазақ халқы ежелден бері ұстанып келе жатқан ислам дінінде наным сенімге, түрлі құбылыстарға кеңінен мәдениет пен қарастырған. Діни радикализм мен экстремизм мен халықаралық терроризм проблемалары қазіргі таңда әлемдік деңгейде ерекше өзектілікке ие. Бүкіл дүниежүзін дүр сілкіндірген ғасырымыздың басты проблемасы өкінішке орай, әлем бөлшегі болып табылатын Қазақстанға да өз әсерін тигізуде. Аталмыш проблемалар әр түрлі факторларға негізделеді. Солардың бірі-діннің саясиленуі, яғни осының негізінде деструктивті ағымдардың белгілі саяси мақсаттарға жету үшін пайдаланатын құралға айналуы. Мұның мысалын өткен ғасырдың соңғы кезеңінде радикалды көзқарастарға ие болған көптеген экстремистік және террористік қозғалыстардың таралу үдерісінен байқауға болады. Ал діни экстремизмнің кең таралуы, әсіресе Орталық Азия елдерінің басты проблемасына айналған. Осы тұста Республика Президенті Н. Ә. Назарбаевтің «Қазақстанда терроризм, сепаратизм және экстремизм проблемалары бар. Әсіресе халықаралық терроризмнің кең қанат жайғанын және халықаралық қауымдастық пен аймақтардың саяси-әлеуметтік және экономикалық мәселелермен ұштасып, саясиленуінен ескерсек, олардың тарапынан туындаған қауіп ойдан шығарылған емес, нақты және шынайы өмірлік қауіп» [1, 55 б.] деген пікірі маңызды және оның маңыздылығы экстремизмнің, оның ішінде діни экстремизмнің лаңкестікке серпіліс беруімен немесе оған ұласуымен анықталады.

Қазақстанда миссионерлік әрекеттің қарқынды аяқталуы Ресей империясы қазақ мемлекет меншігі ретінде және шекарасын ресми түрде белгілеп, картасын сызып бекіткен соң патша үкіметі бұрынғы уақытта ислам дінін тарату саясатынан бас тартып, 1862 жылдан бастап ресми түрде қазақ халқын шоқындыру, сол арқылы біртіндеп орыстандыру саясатын ашық жүргізе бастады. Патша үкіметі бұл миссионерлік әрекетті жан-жақты зерттеп әрі сақтықпен жүргізді. Мәселен ең шұрайлы жерлерден қазақ

шаруаларын ығыстырып, орыс мұжықтарын көбірек қоныстандыру, жер-су аттары мен адам есімдерін өзгерту, елді мекендерде аралас мектептерін ашу, жергілікті халықтың жазу емлелерін ауыстыру, билік структурасы мен туыстық институттарына өзгерістер енгізуді шіркеу мемлекетпен бірлесе жүргізді. Бұл саяси процес Ұлы Қазан төңкерісі кезінде біраз уақытқа тоқтағанымен әрі қарай Кеңес үкіметі миссионерлікті басқаша сипатта жүргізді қысқаша айтқанда Кеңес үкіметі өзіне бағынышты аз халықты қызыл орағымен орып, балғасымен жаншып, төл діні мен мәдениетінен айырып дінсіз ұрпақ тәрбиелеп, дүбәрә ұлт жасады. Жетпіс жыл өмір сүріп, тарих сахнасынан кеткен «Ұлы держава» миссионерлікке айқара жол ашып берді. Тәуелсіздігіміз жарияланып, егменді ел болғалы бері елімізде діни экспансия үдеп дін мәселесі қоғамымызда басты назарда тұрғаны да жасырын емес. Іргесі бекімеген егемен еліміздің «Діни-сенім бостандығы» туралы заңымыздың тым асығыс әрі еш дайындықсыз қабылдауын пайдаланған кейбір түрлі жат пиғылдағы діни секталар миссионерлік әрекеттерін белсенді түрде іске асыра бастады. Оның соңғы кезеңі-еліміздің тәуелсіздік алған жылдарымен тұспа-тұс келеді. Осы уақытта республикамыздың территориясында бұрын соңды кездеспеген діни ағымдар мен секталар көптеп орналаса бастады.

Өткен 2012 жылдың 14 желтоқсан күні Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» Стратегиясы «қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауын жариялаған болатын. Аталмыш Жолдаудың «Жаңа Қазақстандық патриотизм-біздің көпұлтты және көп конфессиялы қоғамымыз табысының негізі» атты 7-тарауының 6-бөлімі «XXI ғасырдағы Қазақстандық дін» деп аталады. Ол жерде « Бүгінде біздің халқымыз үшін дәстүрлі емес діни және жалған діни ағымдар мәселесі өткір тұр. Жастарымыздың бір бөлігі өмірге осы жат жалған діни көзқарасты көзсіз қабылдайды, өткені, біздің қоғамның бір бөлігінде шеттен келген жалған діни әсерлерге имунитеті ілсіз» [2] деп жазылған. Аталмыш тұжырымның өзі мемлекеттің қоғаммен, оның ішіне азаматтармен бірге аталмыш құбылыстарға қарсы күресу үшін шеп құру қажетігін айқындап берді.

2005 жылдың ақпан айының 18 күні қабылданған № 31 – II Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл» туралы заңының 1-бабының 3-тармағында «экстремизмнің алдын алу-экстремизмнен сақтандыруға бағытталған құқықтық,

ұйымдастырушылық, тәрбиелік, насихаттық және өзге де шаралар жүйесі» делінген құқықтық анықтама берілген. Сонымен қатар, аталмыш заңның 5-бабында экстремизмге қарсы іс-қимылдың негізгі бағыттарының бірі ретінде «экстремизмнен сақтандыруға, соның ішінде оны жүзеге асыруға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және кейіннен жоюға бағытталған алдын алу шараларын қабылдау» деп белгіленген [3].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Назарбаев Н.Ә. Сындалы он жыл.-Алматы: Атамұра, 2003. - 55 б.
- 2 Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»еқепен. kz. 2012 жыл 15 желтоқсан.
- 3 www.sarap.kz.- religyyi-i-obshestvo
- 4 Ислам ғылымхалы Кіріспе [1. 7 б.]

#### ИМАНДЫЛЫҚ ИІРІМІН ТАНЫТУДАҒЫ ДІНДАРЛАРДЫҢ ТІЛ МӘДЕНИЕТІ МЕН СӨЗ ӨНЕРІ

ЗЕЙНУЛИНА А. Ф.

ф.ғ.к. профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ИБРАЕВА А. Т.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Шешендік дегеніміз не? Ойшылдарға сүйене айтсақ, шешендік – кісі көркі, ақылмен билеу өнері. Дидарласушымыздың жүрегі мен ақыл-ойын баурап алуға, оны не нәрсеге болса да сендіруге, иландыруға септесетін бізге берілген сый. Кез келген нақтылы зат туралы шебер сөйлеу өнері және сонысымен өзгелерді өз ойына ойыстыра білу. Біліктілік пен білімнен, қуатты түйсік пен терең сезімнен, санадағы саңлақтық пен ұшқыр қиялдан, тер төгу мен ой тербелісінен туындай келе, білгірліктен кейін тұрады. Сөз бен ойға негізделеді. Биік дүниетаныммен, ғылым-білімді терең меңгерумен, халықтың тұрмыс-тіршілігін, жөн-жосықтарын жүйрік танумен, жалпы айтқанда, адамзаттың рухани мәдениетінен мол хабардар болуымен, ой өрісінің кеңдігімен тамырлас. Демек, кез келген адамға қажетті шешендік дегеніміз – тыңдаушылардың жан-сезім әлемін сөзінің әдемілігімен, образдардың жарқындылығымен, нақыл, ғибрат сөздердің

ұшқырлығымен толқытатын, баурайтын өнер, өзгеше қабілет-қарым, тума қасиет, сондай-ақ өскен ортаның, үлгілі жандардың, ұлағатты туындылардың тағылым-тәрбиесі, өз дүниетанымының нәтижесі.

Ел алдында шебер, шешен сөйлеу көп еңбектену, оқып, үйренуді талап етеді. Шешен адамдарда негізінен, сөз көркемдігі ой тасқынынан табиғи түрде туындап жатады. Көркемдік талғам мен шешендік тәсілдерді дұрыс пайдалана білген адам ғана эстетикалық әсер ету күшіне ие бола алады. Сонда шешендік өнерге көп сөйлеп, оны сынағып үйренуге болады ма, әлде оған жазып дайындалған дұрыс па? бұл орайда әйгілі шешен, данагөй Цицерон былай дейді: «Қалам – көркем сөздің ең жақсы жаттықтырушысы. Басқалардан үйренуде ең өнеге тұтарлығына теңесуге ұмтылу керек. Өзің үлгі еткен шешеннің жақсысының бәрін алуға тырыс. Оңайын, көзге түсіп тұрғанын ғана емес, ең маңыздысы – шынайы шеберлігіне жету. Ол еліктеу болып кетпеуі керек. Мықтыға қанша ұқсап тұрсаң да, көшірме түпнұсқадан ылғи да көш төмен болады. Халық алдында сөйлеу үшін сөздің өзіндік «бейнесі», өз мәнері болғаны абзал.

Қазіргі таңда ең басты мәселелердің бірегейі – қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін көтеру, барлық қаракөз бауырларымыздың өз ана тілінде сөйлеуіне қол жеткізу. Тек тіл үйренуде ұмыт болып бара жатқан шаруа бала бақша, үй, мектеп, жоғары оқу орындарында ұл-қыздарымызды тілдік қоры бай қазақ тілінде сөйлеу мәдениетіне үйрету. Содан, үйде де, көшеде де, қоғамдық орындарда да бірқатар жастарымыздың бір-бірімен қарым-қатынас жасағанында, әңгімелескенінде қалай болса солай сөйлейтіні, қазақ тілінің қадір-қасиетін түсінбейтіні байқалады. Олай болса, шешендік өнер, сөйлеу мәдениеті, ауызша, жазбаша сөйлеу – әдептіліктің биік шыңы, имандылық тынысы. Өмір, тіршілік адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын қажет етеді. Олардың түсінісудегі негізгі құралы – тіл. Әр адам дұрыс сөйлей білуі, сөйлесу мәдениетін меңгеріп, оны өз бойында қалыптастыра білуі тиіс. Қарым-қатынас адамдардың отбасымен, өскен, араласқан ортасымен, елімен, жерімен, дәстүрі, мәдениет қазынасымен етене әрі жанды байланысы. Қарым-қатынаста адамдардың жан дүниесі, өмір тіршілігіндегі бейнесі көрінеді. Әдеп пен имандылық – сөйлесудегі, пікірлесудегі мәдениет тірегі. Мәдениет – адамдардың рухани және материалдық, білімдарлық пен сезімталдық қасиеттер аңғарылатын белгілерінің жиынтығы. Имандылықтың туы – тіл, ол адамзаттың мұратымен астасып, сол ұлтпен бірге пайда болып, дамып отырады. Өз тарихын, ұлттық дәстүрін, туған жерін, тілін қадірлей білген адам ғана мәдениетті болады.

Сөйлеу, тілдік амалдар, тіл мәдениеті туралы сөз етсек, адамның тіл амалдарын пайдалану арқылы пікірін, ойын білдіруін – сөйлеу деп атайды. Сөйлеуге адамның анатомиялық мүшелері қатысады, алайда ол адамның психикалық қабілетіне, қоғамдық тәжірибесіне тығыз байланысты. Сөйлеу үшін жасалған тілдік амалдар ұзақ уақыт бойы адамдардың пікір алысу тәжірибесі негізінде қалыптасты. Тілдік амалдар – сөз тудыру, сөйлем құрау ережелері. Олар – көпшілікке ортақ, объективті категориялар. Соның нәтижесінде тіл – жұрттың бәріне бірдей түсінікті қатынас құралы. Сөйлеудің әр коммуникативтік жағдайына сәйкес ыңғайланған стилі болады. Тіл мәдениеті – тіл білімінің әдеби тілінің нормасы мен оның дамуын, сөйлеу тілімен қарым-қатынасын зерттейді. Тіл мәдениетінің тілдің басқа салаларынан айырмашылығы оның күнделікті өмірде тілдің қолдану, жазу, сөйлеу мәдениетімен жақсы қарым-қатынаста болуы.

Тіл мәдениеті мен күнделікті қарым-қатынаста сөйлеу мәдениетінің негізгі қағидалары – сөйлеу әдебі, тыңдай білу әдебі, мәдениет мәйегі ескерілуі тиіс.

Сөйлеу әдебі

Сөйлегенде мынадай нәрселер ескерілуі тиіс:

1. Орфоэпия заңдылықтарын сақтап, сөзді орынды қолдану.
2. Қолды сермеуге, қатты күлуге, мәнсіз майысуға, аса қатты сөйлеуге немесе мінгірлеуге болмайды.
3. Өзің туралы айта беру, барлық сөзді өзіңнен бастау – әдепсіздік, білмейтін нәрсе туралы айтудың қажеті жоқ.
4. Қатты сөйлеп тұрған адамға қатты жауап берудің қажеті жоқ, байыппен сөйлеу керек.

Тыңдай білу әдебі

Тыңдай білуде мыналарды басты назарда ұстау керек:

Кісімен сөйлескенде оның жүзіне сыпайылықпен назар сап, айтайын деген ойын сабырмен тындап, асықпай, сөзінің аяғын күткен дұрыс. Сөйлесіп тұрғанда мән бермеу, теріс айналу, сағатқа қарау, шыдамсыздану әдепсіздікке жатады. Өзгелердің сөзіне рұқсатсыз араласпау керек. Қажет болғанда, «ғауап етіңіз, сөзіңізді бөлемін» деп барып, айту керек. Келіспейтін жағдайда шыдамдылықпен тындап, пікіріңді орнықты, дәлелмен сабырлы жеткізе білу керек. Тыңдау екі түрлі болады:

1. Үндемей, сөйлеушінің сөзін бөлмей тыңдау.
2. Сөзге араласып, өзара ой алмасып отырып тыңдау. Сөйлеуші адамның мінез-құлқы, жасы, жынысы, әлеуметтік жағдайы ескерілуі тиіс.

## Мәдениет мәйегі

Адамның жан дүниесін тануға деген құлшыныс, ой-сезіміне деген құлықтылық, жүрек түкпіріндегі мұң-сырына ортақтасауға деген бейімділік, қарттықты құрметтейтін, жастықты үкілейтін, қайрымдылықты қастерлейтін игі дәстүр, балаға мейірім, атаға қамқорлық, ағаға ізет, ініге ілтипатты кие тұту – рухани өміршендік, әдептіліктің, мәдениеттің басты көрінісі. Жан баласын жатсынбайтын, өзгелерге түсініспен қарайтын, болмысынан турашыл, адал, жомарт, батыр, қайсар, өжет, өр қасиеті – қазақ мәдениетінің мәйегі. Мұның бәрі имандылық деген әлемнің алтын кірпіштері.

Сөйлеудің тағы бір үлкен сипаты – оның мәнерлілігі. Өзара тілдескенде, лекция, баяндама жасағанда мәнерсіз сөйлеу – ол қаншама мазмұнды ойға толы болса да, әсерсіз, жансыз болып шығады. Ауызша сөйлеудің эмоциялық реңкі интонациямен, мимикамен, ишаралармен білдіріледі. Жазбаша сөйлеуде мұндай мүмкіндіктер жоқ. Сол себепті қағазға жазушы адам өз сөздерін барынша қиыстырып, оларды өз орнына тауып қойып, ойын мәнерлі түрде жеткізе алады. Иә, сөйлей білу – өз ойыңды кемсітіріп тұрып айтып бере білу, оның мазмұнын ғана баяндап қоймай, нәзік сырларын сол қалпында жеткізіп, тыңдаушының етжүрегін елжірете білу.

Дұрыс сөйлей білген адам өз ойын, айтқанын тыңдаушыға толық түсіндіре біледі. Адамдар оны ауызша диалогтық, ауызша монологтық және жазбаша сөйлеуде әртүрлі жолдармен жүзеге асыра алады. Бұл сөйлеу түрлерінің арасында психологиялық айырмалар да баршылық. Әлеуметтік тұрмыстық қарым-қатынастағы сөз әдебінде әр түрлі жағдаяттық тақырыптарға әңгімелескенде «сіз» және «сен» концептілерінде қаратпа, қыстырма сөздерде сөйлеу этикеті мен ерекшеліктерін айқын аңғаруға болады. Ағылшын тілінде қазір «сен» деп сөйлесу іс жүзінде жоқ. Оларда мұндай есімдіктің өзі де ұмытылған. Ол XVI ғасырдың өзінде қолданыстан қала бастап, XVIII ғасырдың басында оны сыпайы «сіз» деген есімдік алмастырған-ды. Тіл мамандарының түсіндіруінше, көне замандағы «сен» сөзі тек шіркеу тілінде, көтеріңкі, лепті поэзияда ғана сақталған көрінеді. Сол себепті, оны «Уа, сен!» деп аударған дұрыс дейді. Кейінгі кезде орыс тіліндегі «товарищ» деген қаратпа сөз де ерсі естіліп, қоғамдық орындарда «мужчина», «женщина» деген қаратпа сөздер күштеп орныға бастады. Алайда оны қазақ тіліне аударып: «Еркек!», «Әйел!» деп айқайлар болсақ, ол өте

ұятты. Сол себепті сөз мәдениетін түсінетін біздің бауырларымыз қоғамдық орындарда: «Апай», «Ағай», «Қарындас», «Інім» деген қаратпа сөздерді қолданып, ол транспортта, сауда орындарында, театрда өзара қарым-қатынас тіліне сіңісіп кетті. Шіркін, сөз қадірін түсініп, сөйлеу мәдениетін сақтай білсе, біздің қазақ тілінің мазмұны өте бай, сөздері өте сұлу, мейірім, имандылыққа толы ғой.

Қазақ Елінің ұлы жазушысы Ж. Аймауытов – Ана тілі жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін, қысқасы, жанның барлық толқындарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп сақтап отыратын қазына. Сондықтан да біздің ана тіліміз халық болып қалыптасқаннан бері жасап келе жатқан жан дүниеміздің айнасы, өсіп өніп, түрлене беретін мәңгі құрымайтын бәйтерек болып қалмақ...» деген екен [3, 14].

Шынында да, тіл - адам қоғамының туындыларының ішіндегі асылдардың асылы, қымбаттың қымбаты, адамды адам еткен ұлы күштердің бірі. Ол қоғам тарихының барлық дәуірінде де оның күресі мен дамуының құралы, рухани өмірінің, бүкіл мәдениетінің тұтқасы болып келеді. Қоғамдық ой-сана, дүниетаным тіл арқылы ғана қалыптасып, жарыққа шығады, басқаларға беріледі.

Тіл – адам баласын қазіргі прогреске жеткізген ұлы да бірегей туынды. Осы себептерден де сөйлеу мәдениетіне жетілу, тілді дұрыс та, тиімді және шебер де тартымды пайдалана білу талабы көне замандардың өзінде-ақ басталған.

Адамдар өздерінің өмірлік серігі, бүкіл тіршіліктің құралы, рухани өмірінің айнасы – тіліне, оның тағдырына бейтарап қарамаған, оны қызғыштай қорып мөпелеген. Қоғамның мәдени дәрежесін көтеру бағытындағы әрбір қадам, алдымен, тіл мәдениетін, жазу, сөйлеу шеберлігін дұрыс жолға қою, оны үздіксіз жетілдіре беру талабынан басталып отырған.

Тіл тазалығына, сөйлеу шеберлігіне қазақ халқы ерекше мән берген. Ғылым-білім дегендерден алыс жүрген замандардың өзінде де тіл өнерін - өнердің өнері, «Өнер алды - қызыл тіл» деп бағалаған [1, 21]. Асылы, жақсы сөзді жанына азық ете білген, атқан оққа тоқталмаса да жүйелі сөзге бас иген, орнын тапқан екі ауыз сөзді ер құнымен теңестірген бір халық болса, ол қазақ халқы болар. Тіл ұстартқан халқымыз тіл өнерін мөпелеп отырып, сол қадірлісінің қадірін түсіретін, оған жауапсыз қарайтын, сөз мәнісін білмейтін көз жұмбайлыққа да жирене қарап, солардың атына да ащы, өткір сын айтқан [4, 14]. Мәселен: *Байлауы жоқ шешеннен, үндемеген есті артық; аузына келгенді сөйлеу – ақымақтың ісі, алдына келгенін*



*жеу - айуанның ісі, осекиінің тілі қышып тұрады; іріген ауыздан - шіріген сөз шығады; Жақсы сөйлесе - аузынан гүл төгіледі, Жаман сөйлесе аузынан жып төгіледі* – деген мақалдар осындайларға айтылса керек. Сондықтан да «бауыздамай қан шығаратын», «мірдің оғындай өткір» ащы мысқылдарды тіл бұзушыларға, сөз жүйесін білмейтін бәтуәсіз адамдарға айта білген.

Сөзге байланысты мынадай да тіркестер бар: «отты сөз», «жылы сөз», «жүйелі сөз», «орынсыз сөз», «жаман сөз», т.б. [3, 9]. Бұлардың қайсысы болсын, сөйлеуші адамның ішкі жан дүниесін қандай мақсатпен қозғалысқа түсетіндігінен хабар береді десек, артық айтқандық емес.

Сырым мен молда

Сырым жол жүріп келе жатып, бір мешітке кез болып, намаз оқуға тұрады. Сырымның жеңінің ұзындығы етігімен бірдей екен. Мешітке кіріп намаз оқығанда жеңін түрмей, қолын жеңінен шығармай оқиды.

Молда Сырымның мұнысына наразы болып:

Намаз оқығанда қолды жеңнен шығарып оқу керек, – деп ескертеді.

Қолды жеңнен шығармай оқудың қандай зияны бар? – дейді Сырым.

Қолыңды шығарып оқысаң, қолға нұр құйылады, алақаныңмен бет сипағанда нұр бетіңе тарайды, – дейді молда.

Ол нұр қайдан келеді? – дейді Сырым.

Көктен келеді, – дейді молда. – Япыр-ау, молдеке, мен бұл шарифатыңызға түсіне алмадым. Сіздің айтуыңызша, жеті қат көктен, үш қабат мешіттің төбесінен түсіп тұрған нұр менің жалаң қабат шекпенімнің жеңінен өте алмас дейсіз бе? - депті сонда Сырым батыр. Молда қысылып, жауап қайтара алмай қалыпты.

«Барлық өнерден сөз өнері жақсы екенін білген жөн. Адамзаттың ең абзал қасиетінің бірі – сөз сөйлей білу. Бұл жағдайды жете түсін де, жақсы сөйлей білуге үйрен: сыпайы, анық сөйлеуді әдет қылғайсың, өйткені қандай сөзді айтуды әдеттенсең тіл соны айтады. Сөзді өз орнымен сөйле. Орынсыз айтылған сөз жақсы болса да жаман көрінеді. Орынсыз айтылған артық сөз опық жегізеді.

Егер сөйлеген сөзіңнен бір нәрсенің пайдалы иісі сезіліп тұрмаса, ондай сөздің айтылмағаны жақсы.

Діндардың пайымдауында зәулім ойлылық, қол жетпес асқар таудың қаһарлы шыңдары көріну қажет. Терең сезімі бар, онда халық күші қазандай қайнап, биік рух ғұмыр кешу керек. Шешеннің

сөзінде қара дауыл қаптап келе жатқандай, дауылдың арты нөсер жаңбырға айналар, одан суық ызғар сезіледі, бәрі-бәрі жинала келе, халық күші тасқынға айналар, ал тасқын жапандағы барлық тастарды домалатып әкелет, қазақ жеріне жиналып қалған өктем күшті жуып-шаяр, тазарар ақталар, содан әрі босаған жер қайта гүлденер, жасарар, жаңа хош иісі аңқыр, өрісі кеңір, кең даласында еркін көшіп-қонар, қауіп-қатерді ұмытар, халық сонда бір еркін демалар!» Қадыр, бедел, ниет, қанағат, мылжың, өштік, кекесін сөз, менсінбеушілік, адалдық, ақ көңілділік, әпербақан, күш көрсету, жуас, көкіректік, қайырымдылық, ізденіс, ашудандылық, ойын, жалғыздық, байлық, мырзалық, қонақжайлық, бекершілік, үй болу т.б сияқты рухани түсініктерді жеткізуде үлкен сөз өнері қызмет етеді. Ал оны жеткізуші ділмар діндар қажет!

Діни қызметте қолданылатын шешендік сөздер (уағыз). Уағыздау, иман сөздері жатады. Таным мен білім, рухани дүниені дамыту, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруда, адамзатты ізгілікке, қайырымдылыққа үндеуде тәрбиенің құралы ретінде шешендік сөздер тарихымыздың, қоғам мен мәдениетіміздің айнасы болмақ.

Діни қызметте қолданылатын шешендікке қойылатын талаптар:

1. Тілдік қабілеті мол, сөздің табиғатын түсіне білуі.
2. Білімді, үнемі ізденіп, жан-жақты жетілуі.
3. Шыншыл, шындық негіздеріне сүйену.
4. Нақты, деректі сөйлеуі. Білмейтін нәрсені айтпауы.
5. Жинақылық, киімі, өзін ұстауы, қол қимылдары сөз мазмұнымен үйлесуі.
6. Аңғарымпаздық, тыңдаушысын бақылап, көңіл күйді ажырата білуі, адамгершілігінің жоғары болуы.

Жұрт алдында сөйлеу мәдениеті

Жұрт алдында сөйлеуге негіз болатын екі түрлі себеп бар:

1. Өз сезіміңді білдіру қажеттігі.
  2. Ойынды басқа біреумен бөлісу тілегі.
- Кез келген адамның көпшілік алдына шығып сөйлеуге батылы жете бермейді. Жұрт алдына шығып сөйлеудегі қиындықтар:
1. Сөйлеуші мен тыңдаушының байланысы бетпе-бет болғандықтан, елді ұйыта білуі қажет.
  2. Ауызша сөйлейтіндіктен, көп ізденіп, жаттығу керек.
  3. Тыңдаушыны жалықтырып алмау үшін дауысты құбылту керек.

Жұрт алдында сөйлеуге әзірленгенде, топ ерекшелігі ескерілуі тиіс. Сөзді тыңдату үшін мыналар қажет :

1. Қарым- қатынасқа түсе білу.
2. Тыңдаушының назарын аудару білу.
3. Сыпайылық таныту, мәдениеттілік.
4. Тыңдаушының көңілінен шыға білу.

Жұрт алдында сөйлеуге машықтану жолдары

Жұрт алдында сөйлеуге дайындық бірнеше сатыдан тұрады:

- психологиялық дайындық;
- нақты сөзге дайындық;
- күнделікті дайындық.

Шешен өзіне сенетіндей жағдайға жетуі тиіс. Тапқырлық сабырлылық, батылдық қажет.

Жылы жүзбен, жұмсақ дауыспен сөйлеуге дайындалып, дағдылану қажет. Сұрақ- жауап ретінде қатынасты дамытуды үйренуі керек. Үйретуші ретінде баруға болмайды, тым білгіш болу да қауіпті, көптің көңілінен шықпай қалуы мүмкін.

Нақты сөзге дайындық:

1. Сөйленетін сөздің тақырыбын анықтау.
2. Мақсатты айқындау.
3. Материалды іріктеу.
4. Әдебиетпен жұмыс.
5. Өз ұстанымының болуы.
6. Жоспар арқылы сөйлеуге әзірлік.
7. Дауысты құбылта білу.

Күнделікті дайындық

Шешеннің дарыны күделікті үздіксіз дайындық арқылы келеді, жарқырап ашыла түседі. Ғылыми-көпшілік әдебиеттерден, баспасөз, ақпарат құралдарынан, көркем әдебиеттерден қажетті сөздерді, фактілерді, үзінділерді жазып алып, жаттап, қысылған кезде жол табуға мүмкіндік алатындай қоры болуы керек. Мұндай ізденіс адамның жеке мұрағатын жасауға негіз болады. Даналық сөздер, мақал- мәтелдер, қанатты сөздер көп сұраққа жауап бола алады.

Күнделікті дайындықтың жүйесін құрайтын әрекеттер: күнделік, пікір, хат, толғау, тілек түрінде ойды қағазға түсіре беру. Ой толығып, есте берік сақталады.

Дайындықтың тағы бір түрі- басқа шешендердің сөзін тындап, оларға сыни талдау жасау. Табыстан үлгі, қатеден сабақ алуға дағдылану.

Жұрт алдында сөйлеу әдісін меңгеру дайындық кезеңдерін дұрыс ұйымдастыру, жоспарын жасау, сөзді бастап, баяндау,

аяқтаудың әр бөлігін ойластыру, аудиторияны еркін билеудің тәсілдерін анықтаумен тығыз байланысты.

Баяндаудың логикалық формалары

Ұғым құалыптастырудың негізгі логикалық тәсілдеріне анализ, синтез, салыстыру, жинақтау жатады.

Анализ – нәрсені ғылыми түрде зерттеу, талдау.

Синтез – заттарды бірлікте, тұтастықта қарау.

Салыстыру – нәрселер, құбылыстардың басты белгілерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ойша сараптау.

Жинақтау – қорытындылау, айтылған ойды түйіндеу.

Түсіндіру тәсілдері

Шешендік өнерде сызбалар, модельдер, жоспар қолданса, сөз қуаты арта түседі.

Дедукция – жалпыдан жалқыға, бүтіннен бөлшекке, теориядан мысалға көшу.

Индукция – жалқыдан жалпыға, белгіліден белгісізге көшу.

Аналогия – ұқсас заттардың белгілерін салыстырып, белгілі бір затқа тән қасиетті ашу.

Дәлелдеме және оның мәні

Шешен сөзінің шыныдық сипатын арттырудың және тыңдаушының сенімін қалыптастырудың бір жолы- дәлелдемелерді орынды қолдану.

Дәлелдеме – айтылатын сөздің шындығына көз жеткізетін анықтама, куәлік.

Дәлелдеменің екі түрі болады:

1. Затқа, құбылысқа қатысты дәлелдемелер. Фактілер, статистикалық материалдар, құжаттар т.б.

2. Адамға қатысты дәлелдемелер. Ой-пікірлер, қасиеттер.

Қорытынды сөз

Қорытынды бөлімнің міндеті- сөздің тұжырымын, түйінін жасау, тыңдарманға ой салу. Қорытынды сөзге тән белгілер: сөз қысқалығы, ой шымырлығы. Қорытынды- сөздің бүкіл күшін топтастырушы, мәндә бөлім. Қорыта айтқанда, ойымызды түйіндей келсек, сөз соңында айтарым, айтылған мәселелерден шығатын қорытынды т.б. сөздер айтылады.

Пікірталас мәдениеті

Демократиялық қоғамның басты белгілерінің бірі- сөз еркіндігі. Өзінің айтары бар, жеке ой-пікірлері ұтымды, қоғамдық көзқарасы қалыптасқан адамдарға, топтарға өзін танытуға мүмкіндік бар.

Орынды айтылған сөзге тоқтау- біліктілік белгісі, арлылықтың айғағы. Пікіралмасу – адамның ақыл-ой қабілеті дамуының басты тетігі. Полемика – сөз қақтығысы. Әр түрлі пікірдің болуы жеке адамдардың, топтардың арасында сөз қақтығыстарының болуына әкеледі. Сөз майданында тек ақылдылар ғана емес, ойы алымды, сөзі шалымды шеберлер жеңіс тұғырына көтеріледі, сондықтан полемикалық шеберлікті үйренудің маңызы ерекше.

Шешенге қажетті ең қажетті іскерліктер:

1. Өз пікірін дәлелдей алуы.
2. Пікірінің дұрыстығына өзгелердің көзін жеткізе білуі.
3. Сөзіне ұйытып, сендіруі.
4. Қарсыласына тойтарыс бере білуі.

Пікірталас – белгілі бір қоғамдық мәні бар мәселені, ғылыми жұмысты талқылау барысындағы айтыс, тартыс, дау. Пікірталасқа қатысушы төмендегідей мәселені білуі шарт:

1. Өзі қатысатын пікірталастың мәнін түсіну.
2. Пікірталастың түрін, ерекшелігін ескеру.
1. Қажетті полемикалық тәсілдерді меңгеру.
2. Пікірталас тақырыбын анықтау.
3. Пікірталас мәдениеті талаптарын орындау.

Пікірталас мәдениеті талаптары

Пікірталасқа қатысушы адамның бойында батылдық пен сыпайылық, салқын қандылық пен тапқырлық, шешендік пен сөзге тоқтай білу сияқты қасиеттер тоғысып жатуы тиіс. Сөз додасына түсетін адамның сөзді орынды, дәл қолдана білуі, терминдерді дұрыс түсінуі, тілдік жағдаятта сөз орамдарын жарасымды келтіре білуі, еркіндігі жеңіске жету мүмкіндігін молайтады. Қарсыласының сөз астарын тез ұғып, жылдам жауап беріп, сөз қақтығысынан жол тауып шыға білуі, қателіктерді тез сезініп, шұғыл шешім қабылдау іскерлігінің де көмегі көп.

Сөзталасқа түсер алдында мынадай мәселелерге назар аударған жөн:

1. Бұл мәселе айтысуға тұра ма, қажеттігі қандай?
2. Айтысты ұйымдастырудағы мақсат не?
3. Қарсыластың деңгейі қандай?
4. Қарсыластың позициясы қандай?
5. Қарсыластың мықты және осал тұстары неде?

Айтыскерден тікелей талап етілетін нәрселер:

1. Тақырыптан ауытқымау.
2. Өзінің позициясының болуы.

3. Өзін дұрыс ұстай білуі.
4. Сөйлеу шеберлігі.
5. Жоғары мәдениеттілік.
6. Қарсыласын, аудиторияны сыйлауы.
7. Қара басының намысымен қатар ортақ пікірге деген мүдделілік.

8. Қарсыласына кезек беруі.

9. Регламент сақтау.

Қарсыласқа тойтарыс берудің шарттары, тәсілдері:

1. Сұрақтың дұрыс қойылуы.
2. Логикалық заңдардың басшылыққа алынуы.
3. Ойды баяндау тәсілдерінің ұтымды қолданылуы.
4. Ой тығырығына тіреу амалдарын ойластыру.
5. Логикалық қателіктер жібермеу.

Қарсыласқа тойтарыс берудің ұтымды тәсілдері ретінде оның ойын жоққа шығару, тұжырымын сынау, өз сөзімен өзін ұру, сұрақпен төпелеу аталады. Психологиялық қыспаққа алуда әзіл, сықақ, мысқылды қолдану қажет.

Пікірдің өтімділігін арттыратын тілдік құралдарға орынды дәлелдемелер, риторикалық фигуралар, этикеттік сөз орамдары жатады. Сөз саптау, сөз мазмұнын үйлестіру, ұйқастыра сөйлеу пікірдің әсерін арттырады.

Ислам діні ғылым-білімге өте көп мән берген. Бәрімізге мәлім болғандай Аллаһ Тағала мұсылмандарға ең бірінші үйреткен әмірі «оқы». Сондықтан да Ислам діні ілім мен ғылымдарға үлкен құрмет көрсеткен. Ислам мұсылман ер кісі мен әйел кісілердің бәріне ілім алуды парыз еткен. Сондай-ақ, қайда болмасын, қай жерде жүрмесін, яғни тал бесіктен жер бесікке дейін ілім алып, ізденулерін бұйырды. Біздің ойымызша, Абай поэзиясы арқылы дін руханияты туралы білім мен ілімді толқтырып, Құран Кәрім сүрелерін терең және сауатты түсіндіруге болады.

А) Абай діні – сыншыл ақылдың шартты діні.

Ә) Абай діні – адамгершілік діні. Барлық тіршілік құбылыстары Алла Тағаланың қолында екеніне және күнәлі істері үшін оның қарғысына ұшырайтынына мұсылман кәміл сенеді. Осы сенім – оны жаман істерден тежеуші және дұрыстықтан, имандылықтан шықпауына себепші. Ал оны түсіндіруші ділмар діндарлар.

Осы ретте бүгінгі шешен ділмарлар, төрелік айтушылар, уағыз айтушылар иесі мына ұстанымды билік – басшылыққа алса дұрыс болар!!! «– Сөзден тәтті нәрсе жоқ. Сөзден ащы нәрсе тағы

жоқ. Сөзден жеңіл нәрсе жоқ. Сөзден ауыр нәрсе де жоқ. Сөзінді тіліне билетпе, ақылына билет. Ақылды сөзінді ақылсызға қор етпе, ақылға айт. Не сөйлейтініңді біл. Кімге сөйлейтініңді біл. Қай жерде сөйлейтініңді біл. Қай кезде сөйлейтініңді біл. Қалай сөйлейтініңді біл. Оны білмесең, сара сөзің шала болады, арты жала болады, жұртың, елін қапа болады».

Сөйлеудің бағамын анық біліп, тілің жатық, ойың озық, айтарың бекем болу үшін мына қағидаға сүйенген дұрыс болар:

Жатқа сөйлеме,

Жаманға сөйлеме,

Асырып сөйлеме,

Батырып сөйлеме.

Жасқа сөйлеме

Масқа сөйлеме,

Ұрыға сөйлеме,

Қараға сөйлеме,

Жаман сөзден жақсы сөз дұрыс.

Жаманға айтқан сөзден

Жақсыға айтқан сөз дұрыс.

Ойсыз сөзден ойлы сөз дұрыс.

Ойсызға айтқан сөзден,

Ойлыға айтқан сөз дұрыс.

Айтылмай қалған сөзден

Айтылып қалған сөз дұрыс.

Сөйлемес жерді білсең

Сөйлемес жерде сөйлемей қалуды білсең.

Бәрінен де сол дұрыс.

Олай болмаған жерде

Қанша асыл деме

Сөзіңнің алды бұрыс,

Арты – ұрыс.

Тіл туралы халық даналығы мен қасиетті Құранда:

□Жақсы байқап сөйлер, жаман шайқап сөйлер.

□Бір жылы сөз бітірер, мың көңілдің жарасын.

□Сөз қадірін білмеген, өз қадірін білмейді.

□Сәлемі жараспағанның, сөзі де жараспайды.

□Сөйлей білмеген кісіден үре білген ит артық.

□Сөйлей білмес жаманның – сөзі өтпес бір пышақ.

□Сөз білетін адамның – әр сөзіне бір тұсақ.

Жоғарыдағы ұлылардан қалған, кейінгі ұрпағына қалдырған ізгі мұраттарымен, данышпандық, шешендік ойларынан, тілдік ұстанымдарынан, қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылардың айтқан тіл даналығы туралы, парасат пайымдарынан ақылды ой, алғыр сөз – адамның ең жоғарғы қасиеті екенін, қастерлі тіл мәдениеті-сөз мәдениеті екенін ұғынамыз.

Ұлы Қазақ Елі – сөз қадірін өз қадірім деп білген, кеңдігін де, елдігін де, кемеңгерлігі мен көсемдігін де сөзге сыйғызған халық. Қазақ халқында сөздің орны ерекше. Бітпес даудың, бөтуәсіз шудың кесімі де, шешімі де сөз болған. Тұла бойдың тылсым сырын сыртқа жаяр, лып еткен сезім, терең ақыл, кемел ой, арман-мұрат, мұң мен сыр – бәрі сыйған сиқыр сөздің бағасын біреу білсе, қазақтай-ақ білсін. Қазақ халқы – қасиетті сөзді қастерлеп, аузынан тастамай өнеге - үлгі ретінде данышпандығын өлең өрнектерімен өрнектеп, терең мағыналы сөздермен зерлеп келе жатқан, басынан сөз асырмаған, ешкімге есе бермеген, бір ауыз сөзге тоқтаған данышпан халық.

«Үлкендеріңді кішілерің сыйлаңдар, көп арасында кішінін де сөзін тыңдаңдар. Өздеріңді жат елдің алдында жақсы елдің баласындай ұстандар. Мұндайда қол бастайтын батыр болу да қымбат, жол бастайтын көсем болу да қымбат, бәрінен де ел тағдырын шешетін шешен болу қымбат. Елдестірмек елшіден, жауластырмақ жаушыдан. Елдесе алмай жауласып кетсек, сендердің олақтықтарыңнан болғаны. Ауыздан шыққан сөз атылған оқпен бірдей, қайтып ала алмайсыңдар. Сөз сөйлегенде ойлап сөйлеу керек», – дегендей, шешендік өнер-тіл өнері мен сөйлеу мәдениетінің ең жоғарғы сатысы. Сөйлеу мәдениеті өспейінше, жоғары ақыл мәдениетіне жетуге болмайтындығы сөзсіз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениетінің мәселелері Алматы:Қазақстан,1965.-186 б.

2 Уәлиев Н. Сөз мәдениеті / Н. Уәлиев.-Алматы,1984

3 Абалкова Б., Игібаева А.К. Интерактивті әдіс арқылы тіл мәдениетін дамыту // С. Аманжолов атындағы ШҚМУ –дың жас ғалымдары конференциясының баяндамалары.-Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ

4 Сыздық Р. Тіл мәдениеті және оның проблемалары / Р. Сыздық // Тілдік норма және оның қалыптануы.-Астана: Елорда,2001.- 230 б.баспасы,

5 Кунапьянова А. Д., Аубакирова Л. Р. Тіл мәдениетінің өлшемдері және оған қойылатын талаптар / А. Д. Кунапьянова, Л. Р. Аубакирова // «С. Аманжолов оқулары – 2004»: Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары.- Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2004.-464 б. 2004. -392 б.

## **SOME PROBLEMS OF THE MODERN EDUCATION**

ISKAKOVA Z. S., OMAROVA A. R.  
undergraduate students, S. Toraighyrov PSU, Pavlodar  
AKHMETOVA G. G.  
candidate of philosophical sciences, S. Toraighyrov PSU, Pavlodar

Education occupies one of the leading positions among the social institutions of the modern civilisation. It will not be an exaggeration to say that education issues affect the interests of the entire population of any country. The availability and quality of education influence on the prospects for successful development of the state, the improvement of well-being and the success of each person's career. Before talking about the problems of education, you need to understand what education is. The education system is a complex of institutions, standards, programmes and characteristics used in the education process. The speed of technological, economic, political progress, the state of culture and spirituality in society, and, finally, the well-being of a person depend crucially on the quality of education. For two employed persons in the country, on average, there is one student. However, in spite of the scale of its influence, the modern education is experiencing a serious crisis [1].

A complex curriculum is one of the drawbacks of the modern education. Despite the fact that contemporary children are more advanced, they still have a hard time learning the material, which sometimes turns out to be difficult for the parents. Difficulties are also brought by the system of assessment of knowledge through testing and written tests. Despite the modern ways of checking and evaluating knowledge, the results are not objective. It is not right to demand good results when passing exams, while there is no clear and serious control over the teaching process itself.

Modern education is a purposeful, multifaceted and multistage process of acquiring knowledge and skills, but in addition to the process, education is also the result of this process. Currently, one of the leading factors affecting the renovation of education is globalisation as a

declared trend in the development of the modern world. It contributes to the development of the world educational space, which becomes multicultural and socially-oriented to the development of human and civilisation in general. However, the impact of globalisation is twofold: it can be both positive and negative. But at the same time, education remains the decisive role in ensuring the development of human civilisation [2].

It becomes obvious that the central problem for society – education throughout life – should be based on the following principles:

A) to learn to work: to improve in their profession, acquire competence, which enables them to flexibly solve various problems and situations;

B) to learn to live in new conditions, since there is required a greater autonomy and ability to evaluate, combined with increased personal responsibility in the implementation of the collective project.

The modern spiritual condition of a significant part of Kazakhstanis, especially the young generation, causes serious concern among psychologists and educators. This condition is characterised by erosion of spiritual landmarks, extreme relativism of moral standards, lack of internal freedom and responsibility, loss of the meaning of life and, as a consequence, inability to distinguish true values from false, irresponsible adherence to one's own material and biological needs.

Thus, in the consciousness of the younger generation, a spiritual and ideological vacuum was formed, leading to a decrease in the level of youth's upbringing. This fact requires radical changes leading to the actualization of humanistic values, which will require teachers to improve the effectiveness of the teaching and educational process in the school and university. This task is complicated by the fact that both in schools and universities of Kazakhstan there is not any system of education built up.

Today, high expectations are laid on education. It is the resources of education, more precisely, their improvement and expansion, that the majority of the intellectual community seeks a way out of the crisis in. After all, it is clear that no political initiative or economic innovation can successfully be realised without participation, direct and indirect, of educated individuals, i.e. people who have the necessary expertise and who are able to apply this expertise. However, it should be noted that throughout the history of mankind, any society has sought to develop the appropriate knowledge and organize a stable system of transferring this knowledge to new generations with the aim of further replenishment and improvement, in order to solve the pressing problems of its development. Therefore, the study of the problems of education is

a necessary component of any social education system. An acquainted with any research on the history of pedagogy is suffice to make sure that the acknowledged outstanding minds of mankind were engaged to a greater or lesser degree in the problem of education. Moreover, with the growing number of educated people, especially after the dissemination of Enlightenment ideas around the world, almost every person considers it possible and necessary to discuss this topic, since the processes taking place in the education system affect their personal interests. The modern global information space provides an opportunity to get acquainted with the spectrum of these arguments, but always leaves room for new shades, since the foundation of any scientifically based concepts and quasi-scientific projects of «transformation of education» remains the philosophical question of the meaning of education [3].

The fuller the social system ensures the flowering of all the individual human powers, the unfolding of all the opportunities inherent in human, and the wider are the masses of people, for whom it opens up the scope for such truly human development, the more perfect it becomes. The person living here and now, is the only measure that can and should measure everything else. «The comprehensive development of the personality presupposes the creation of equal conditions for all people, without exception for the development of their abilities in any direction» [4].

Today, people are compelled to rethink and master a genuine human entity. Humans are originally intended to create themselves. They simply have to get involved in this kind of necessity, they strive to be such creatures in whom and through whom everything, including themselves, turn into expressiveness. The true self-realization of human implies the search for a unique individuality. Today the concept of the «picture of the world» in the educational space receives a new, important sound. The «picture of the world» as a condition for preserving the «vital world» can be presented as a «resource of interpretations, as a stock of initial assumptions and preferences organized in the language that are reproduced in the form of a cultural, humanistic tradition» [5]. Thus, it turns out that the concept of «culture» breaks up into many unique supercultures, the number of which, obviously, equals, at least, the number of people who have access to the worldwide information network. The language picture of the world is a kind of window into the national worldview and attitude. Each language carries a special system of perception of the world, which is shared among all the speakers of this language. The picture of the world is a complex system of images reflecting reality in the collective consciousness. The interpretation of

the term «picture of the world» depends on the specifics of the solution of the problem of the reflection of existence through language [6]. Thus, we can distinguish the following provisions:

- Language objectively reflects the world.
- All nations exist in the space of one being, forming a single humanity.
- The differences between the cultures of the peoples, speaking different languages are random.
- The practice of translation shows that, despite the differences between languages and cultures, information can be conveyed adequately.
- The core of language reflection of the world is logical categories.
- Language subjectively reflects the world.
- All peoples exist in the space of various being, not forming a single humanity.

The differences between cultures of peoples, speaking different languages are not random. Studying the linguistic picture of the world of another language, we thereby penetrate into the way of thinking of this nation, this is akin to trying to look at the world through the eyes of the bearers of that linguistic picture of the world. The language picture of the world reflects the cognitive base of the nation [7].

Nowadays, there is a tendency in education to define new conceptual approaches in the study of marginality in modern social processes. Proceeding from this tendency, it is possible to propose the following clarification of the concept of «marginality» – the state of groups and individuals in a situation that forces them under the influence of external factors, associated with a sharp socio-economic and socio-cultural restructuring of society as a unity, to change their social position and to lead to a significant change or loss of the former status, social ties, social environment, as well as value orientations. The main factor of the contemporary social and professional displacements is the rapid processes of the heterogeneous economy formation, paid for with a rather high social price. The redistribution of the working population between different types of property, the formation of significant differences in their socio-economic position is the basis and content of the processes of social and professional displacements at present. The intensity of these movements and their different directions increases. The current situation leads to displacements within the groups of specialists with higher education and highly skilled workers; those displacements are often involuntary, caused by the adverse social conditions, changes in the working conditions themselves [7].

The marginal statuses of employees are formed under the influence of the following processes:

- the transition of specialists with higher education (often highly skilled workers), as well as managers and management personnel to a lower socio-professional group;
- the transition of recently unemployed workers to a new place of employment and to a new position, most often not in their professional field;
- the transition (as a rule forced) of workers to an enterprise of a different type of property, accompanied by a change in the social and professional status and working conditions;
- a sharp drop in the material income level (usually in state enterprises), creating conditions for forced transition to another place of employment.

The consideration of the problem of marginalization in the social and professional transition brings up to date the task of creating conditions for the harmonious development of the vocational and qualifying structure of the labour market, the rational use of the potential of various categories of active working-age population, seeking their place in the emerging social structure. As a result, it is important to note that studying the processes of marginalization is of particular importance for forecasting the development of the social structure, as well as for finding adequate measures to prevent the complete collapse of the social structure, which is fraught with not only increasing social instability but also other serious consequences. The processes of social displacements acquire a fundamentally new quality and characteristics, due to a change in the scale, intensity, direction and other parameters resulting from the cardinal rearrangement of the factors and channels of mobility under the influence of the new historical situation, which, in fact, is a large-scale marginal situation. This concept becomes key in determining those new qualitative characteristics that social processes of the transition period acquire [8].

Thus, we see that the processes of marginalization are of paramount importance in the formation of the modern social structure of Kazakhstan society. Marginality is a phenomenon of social processes. The fundamental, system-forming type of social transitions are social and professional displacement, associated with changes in professional and job status – the basic status of the individual. It is the social and professional structure, which underlies the social structure, that is undergoing the most radical changes today. These processes create a new situation of social marginalization; they are impulses for the generation

of a marginal status, formed during the transformation of the individual's basic status. As a consequence, there is a change in the Kazakhstan's social structure towards an increase in the marginal segment, which exploration is relevant from the point of view of studying the transforming society and social phenomena that accompany this process.

Therefore, a lot can be said about the issue of problems in modern education, and it is difficult to understand who is responsible for this. Perhaps, we ourselves are guilty, because conditions are created for us to learn and gain knowledge, but we do not appreciate it accordingly. So, the education system is held on two pillars – economic and intellectual. Therefore, in order to properly understand the ways in which education develops, it is necessary to identify the problems and find ways of their solution.

#### REFERENCES

- 1 Kaydarova A. D. Experience of formation of the content of pedagogical education in foreign countries and Kazakhstan: comparative analysis // *Bilim – Education*. – Almaty: Complex.
- 2 Sulima S. V. Prerequisites for improving the system of higher education in Kazakhstan [Electronic resource] // *Vestnik KASU*. – 2008. – № 4.
- 3 Mettibatay A. About the Kazakhstan model of education [Electronic resource] // *Element*. – URL: <http://elementmag.kz/?p=1731> (access date: 25.03.2013)
- 4 Ilyenkov Ye. V. Art and the communist ideal: featured articles on philosophy and aesthetics. – Moscow: Art, 1984. – 352 p.
- 5 Maksapetyan A. G. Description languages and world models / A. G. Maksapetyan // *Questions of philosophy*. – 2003. – № 5. – P. 53-58.
- 6 Postovalova V. I. Linguoculturology in the light of the anthropocentric paradigm / V. I. Postovalova // *Phraseology in the context of culture*. – Moscow: Languages of Russian culture, 1999. – P. 23-25.
- 7 Radchenko O. A. The concept of the linguistic picture of the world in the German linguistic philosophy of the XX century // *Questions of linguistics*. – 2002. – № 6. – P. 140-158.
- 8 Bevzenko L. Marginalization in a transitional society. Relationship with social success // *Sociology: theory, methods, marketing*. – 2000. – № 3. – P. 170-172.

## ҚАЗАҚТЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҒЫНЫҢ ЖӘНЕ ОТАНШЫЛ ТҰЛҒАЛЫҚ ҰСТАНЫМНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

МОЛДАБЕКОВ Ж. Ж.

филос.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,  
Алматы қ.

Туған жерде, әсіресе әйгілі әріптестер арасында өмірге деген тура да тұтас көзқарас негіздері, ашық сырластық пен сыйластық үлгілері қалыптасатыны күмән тудырмайды. Сыйластық, сырластық, құрметтегі сабақтастық қоғамның рухани өмірінде, оның маңызды салаларында – мәдениет, идеология, саясат, дәстүр-салт және т.б. бағдарлы деңгейлерде ерекше орын алатыны күмәнсіз. Қазір Қазақстандық отаншылдық тәрбиесі туралы, осы ұғымның мән-мағынасы, оның негізгі принциптері қандай деген пікірлер жиі талқылануда. Тегін емес. Бәрі де отандастың болмысына, отаншылдық ұғымының мән-мағынасына тіреледі. Астары терең ұстанымның арқауын ширату, толық бағалау қиын да күрделі. Отаншылдық сезім – бұл қасиетті, тұлғалыққа тіреніш сезім. Оны елдік пен мемлекеттікке тән дәуірлік өзгерістерді бастан кешірген ұлағаттылар өзінше, ерекше ілтипатпен бағалай білді. Ұлағаттылар өз тағдырының иелері. Олардың әсерлі әрекеттерінен мемлекеттіліктің өзіндік ұлттық тұжырымдамаларын құрастырудың қажетін сезіне түсесін. Бұл – болжам ба, естелік пе? Неге естелікке жүгінудеміз.

XX ғ. 70 жылдары Кәмшат Шүлембаевпен танысудың реті болды. Таныстырғанда жылы шырайы жүрегімді жібітті. «Кәмшат» деген атты бірінші есітуім. Іштей қызыға қайталадым. Үлкендігін сезініп, бірден сұрай алмадым, Сұрақ кейінде қойылмады. Сирек кездессек те «сіз-бізіміз» жарасты болды. Халықтық тәрбиенің ұстанымдары мен дәстүр-салтын жақсы білетінін тез аңғардым. Білімі, ұлттық ерекшелікті білгірлігі МГУ-ден келген жас маман - маған әрдайым ықпалды әсер етті.

Байырғы түсініктердің қағидаларын жаңғырту – жаңа заман талабы. Ұлттық дүниетанымды игеру – алдымен қазақтың өзіне ғана тән мінезді, жүріс-тұрысын, салт-санасын, ұлттық дәстүр мен тәрбие нысандарын игеру екендігін біреу түсініп, біреулер түсіне алмай жатқан кез. Қазақтың қадір-қасиеттері, дүниетанымы оның рухани тұтастығының, ұлттық болмысының негізгі қайнар көзі болып саналатын қасиеттер туралы түсінігім тұтас емес кез. Ұлттық дүниетанымның қалыптасуына зор ықпал ететін отандық

тарих пен әлеуметтік-ұлттық тәжірибе туралы жалпы мәліметтерді ғана білемін.

Әрбір халық тарихи даму кезеңін өз болмысын ойлау жүйесі мен дүниетанымы арқылы зерделейтінін кейін ұқтым. Ұлттық дүниетаным сіресіп қатып қалған ұғым емес, ол халықтың өмір салтының бағдаршамы. Құбылмалы әлемде адамдардың нақты қоғамдық қатынаста қалыптасатын ойлау жүйесі, ойлау салтының рухани жемісі, әдет-ғұрыптары мен діни көзқарастары, әсіресе, олардың санасында берік орын алған ақпараттық өрістер ұлттық дүниетанымның қалыптасуы мен өзгеруіне айрықша ықпал ететініне ендігі күмәнданбаймыз. Ол кезде идеология «сенімді» бастауларға жетеледі, ал өзіндік танымда креативті шеберлік пен инновациялық қарқын жетіспеді. Бұл туралы профессор К. Шүлембаевтың ойларын жиі есітіп жүрдім. Нақты талдап оқудың мүмкіндігі бола бермеді. (Проблемам басқа, басқа оқу орнында жұмыс істеймін).

Озық идея мен тәжірибеге жүгіну, нақты ұсыныстарды сауатты сараптау - өз халқымыз бен отанымыздың алдындағы азаматтық және кәсіби жауапкершіліктен туындайтынын енді түсіндік. Отандық озат тәжірибе елімізде демократияның орнығып дамуына ықпал ететін шешуші фактор. Ол жауапкершілік кәсібиліктен, тиімділіктен, әділдіктен, тәуелсіздіктен, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін әрекеттерден туындайды.

Озық идея мен тәжірибеге жүгіну, нақты ұсыныстарды сауатты сараптау - өз халқымыз бен отанымыздың алдындағы азаматтық және кәсіби жауапкершіліктен туындайды. Ол елімізде демократияның орнығып дамуына ықпал ететін фактор. Ендігі жауапкершілік кәсібиліктен, тиімділіктен, әділдіктен, тәуелсіздіктен, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін әрекеттерден туындайды.

Өзіне сенетіндер озық тәжірибені тез игереді, оны өз міндетіне сай оң өзгеріске тез қолданудан тартынбайды. Сенімді – қуатты, құзырлы, саяси-мәдени жаңаруға дайын, оны әртараптандыруға бейім болады. Бұл қоғамдық және азаматтық жаңа деңгейге көтерілудің, жаһандық қоғам шарттарына енудің ұзақ мерзімді ұстанымы. Рухы биік, күшті елдердің қашан да бағы сөнбеген, ұлттың рухын сақтап қалған ел ғана өз ерлерін қорлатпайды, қорламайды, қорғайды. Содан олардың ұлттық қадір-қасиеттері тұтастанып шындалған, шындала береді.

Адамның руханилығынан туындаған жеке тұлғалық болмысының толыққандылығы және саналанып, саралануы адамгершіліктің, тәрбиеліктің көзі, іске асырушысы болып



табылады. Тоталитаризм жүйесі кезеңінде адамның жеке қасиеті мен шығармашылық қасиеттері арасындағы байланыстың үзіліп, адамның жеке тұлға ретіндегі кісілік қасиеттері қарастырылмай кеткендігі тегін емес еді.

Тарихтың үйретері не? Адам, шамасы келгенше, өткен кезеңдер тәжірибесін жинақтап, сұрыптап, оның рухын өз бойына сіңіруге тырысады. Сол себептен де адам бойында, оның тұлғалық болмысында қазіргі рухани мәдениетіміздің кейбір формалары, ал сана-сезімінде өткен кезең мәдениетінің көріністері, бейнелері ұшырасады. Өткенін сараптай жүрмейтін жағдайда шеттеп жүргендер арасында қарсы ағымдардың күш алуы мүмкін. Неге? Еңсенің басылуы адамның дүниетанымдық мүмкіндігінің, кісілік қасиеттерінің шектеулігіне байланысты. Рухани дүниесіне мән бермеген жас буындар бүгінгі түрлі заман ағымына ілесіп, өзіне лайықты ерекшелік дәрежесіне еркін жете алмайды.

Маған ұнағаны, проф. Камшат Шүленбаев әлеуметтік дүниетанымдық ұстанымдардың жартыкешітігіне, содан дұрыс шешімін таппай жатқан атеистік-философиялық мәселелердің қордаланып жатқанына арнайы назар аударуы еді. Дұрыс шешуін таппаған кез келген мәселе жастарды тәрбиелеуді тұйыққа тірейтінін еске салуында еді. Ол үшін тәрбиенің маңыздылығы – жалпы адамзаттық құндылықтарды халықтың ғасырлар бойы жинақтағанда, іріктеп алған озық тәжірибеде, жас ұрпақтың ізгі қасиеттерін өз бойына сіңіруде, баланың өмірге деген көзқарасын, қоршаған ортадағы қарым-қатынасын және соған сай мінез-құлықты қалыптастыру барысында білінеді, бағаланады. Еңбектенудің тынымсыз түрлері мұнымен шектелмес.

Если раньше интернет для молодежи был удобным источником знаний, стало доступна зарубежная научная литература, то на сегодняшний день интернет для студентов в большей степени замыкается на социальных сетях. Причина очевидна – нет больших текстов для чтения, яркие картинки, информация поступает без каких-либо усилий и мозг «не напрягается», не требуется осуществлять логические и дизайн подходы.

Поэтому все чаще можно встретить детей и подростков, которые не могут четко и ясно выразить свои мысли, или при прочтении какой либо информации не могут вникнуть в ее суть. Легкий доступ к информации, постоянное отвлекание на смартфоны и другие гаджеты приводят к остановке развития креативного мышления. Запрет на использование смартфонов в учебных заведениях, особенно во время учебного процесса мог бы продвинуть решение этой проблемы на небольшой шаг. Потребуется проведение дополнительной воспитательной работы в отношении участия молодых людей, например, в общественной жизни, без ущерба для учебного процесса.

На заре независимости страны по данным Комитета по статистике Министерства национальной экономики РК на территории Казахстана существовало 55 высших учебных заведений (1990/1991 год). После распада СССР, где все ВУЗы были государственными, и образование советские граждане получали бесплатно, с развитием рыночных отношений стали открываться новые коммерческие учебные заведения. И к 1995 году количество их увеличилось до 112 (272 тыс студентов), и достигло своего пика в 2001-2005 году до 185 ВУЗов (775 тыс студентов). Прослеживается тенденция увеличения числа студентов за счет появления платных мест, которыми и воспользовались предприимчивые коммерческие университеты, не имея опыта в системе образования. Следующим этапом стало снижение числа молодежи в связи с образованием так называемой «демографической ямы», рожденных в начале 90х, когда никто не мог прогнозировать и уверенно распоряжаться будущим.

В итоге, в 2017 году на территории Казахстана обучаются 477 тысяч студентов в 125 университетах и институтах.

Численность профессорско-преподавательского состава 1990 год – 21955 чел

2005 – 43382 человек, 2017 – 38241 человек (уровень 2003 года) [7].

Человек с креативным мышлением избавлен от стереотипов, быстро реагирует на любую проблемную ситуацию, тут же находя правильный и обычно нестандартный выход, поражая окружающих своей находчивостью. Преимущества такого типа мировосприятия очевидны. Креативное, критическое, дизайн мышление нужно развивать с детства и продолжать развивать на всех ступенях получения образования. Молодежь разучилась рассуждать и думать,

переосмыслять и анализировать, знания стали поверхностными, без углубления и выхода за рамки предложенной учебной программы.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Никитина Л.Е. Социальный педагог в учреждении образования (модель и методика работ). -М., 2001.

2 Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2005-2010 годы. - Астана, 2004.

3 Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года.

4 [edu.gov.kz/ru/](http://edu.gov.kz/ru/)

5 Этапы становления системы образования Республики Казахстан// <http://articlekz.com/article/10928>

6 Национальный план действий по развитию функциональной грамотности школьников на 2012 – 2016 годы // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1200000832>

7 Комитет статистики РК// <http://stat.gov.kz/>

#### ТӘРБИЕШІЛЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ

РАДЧЕНКО Н. Н.

п.ғ.к., С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,  
Өскемен қ.

КАПЕЗОВА С. Б.

магистрант, С. Аманжолов атындағы

Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Өскемен қ.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен тығыз байланысты мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Бала – біздің болашағымыз. Олай болса, балабақшадағы тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Ол – үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болуы тиіс. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі тұрақты өзгеріп тұрған әлемде табысты бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасайды. Жетекші ғалымдар мен практиктер жүргізген көптеген психологиялық-

педагогикалық зерттеулер мектепке дейінгі балалардың зияткерлік, тұлғалық, әлеуметтік, эмоционалдық дамуы мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады.

Ата-ана баласын балабақшаға әкелгенде үлкен ортаға үйренеді, бейімделеді, көзі ашылады деп үміттенеді. Ол – тәрбиешінің басты мақсатының бірі. Оның ішінде баланың ойлау және шығармашылық қабілетін дамыту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, оқу, жазу, сызуға ойын арқылы үйрету басты назарында болатыны анық. Осыған байланысты еліміздің сеніп тапсыратын мәртебелі азаматты қалыптастыратын отбасы және мектепке дейінгі тәрбие мекемесінің қызметкерлері. Заман талабына сай білімді, мамандығының қырсырын игерген педагог-тәрбиешілерді даярлауда оқу-тәрбие ісін тәжірибемен үйлестіру, кәсіптік білім беруді жетілдіру, жаңа оқу жоспары, жаңа бағдарламаға сай курстар мен түрлі семинарлар өткізудің маңызы зор. Мұның өзі педагогтың жұмысына деген қызығушылығын, шығармашылық қабілетін шыңдауына, бала тәрбиесіне деген түсінігінің кеңеюіне бірден-бір себеп болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» – деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді.

Бұл міндеттерді шешу үшін, мектепке дейінгі ұжымдардың, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды. Сондықтан да қазіргі кезде әр мұғалім өз іс-әрекетінде қажетті өзгерістерді әртүрлі тәжірибелер жөніндегі мағлұматтарды жаңа әдіс-тәсілдерді дер кезінде қабылдап, дұрыс пайдалана білуі керек. Сонымен қатар балабақшадағы оқу-тәрбие жүйесі, тәрбиеші-бала арасындағы қарым - қатынас жалпы оқытуды ұйымдастыру талапқа сай елеулі өзгерістерді қажет етіп отыр.

Қазіргі кезде толғандыратын өзекті мәселелердің ең негізгісі – еліміздің болашағы. Еліміздің өркен жайып, дамуы үшін басты мәселе жас ұрпақтың білімді де тәрбиелі болып жетілуі екені белгілі. Келешек – ел басқарар, жер-суына иелік етер, ел-халқын гүлденетер,

мерейін өсіріп, мәртебесін биіктетер жасампаз жандарды шындап өмірдің ең басты сатысын қалайтын киелі ұя – балабақша. «Аулына қарап, азаматын таны», дейді халық даналығы. Жас ұрпақтың иманжүзді, білімді азамат болып өсуі, ең алдымен, ата-анасы, одан соң білім алар алтын ұясы және қоршаған ортасына байланысты. Балабақша – бұл бала тұлғасы мен санасының қарқынды дамитынқұнды, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан балабақша-баланы тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы.

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың халыққа арнаған Жолдауында «Балапан» бағдарламасының басты бағыты мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру ісін жан-жақты жетілдіре түсу қажеттілігі айтылған. Салауатты өмір салтын ұстау қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Осы бағытта болашақта еліне елеулі, халқына қалаулы, ата-анасының мақтанышы дені сау етіп өсіру жолындағы тәрбие ісін басшылыққа алып келу педагогтардың тікелей міндеті [1].

Бүгінгі таңдағы біздің бар мақсатымыз, іс жоспарларымыздың барлығы балабақшадағы тәрбиеленушілерге жан-жақты жағдай жасау, солардың Қазақстан Республикасының болашақ азаматы ретінде тәрбиеленіп өсуі үшін күні бүгіннен бастап негізінің берік қалануына бас назар аудару. Әрбір ісімізді балалардың болашағы үшін арнап отыруды өзімізге басты міндет. Тәрбие мен баланың алғашқы дені – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында «Мектепке дейінгі тәрбие - үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Ол баланың жеке бас ерекшелігін ескере отырып дамытатын орталық» делінген [2].

Мектепке дейінгі білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойған басты мақсат – баланың жас ерекшелігіне қарай балалар тарихы негізге ала отырып, ұлттық тәрбиені салт-дәстүрді бойына сіңіріп жеке тұлға ретінде жан-жақты қалыптасуына ықпал ету. Халқымыздың әдептілік, инабаттылық, мейірімділік, қарапайымдылық, ізеттілік, қонақжайлық қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру үшін әрбір тәрбиеші, ұстаз халық педагогикасын, салт дәстүрін, әдеп-ғұрыптарды жақсы меңгерген рухани дүниесі бай, жаны таза адал жан болуы керек [3, 77 б.].

Тәрбиеші саналы көзқарастарын таныта алатын, білімі мен тәжірибиесін жан-жақты дамытып байыта алатын сәт мектепке дейінгі мекеме қабырғасынан басталады. Балабақшаның тәрбие мен оқытудағы негізгі мақсаттары: денсаулық сақтау мен нығайту және деңгейін көтеруде өз ағзаларындағы қорларын қолдану, баланың

дамуында жеке үйлесімділікті қамтамасыз ету, ата-аналарды салауатты өмір салтына араластыру.

Балабақшадағы әрбір тәрбиеші – педагог оқу-тәрбие жоспарын тиімді әрі нәтижелі етіп ұйымдастыру үшін өздерінің бағдарлық біліктіліктерімен, қабілеттіліктерімен қатар, педагогикалық жаңа технологиялар негіздерін жетік меңгеруі тиіс [4, 55 б.]. Яғни бүгінгі тәрбиешінің басты міндеті әлемдік өркениеттілікке ұмтылып, әлемге танылып отырған Тәуелсіз Қазақстанның болашағын құрайтын жас бүлдіршіндерді саналы азамат етіп тәрбиелеу. Тәрбиенің негізі бірінші кезекте әрбір отбасында қаланатынын ескере отырып, «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген қазақ халқының даналық қағидасын ұстанып, көптеген ұйымдастырылған іс-шаралар ата-аналардың қатысуымен өткізіледі. Өйткені, жеке тұлғаның қалыптасуы ең алдымен отбасындағы үлгі-өнеге мен тәлім-тәрбиеге байланысты екенінде дау жоқ. Сондықтан да балабақша ұжымы ата-аналардың балабақшада өткізілетін түрлі іс-шаралар мен тәрбие ісіне қатысты тренингтер мен ертенгіліктер, сондай-ақ пікірталас сағаттарына қатысуларын қамтамасыз етіп отырады. Бұл бала тәрбиесіне байланысты ортақ мәселелерді бірлесе отырып шешуге айтарлықтай мүмкіндік береді.

Балабақшадағы оқу іс-әрекеттер қойылатын негізгі талап оқу іс-әрекетін оқытудың жалпы білім беру, тәрбиелеу және дамытушы қызметтерін жүзеге асыру болып табылады. Бұл қызметтер әрбір сабақта белгілі бір дәрежеде жүзеге асырылады. Тәрбиешінің жұмысындағы ең бастысы – сабақтың білім беру, тәрбиелеу, дамыту міндеттерін ұтымды сабақтастыра отырып, осы қызметтерге басшылық жасау.

Тәрбиеші балалардың жақын досы болуы керек, ал еркелетуге сақтықпен қараған жөн. Бір баланы еркелету басқа балалардың қызғанышын тудырады. Дегенмен, балаларды еркелету де қажет. Тәрбиеші өз талабына ұқыпты болуы қажет. Бала тек адамның жеке басының тікелей тигізетін әсері арқылы ғана тәрбиеленеді. Балабақша тәрбиешісі жас ұрпақты жан-жақты дамытып тәрбие беру, оны өмірге еңбекке даярлауда педагогикалық білімді көпшілік арасына насихаттау сияқты әрі жауапты, әрі қадірлі қоғамдық міндеттер атқарады [5, 48 б.].

Балабақша тәрбиешісінің басты міндеттері:

- а) Балаларды дұрыс тәрбиелеуді қамтамасыз ету;
- б) Өз тобындағы әрбір баланың қызығушылығы мен қажетіне ұқыптылықпен, қамқорлықпен қарау;

в) Балалардың денсаулығын сақтауға, қорғауға байланысты дәрігер талабын орындау;

г) Балаларды отбасында, балалабақшада тәрбиелеу мәселелері туралы ата-аналармен жұмыс жүргізу;

д) Аудандық, қалалалық әдістемелік бірлестіктерде, балабақшада педогоикалық кеңестің жұмысына қатысу;

е) Балалармен жүргізілетін өз жұмыстары туралы жоспар құрады, есеп береді, әрбір сабаққа ұқыпты дайындау.

Тәрбиеші балалар тобын мектепке шығарып салғанға дейін жетелейді. Тәрбиеші жас ұрпақтың бойына тәрбиенің алғашқы негіздерін қалыптастыра алатын, адамгершілігі жоғары, мәдениетті, ғылым жетістіктерін дұрыс бағалай алатын, әдебиет пен өнердің, техниканың даму жайын жақсы білетін адам болуы керек. Тәрбиешінің мәдениеттілігінің көрсеткіші - әдептілігі, қоғамдық орындарда өзін сыпайы, еркін ортаға лайықты ұстай білуі, өнегелі тәртіпті, сүйкімділігі, адамдармен өзара сыйластыққа, адалдыққа негізделген қарым-қатынасы. Ондай тәрбиешіні балалар да жақсы көреді, сыйлайды, құрметтейді, оған жақын жүргісі келеді, оның балалар арасында беделі зор болады.

Тәрбиешінің жеке басының үлгісі – жас ұрпақ тәрбиесінде ең әсерлі әдістердің бірі, өйткені балалар тәрбиешіге барлық жағынан еліктейді. Сол себеппен де ол үнемі жинақты, таза, ұқыпты жүріп, сөйлеген сөзі мәнді, ойлы әдемі, салмақты келіп, асықпай, байыппен сөйлеуі керек. Бала еліктегіш болғандықтан, жақсыны да, жамандыда тез қабылдайды.

Әйгілі педагог Ш. А. Амонашвили [6, 56 б.] тәрбиешіге төмендегідей талап қояды: педогог-тәрбиеші әріптестеріне мейрімді, жылы шырайлы, ықыласты болуы керек, әріптестерімен қарым-қатынас жасаудың әдебін, дауыс сарының, жылы үнін игеру керек, әріптестерінің табысына қызғанышпен, күншілдікпен қарауға құқы жоқ, әріптестерімен өз тәжірибесін бөлісуге міндетті, әріптестерінен үйренуге ұялмауы керек, әріптестеріне жоғарыдан менсінбей қарауға құқы жоқ, әріптестерінің ар-намысын, атақ-даңқын сақтауы керек, балаға байланысты отбасы құпиясының бәрін білу керек, бірақ оны ешкімге шашпауы тиіс.

Тәрбиеші қызметінің ерекшелігі: педагогтік әдепті игеру, ел үшін ерлікпен еңбек ету, педогогтік бедел, педагогтің артистігі, педагогтік оптимизм, кәсіби шеберлікті үнемі шындап отыру, т.б.

Тәрбиешінің кәсіби міндеттері:

– материалды түсінікті жеткізе білу.

– балалардың оқу-тәрбие жұмыстарын дұрыс ұйымдастыра білуі және баланың іс-әрекетін дұрыс бағалай білуі;

– тәжірибелік білім-білік дағдыларды қалыптастыра білуі.

– кәсіби біліктілікті жетілдіре білу қабілеттілігі;

– балалармен дұрыс қарым-қатынас орната білу;

– ата-аналармен тіл табыса білу;

– сөйлеу мәдениеттілігі.

Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті білім беру стандартын басшылыққа ала отырып, «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта» атты білім беру салаларына байланысты мектепке дейінгі баланың жас ерекшелігіне сай оқу іс-әрекетін шығармашылық, ізденіс негізінде жүзеге асыру – әр тәрбиешінің басты мұраты. Мектепке дейінгі білім беру стандарты «негізгі үштік» яғни ата-ана, бала, тәрбиеші арасындағы тығыз байланысты орнатуға мүмкіндік беріп отыр.

Балабақшада өткізілген оқу – тәрбие жұмыстарының сапалы жүргізілуін, педагогтардың кәсіби біліктіліктерін шыңдау, олардың қаншалықты ізденушілікпен, шығармашылықпен жаңа технологияларды қолдану деңгейлерін анықтау, қажет болғанда әдістемелік көмек көрсету мақсатында бақылау жұмысы да жүргізіледі. Тәрбиешінің басты міндеті – бойында ұлттық санасы қалыптасқан, дені сау, жан дүниесі бай жан-жақты азамат тәрбиелеп өсіру. Бұған қоса тәрбиеші өз кәсіби құзіреттілігінің мәні мен маңызын ашатындай «сегіз қырлы, бір сырлы» болуы қажет деп санаймыз.

Бірінші қыры – тән сұлулығының қыры. Сыртқы түр тұлғасы, келбеті, тіпті жүріс-тұрысы, киім кию әдебі, сөз сөйлеу әдебі, қарым-қатынас әдебі сұлу жан болуы керек. Балалар алатын алғашқы әсер тікелей осы жайлармен байланысты.

Екінші қыры – жан сұлулығының қыры. Тән сұлулығы мен жан сұлулығы үйлескен жан «толық адам» болары сөзсіз. Ең бастысы ол қазақ тілінің нағыз жанашыры ретінде өз жан сұлулығын танытып, әр балаға үлгі бола білуі тиіс.

Үшінші қыры – білімділік қыры. Ол өз кәсібінің бар сырын меңгерген сауатты маман болумен қатар білім беру саласы, психология мен педагогика, пәлсапа ғылымын жетік білу дәрежесіне дейін көтерілуі шарт. Сондай-ақ, қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту, оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін игерген, психология-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы

ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл әдіскер болуды қажет етеді. Ал бұл ғылым мен білім саласындағы жаңалықтан кеш қалмай, әр нәрсеге қысқа уақытта бейімдел білу дегенге келіп саяды.

Төртінші қыры – шығармашылық қыры. Бар ерік – жігерін ұштастыра отырып, шығармашылықпен айналысуы маңызды мәселе. Тәуелсіз мемлекетіміздің тұрақты да, қарқынды дамуына бірінші үлес қосатын ұстаздар. Елбасы Н. Ә. Назарбаев та: «Еліміздің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында», – деп үнемі айтып жүр. Қазір 50 елмен бәсекелестікке жарайтын қабілетті, білімі терең, іскер, шығармашылық белсенділігі жоғары, жан-жақты дамыған болашағы зор ұрпақ дайындап беретін де сол ұстаздар қауымы. Олай болса, жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанда өмір сүретін жас ұрпақты оқытып, тәрбиелеу – жауапты іс. Бір сөзбен айтқанда, мұндай іске тәрбиешілердің психология-педагогикалық, әдістемелік біліктілігі, жоғары адамгершілік қасиетімен бірге, кәсіби шеберлігі мемлекеттік білім стандартына сәйкес болуы керек.

Бесінші қыры – ізденімпаздық қыры. «Мен толдым, өстім болды», – деп айту жарамас, әр кез ізденісте, жаңашылдыққа жаны құмар болу да маңызды дүние. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамыту тұжырымдамасын жүзеге асыруда жағдай туғызу, тұлғаның өзін-өзі тануын қамсыздандыру мақсатында білім беру кеңістігін жобалау, оның өзін-өзі дамытуына жағдай туғызу тәрізді алғы шарттарды да, қамтуды ұмытпау керек.

Алтыншы қыры – ғылыми көзқарасты ұстану қыры. Қазіргі заманғы кең тараған технологияларды өз жұмысында оңтайлы пайдалану да – білгендік.

Жетінші қыры – ұйымдастырушылық қыры. Белілі бір дүниеде жүйе болмаса ол нәтижесіз болары белгілі. Сондықтан, біріншіден, ұстаздық студия мазмұнын-мәнін түсіну, оның қоғамға қажеттілігін, орнын бағалай білу, ұстаздыққа жол іздеуге; екіншіден, озат тәжірибелерді қолдана отырып, оқыту мен тәжірибе жұмысының сара жолын іздестіруге; үшіншіден, ұстаздық жолдың барлық кезеңдерін талдау жасап, әдіс-тәсілдерді сұрыптап, ең таңдаулысын анықтауға талпыныс жасауға; төртіншіден, шығармашылықпен еңбек етуге; бесіншіден, өз тәжірибесін көпшілікке ұсынуға ұйымдастырып, бағыттап отыруы керек. Бұл міндеттерді іске асыруда сонау Ы. Алтынсарин, М. Жұмабаев, А. Байтұрсынновтардан

келе жатқан бүгінгі күнде жаңа пішінге түрлене отырып ие болған әдіс-тәсіл, құралдар жеткілікті. Бірақ, оны қолдануда әр тәрбиеші өзіне ыңғайлай отырып, өзінің білім мен тәрбие берудегі басты міндетін есінен еш шығармағаны жөн. Тәрбиеші бір басты дүниені түсіну керек, оған адамдар тағдыры аманат етілген. Міне, ол осы аманатты бар түйсігімен түйсіне білуі тиіс.

Сегізінші қыры – жаңашылдыққа ұмтылу қыры. ХХІ ғасыр ақпараттандыру дәуірінде ғылымның озық жетістігі ақпараттық технологияларды меңгеру алға қойылып отыр. Жалпы тәрбиешінің алға қойған мақсаттарын іске асыруға жан-жақты жағдайлар жасалуда десек, артық айтпаған болар едік. Тек соның дәнін тере біліп, өз керегіне жарату міндеттелген. Мектепке дейінгі мекеме тәрбиешілерінің кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудың мәні мен маңызы да – осында.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Назарбаев Н.Ә. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. - Қазақстан халқына 2012 жылғы Жолдауы / Н.Ә. Назарбаев.- Астана; 2012

2 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы / Алматы; 2003

3 Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау: Теориясы және практикасы / Қ. Бөлеев. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2004. – 304 б.

4 Табылдиев Ә. Қазақтың халық педагогикасы және тәрбие / Ә. Табылдиев.–Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 122 б.

5 Боданов Ж.Қ., Бөлеев Қ. Қазақтың халық педагогикасы / Ж.Қ. Боданов, Қ. Бөлеев. – Жамбыл; 1993.–122б.

6 Әбиев Ж. Педагогика тарихы: Оқу құралы / Ж. Әбиев.–Алматы: Дарын, 2007. – 480 б.

#### ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ИСЛАМ ДІНІНІҢ РӨЛІ

РАХИМОВ М. И.

т.ғ.магистрі, ғылыми қызметкер, Г. Н. Потанин атындағы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейі, Павлодар қ.

Қазақстанда – ислам дінінің орнығу тарихы өзгеше, әрі талай ғасырларға созылған бірегей үдеріс. Ислам бүгінгі таңда әлемдік

деңгейде аса зор ықпалға ие мәдени- өркениеттік құбылыс. Ислам қауымына кіретін 1 миллиард 500 миллионнан астам әр түрлі ұлттан тұратын неше мың тілдік, нәсілдік ортасы бар халық ұстанып отыр. Ислам дінінің тарих сахнасында болуы он төрт ғасыр уақытты қамтыса соның ішінде қазақ даласына келіп тарала бастағанына 1250 жылдан асып отыр. Қазақ мәдениетіндегі ислам құндылықтарын зерттеу мәселесінде міндетті түрде Исламның Қазақстан жеріндегі таралу мен қалыптасу ерекшеліктеріне тоқталу қажет етеді.

Түркілер ислам дінінің пайда болуынан жарты ғасырдан астам уақыт бұрын әлемдік тарихи процестің белсенді субъектісіне айналды. Ашина державасы көршілес жатқан Қытай, Иран, Византия сияқты мемлекеттерді өзімен қуатты мемлекет ретінде санасуға мәжбүр етті. Исламға дейінгі уақыттың өзінде біздің ата- бабаларымыздың қуатты державалық мемлекет құруы, қалыптасқан имперлік типтегі өзіндік діни-саяси идеологиясының болуы түркі халықтарының исламдандануының бірнеше ғасырларға созылуына, өзіндік ерекшеліктерінің қалыптасуына шешуші ықпал етті. Түркілермен көрші өмір сүрген сасанидтік Иранда да ислам арабтық емес, шийттік формада таралуы олардың исламға дейінгі жүріп өткен өркениеттік даму жолының жемісі болатын [1, 94 б.].

Еуразия континентінде 6-8 ғғ аралығында дүрілдеп тұрған Түркілер державасы әлсіреген кезеңде осынау жердің болашақ ғасырларда қандай мәдени-өркениеттік ұстаным бағытында дамыйды деген геосаяси таңдау туған шақта түркі жұрты конфуцийлік – дао жолын емес, исламды таңдады. Бұл ретте Талас маңында арабтардың 751 жылы қарақытайлармен болған шешуші шайқасы үлкен рөл атқарды. Қытай қолбасшысы Гао Сенчэ Талас өзенінің бойында талқандалады. Бартольдтың айтқанындай, бұл тарихи жеңіс Орталық Азияның тағдырын шешті. 909 ж. Еділ бойы Бұлғарларына да ислам тарала бастады. Осы елдің билеушісі Елтебер Алмыш исламды мемлекеттік дін деп жариялады да, 920 ж. аббасид халифіне діндар адамдар мен сәулетшілерді жіберу туралы өтінді. Муктадир Халифі өтінішті қанағаттандырып, 920-922 жж. аралығында керуен жібереді. Осы оқиғалардан соң, Еділ бойы Бұлғарлары Шығыс Европадағы түркі-ислам мәдениетінің өзінше бекітілген пункті, қызметін атқарады.

Қазақ халқының рухани мәдениеті Ислам құндылықтары мен қазақы салт-дәстүрге негізделген. Оны дамыту мен жаңғыртуға үлкен үлес қосқан қазақ жерінен шыққан ойшылдар: Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Йассауи, Махмұт Қашқари, Мұхамед

Хайдар Дулати, Жүсіп Баласағұн және т.б. мұраларының Ислам өркениетінің асыл қазынасына айналуды қазақ халқының дүниетанымында Исламның рөлі басым әрі маңызды екендігін дәлелдей түспек.

Қазақ халқының этногенезі мен этнографиясын зерттеу барысында қазақ мәдениеті мен руханияты Ислам әлемі мен өркениетінің ажырамас бөлшегі екендігін көруге болады [2, 82 б.].

Ислам діні халық санасына бейбіт жолмен сіңісті. Қазақстанның кең-байтақ территориясы мен Еуразия аумағын мекендеген түркі ұлыстары IX ғ. басында Ислам дінін қабылдап, кейін осы территорияға иелік еткен ұлыстардың ұрпақ жалғастырған халықтары өз дүниетанымына, мәдениетіне Ислам құндылықтарын дәстүрлі бағдар етіп салт-дәстүрімен біріктірген.

Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі кезеңдерде территориямызда түрлі мемлекеттік бірлестіктер тарихында Ислам ұлттық менталитеттің негізгі діңгегі ретінде өміршендік танытқандығына тарихи деректер дәлел болады. Тіпті атеизмді басшылыққа алған Кеңестік отаршылдық саясат қазақ дүниетанымыдағы Исламды жою алмады. Халық санасында Құдіретті Құдайдан қорқу, оған сиыну сияқты діни таным руханиятымыздың өзегі болып сақталды.

XII ғ. моңғолдардың басып кіруі нәтижесінде ислам діні біраз әлсірегенімен кейінгі Ордалық хандардың саясаты нәтижесінде нығая түсті. Исламның нығаюы Алтын Орданың падишахтары Берке хан тұсында (1255-1266), кейін Менгі мен Өзбек хандар тұсында мұсылмандықты қабылдауына және оны мемлекеттік дін ретінде Қазақстан жерінде екінші мәрте жариялауға алып келді. Қазақстандағы Ислам өзінің өміршендігін және тұрақтылығын он екі ғасырға созылған жүріп өткен жолымен дәлелдеді. Себебі, ежелгі Түркі даласына дін ретінде енген ислам, кейін қазақ дүниетанымына мәдени негізде толыққанды енді. Халқымыздың барлық салт-дәстүрлерінің Исламнан бастау алатындығы ислам құндылықтарының халықтық санада берік бекігендігінен көруге болады. Сонымен қатар, Ислам діні Қазақстан жерінде әртүрлі кезеңде территориялық аймақтағы мемлекеттік бірлестіктерде түрлі маңызға ие саяси рөл атқарғандығы туралы тұжырымды дәйектер келтіруге болады [3, 78].

Қазақ хандығының құрылуындағы Ислам дінінің рөлі (XV-XVIII ғғ.). Қазақ хандығы құрылғанынан бастап мұсылмандық құқықтық нормаларына жүгінді. Барлық қазақ хандары Керей мен Жәнібектен бастап ең соңғы қазақ ханы Кенесары шарифатқа



жүгініп билік жүргізген. Мәселен Қасым хан мен Есім хан негізін салған заңдар шариғатпен үйлесіп жатты. Оған Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» дәлел бола алады. «Жеті Жарғы» заңдар жүйесінде дін таратушы қожалардың әлеуметтік дәрежесін ерекшелеу ислам дінінің жоғары әлеуметтік ықпалын көрсетеді. Осындай заңдық құжаттардағы әкімшілік, қылмыс және азаматтық құқық нормалары айтарлықтай дәрежеде шариғатқа негізделген.

XVII- XVIII ғғ. бойы жүрген қазақ-ойрат соғыстарының бір себебі қазақ хандарының жоңғар қоңтайжылары талап еткен ламаистік будда дінін қабылдаудан бас тартқанында жатқан болатын. Сол кезеңде әскери-саяси жағынан, күшейген Жоңғар хандығы қазақтарды өз дініне кіргізу арқылы Шыңғысқан заманындағыдай далалық империяны қайта құруды армандады, алайда діни-өркениеттік ұстанымдардың айтарлықтай өзгешелігі бұған жол бермеді [1, 83].

Әрі қарай исламның бекуіне Тәуке ханның «Жеті Жарғы» деп аталатын Заңдар жинағы өз үлесін қосты. Осы заңдар жинағында мемлекеттің мұсылмандық дінге ресми қолдау көрсетуі көрініс тапқан. Мысалы, «Христиан дініне өткендердің ағайын туыстары, оларды барлық меншігінен айыруға қахы бар», «Рухани мұрагерлік тума-туыс пен молдалар қатысуымен өтеді» және т.б. Қазақ хандары хандық мемлекет билеушісі дәрежесіне Түркістан қаласындағы Қожа- Ахмет Яссауи қабырғасы жанында көтеру дәстүрге айналды. Түркістан түркі жұрты үшін Мекке мен Мәдинеден кейінгі қасиетті қалаға айналды. Қазақ хандарының өз есімдерімен қатар мұсылмандық есімдерінің болуы олардың ислам дінін берік ұстағандығының, өздерін ислам елінің билеушісі ретінде көрсетуге тырысқанының айқын белгісі. Исламның жергіліктенуіне орасан зор еңбек сіңірген Қазақ жеріндегі қожалар қауымы болғаны белгілі, түп-тамыры араб және парсы жұртынан келіп қазақ арасында ислам дінін ғасырлар бойы тұрақты таратушылары болғандығы тарихтан мәлім.

XVIII-XIX ғғ. Ресей империясына қосылған Қазақстанның исламдануына Ресейдің Ислам дініне деген қарым қатынасы шешуші фактор болып есептелді. Отаршылдықтың алғашқы жылдары, яғни ХҮІІ ғ. Ресей өкіметі көшпелі халық арасына христиан дінін тарата бастайды, кейіннен нәтиже бермегендіктен исламды өздеріне снімді болып көрінген татар-башқұрт молдалары арқылы бақалауға алды. Зерттеуші. Р. Мұстафинаның ойынша, XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында қазақтар мұсылманша оқудың

негізімен таныс болған, әрі осы кезеңдегі исламның негізінде балаларын мұсылман мектептеріне беріп, өздері мешіттерге барып тұрған. Бұл өз кезегінде қазақ халқының даму тарихында XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде ислам үстүрт, яғни мазмұны тұрғысынан етене бойлай алмады деген пікірді теріске шығарады. Профессор Қ. Әбуовтың «Науан Хазірет» атты зерттеуінде патша өкіметінің қазақтарға христиандықты күштеп ендіру саясаты осы кезеңде исламның ұстанымдарының керсінше бекуіне айтарлықтай әсер етті деген тұжырым жасады. Миллиондаған қазақтың өз рухани өмірін өзгертуі, салауаттылық пен пара-саттылықты, өркениеттіліктің болашағын өз бойларында Ислам құндылықтарымен байланыстыруы Исламның қазіргі таңдағы Қазақ даласындағы өміршеңдігін көрсетеді [4, 32].

Халқымыздың салт-дәстүрлерінің басым көпшілігі Исламнан бастау алатындығын Ислам құндылықтарының халықтық санада берік бекігендегінен көруге болады. Қазақ дәстүрлі мәдениетінде айшықталған әдеп ұстанымдары батыстық этика ұғымдарынан басқаша, өзіндік бітімі бойынша тұжырымдалады. Біріншіден, кісілік қасиеттер ауызекі поэтикалық арнада көркем суреттемелер арқылы берілген. Екіншіден, әдеп нормалары (кісілік белгілер) қазақы руханиятта құқықтық, діни, көркем өнерлік нормалармен синкретті әрекет еткен. Үшіншіден, әдеп нормалары ақын-жырауларда ауызекі мәдениеттің көне үлгілерін қамти отыра жырланған [5, 96].

Кеңес үкіметінің Қазақстанда орнауымен Ислам дінін ұстануға үкімет тиым салды. Тоталитарлық қысымның ызғары негізінде қазақ қоғамы діннен ғана емес өз дәстүрі мен рухани мәдениетінен айырылды. Таптық-идеологиялық қысым нәтижесінде қазақ қоғамы болмысынан айырылады.

Өз болмысында адамгершілік, татулық пен бірлік, адал еңбек, ғылым- білім, өзара құрмет секілді мораль мәселесіне баса мән беретін ислам діні қазақ даласына еніп, тарала бастаған кезеңнен бірнеше ғасырлар бойы халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде орын алған әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімен сіңісіп, рухани құндылықтармен үндескенде, асқақ адамгершілік ұстанымдарға негізделген дін мен дәстүрдің үйлесімділік орыны [6, 56].

Тәуелсіздік алған жылдары қазақ қоғамының дәстүрлі рухани мәдениетінің жаңа, жаһандық тарихы басталады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Сындарлы он жыл» атты кітабында «Біз, қазақтар үшін ислам – біздің дүниетанымызды анықтайтын ең алдымен

жоғары идеал мен факторы, бұрындары ұмытылып кете жаздаған бай мұсылмандық мәдениеті мен ата-бабаларымыздың рухына деген тиісінше баға берудің Рәмізі іспеттес» – деп жазды [7].

Құндылықтар кешені бір-бірімен әрдайым тығыз байланысты. Тарихи үдерістердің үздіксіздігін қамтамасыз ететін, рухани сабақтастыққа, бірлікке, ынтымақтастыққа негіз болатын рухани құндылықтар еркіндік пен шығармашылықтың, қайырымдылық пен ізгіліктің арқасында қалыптасады және дамиды. Мысалы, дін құндылықтарының дінгеі - бейбітшілік пен келісім.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Орынбеков М.С. Протоказактардың дүниетанымы. –Алматы, 1995 ж.

2 Бартольд В.В. Двенадцать лекции по истории турецких народов Средней Азии // Соч. Т.5

3 Нұртазина Назира Дәуітбекқызы. Қазақ мәдениеті және ислам. –Алматы, 2002 ж.

4 Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Исабеков Д.И. // Ислам және Қазақ мәдениеті. – Алматы, 2002 ж.

5 Нұртазина Назира Дәуітбекқызы. Қазақ мәдениеті және ислам. –Алматы, 2002 ж.

6 Нұралы Өсерұлы. Ислам және Қазақстан. //Руханият. – Алматы, 2003 ж.

7 Назарбаев Н. Ә. Сындарлы он жыл. - Алматы: Атамұра, 2003.-240 б.

#### ДИНИ САУАТСЫЗДЫҚ МӘСЕЛЕРІ

САБДАНБЕКОВА А. А.

аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

КОЙШИНА А. К.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Діни оқу – бұл ең алдымен діни білімді тарату және адамның нақты бір діннің шеңберіндегі моральды, этикалық әрі мәдени қағидалар бойынша дамуы [1, 56 б.].

Бүгінгі күннің аса өзекті мәселесіне айналған тақырыптың бірі дін болып отыр. Олай болудың бірден-бір себебі ел тыныштығын бұзып, лаңкестік әрекеттерге барып, түрлі дін атауын жамылған

топтарға еліктеп кеткен азаматтардың сауатсыздығы, нақтырақ айтқанда, діни сауатсыздықтың салдары болып табылады. Осы тұста діни сауаттылықтың маңыздылығы ерекше рөлге ие.

Діни оқу мен білім беру, діни культтердің, теолог-мамандардың, рухани білім беру мекемелеріндегі діни оқытушылардың және халықты діни оқитудың мамандандырылған түрдегі дайындау жүйесі болып табылады.

Діни оқу мен білім берудің ұйымдастырылуы, құрылымы және мазмұны тарихи, ұлттық-діни ерекшеліктерге, қоғамда сәйкес келетін конфессияның қалпына, ғибадат туралы заңдарға байланысты. Франция, Мексика, Уругвае және т.б. кейбір мемлекеттерде діннің мемлекеттік оқу орындарында оқытылуына тыйым салынған. АҚШ-та шіркеу ресми түрде мемлекеттен бөлек, бірақ жалпы білім беретін мектептерде діннің оқытылуы факультативті түрде (оқығысы келетіндерге арнайы бөлінген уақытта) жүреді. Одан бөлек, АҚШ-та діни білімді алу оқу бағдарламасына кіретін жеке оқу орындарының, діни ұйымдарға жататын (немесе олармен қаржыландырылатын) шіркеу қарамағындағы мектептердің кең торабы бар [2, 94 б.].

Біздің еліміздегі діни білімнің таралуы мен бүгінгі күнгі жағдайына тоқталар болсақ. Еліміз ұзақ жылдар бойы Кеңес Одағының қоластында болып діни оқу түгілі сол кезеңдегі жарияланған атеизмнің кесірінен ұзақ жылдар бойы өзінің діншілдігінен және дініміздегі орындалатын дәстүрлерінен де қол үзген еді. Осы тұста орны толмас ойыс болып табылатын діни сауатсызқа жол ашылған. Алайда, Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен соң адамзаттың рухани азығының бірі болып табылатын діни сенімге шөлдеген азаматтарымыздың кейбірі осы ойыстың орынын бірден толтыруға беттеп андаусызда осы сауатсыздықтың кесірінен кіріп кеткен аңқау елге арамза молда болған шет мемлекеттерден келген түрлі саяси мақсаттағы діни ағымдарға жолықса, енді бірі Иран, Сауд Арабиясы, Мысыр сияқты мұсылман елдеріне білім іздеп барып олардағы идеологиялық діни ағымдардың ықпалына түсіп елге оралған кезде дәстүрлі мазхабымызды мойындамай қателесіп келіп жатты. Елімізде ұлағатты ұстаздар мен діни мамандар емес, керісінше ислам тұрғысындағы әлсіз мамандар болғандықтан да, түрлі идеологиялық фундаменттер – «салафизмде», «джихадизмде» экстремисттер мен террористтердің идеологиясында негізделіп елімізді түрлі ұйымдарды құрушы алаңға айналдырды. Зайырлы мемлекетіміз енді тек қағаз жүзінде зайырлы болып шынайы өмірде исламның түрлі мәнін уағыздаушы бірқалыптыдан фанатиктікке

дейін діншіл бола бастады. Сондықтанда радикалдық ислам күші Қазақстанда өршуде. Енді міне, бүгін бұл еліміздің тыныштығын ұрлаған өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Тыныштықта өмір сүріп жатқан Қазақстандықтар үшін исламшылдар алдымен үгіт-насихаттан бастап кейіннен анық әрекеттерге көше отыра жарылыс пен өлімді де үйреншікті нәрсеге айналдырды. Атап айтқанда Ақтөбе облысындағы ҰҚК-і мекемесіндегі жарылыс, полиция қызметкерлерінің өлімі және т.б.

Оларға нақтылы түрде айып тағу мүмкін болмады, себебі барлығында да полиция қызметкерлерімен бір жанжалды мәселелері болған сол Ақтөбе облысын айтар болсақ, қарақшыларды аңду барысының өзінде элиталы ЖҚАЖ қызметкерлерінің кейбірі қайтыс болған [3, 32 б.].

Бұл мәселенің өршуінің тағы бір себебі – еліміз радикалды ағымдарға асқан шыдамдылық танытқандығында. Бұл кез-келген тұрғынға белгілі. Экстремистік исламға танытатын толеранттылықтың жақсылыққа әкелмейтіндігі және бұндай өткір мәселеде жұмсақтық танытудың соны қиын салдарға әкелетіндігі белгілі. Егер олай жалғасатын болса онда діни топтарымыз бұқараға айналып, аса үлкен жарылыс болып, елімізде жан-жағын өртеп, құртып, бауыздап, күш көрсететін зұлым фанатиктердің шығуы да ғажап емес. Бұл зайырлы басқарымды құлатудың алғашқы қадамы болады.

Бүгінде бұл радикалды топтардың қоғамымызға еніп кеткені соншалық, оның құрығына тек қарапайым жұмыскерлер ғана емес, тіпті жоғары лауазымды басшылар да байланып жатыр. Діншіл мұсылмандарымыз фанатиктерге айналып, діни экстремисттер мен террористтердің идеологиясын үгіттеп, ұлтааралық әрі діни алауыздыққа және араздыққа шақыруда.

Егер шын мәнінде тереңірек үңілетін болсақ, елімізде қазіргі таңда азаматтарымыздың ақылына күрес жүруде. Қазақстанымыз табиғи ресурстарға бай, теңіз порты мен үлкен адамзаттық капиталға ие. Елімізден Европа мен Үндістан елдеріне шығу жақын. Сондықтан да дін атауын жамылып келіп жатқандардың саяси мақсаттағы арамдылықтарын ескере отыра еліміз бүгіннен бастап мәселені алдын алу үшін тиімді болатын шараларды қолдануға тиіс [4, 78 б.].

Сондай алдын алу шараларының бірі ол діни сауаттылықты арттыру деп ойлаймыз. Сол себепті біздің еліміздегі таралған діни білімге және бүгінгі күні діни сауаттылықты арттырудағы маңыздылық пен оның тиімді тәсілдеріне тоқталуды жөн көрдік.

Қазақстандағы ислами білім беру жүйесінің ерте орта ғасырлардан басталған мың жылдан аса тарихы мен тәжірибесі бар. Ең алғашқы ислами орта оқу орындары болған медреселердің араб жерінде емес, Түркістан өлкесінде пайда болғаны тарихтан белгілі. Мұның басты себебі тілдік фактордың әсері болып табылады. Мұсылмандықты қабылдаған түркі халықтары үшін ислам дінінің негіздерін үйрену, шарият заңдылықтарын түсіну, зерттеу, тарату талпынысын араб тіліндегі Құран Кәрімді, Мұхаммед пайғамбар хадистерін, исламдық мәтіндерді игеру арқылы ғана жүзеге асыру мүмкін болып табылатын [5, 14 б.].

Мұсылманның парызы саналатын іс-әрекеттер (бес уақыт намаз, ораза, қажылық) де белгілі бір дәрежеде араб тілді мәтіндермен байланысты болды. Сондықтан ислам дінін игеру бірінші кезекте күрделі де көп салалы араб тілін жүйелеп, жіктеп, егжей-тегжейлі үйренуді талап етті. Тіл игеруден кейінгі қиындық діни мәтіндер мен ілімдерді барлық қосымша пәндерімен қоса оқып-үйренумен байланысты болды. Бұл Құран ілімдері мен шарият ғылымдарының екі үлкен сала ретінде қалыптасып, дербес оқытылуына негіз қалады. Осының барлығы араб тілі мен ислам дінінің негіздерін толығымен қамтып, жүйелендірген білім ордасы – медреселердің қалыптасуына алып келді.

Қазақстанның Ресейге қосылуы қазақ жеріндегі діни білім беру жүйесіне өзіндік өзгерістер әкелді. Орыс отарлау саясатының бір бөлігі болып табылатын татар молдалары арқылы қазақтарға діни білім беру әрекеттері қазақ халқын бағынышты, бодан етіп тәрбиелеу ниетінен туындағаны белгілі. XIX ғасырдың екінші жартысына дейін осы үрдіс белең алып келді. Кейіннен кеңестік кезең саясаты Қазақстандағы барлық діндердің қызметіне шектеу қойды. II дүниежүзілік соғыстан кейін де діни ғибадат ғимараттарының салынуы барынша шектелді. 1960-1980 жылдар аралығында 28 мұсылман мешіті ғана жұмыс істеді. Тек тәуелсіздік қарсаңында ғана олардың саны 68-ге жетті.

1991 жылдан басталған жаңғыру үдерістерінің нәтижесінде ел аумағында көптеген діни білім беру ұйымдары (ДББҰ) ашыла бастады. Бұған 1992 жылдың 15 қаңтарында қабылданған ҚР «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заңы тікелей әсер етті. ДББҰ қатарында ислам, православие, католик, інжілдік христиан-баптистер, т.б. конфессиялардың діни бірлестіктеріне қарасты оқу орындары болды.

Исламдық оқу орындары. Исламдық білім беру жүйесінің жолға қойылуында ҚМДБ шешуші роль атқарды. Қазір еліміздегі ислами білім беру жүйесі бес деңгейде қызмет атқарады:

1. Діни сауат ашу курстары
2. Қарилар дайындау орталықтары.
3. Медреселер.
4. Білім жетілдіру институты.
5. Университет.

Діни сауат ашу курстары. Еліміздегі көптеген облыстық, аудандық, қалалық мешіттер жанынан көпшілікке арналған діни сауат ашу курстары ұйымдастырылған. Сонымен қатар ҚМДБ-ның қолдауымен мектеп жасындағы балалар үшін жыл сайын жазғы діни сауат ашу курстары ұйымдастырылып, жұмыс жүргізуде. 2013 жылдың I тоқсанындағы есеп бойынша исламдық сауат ашу курстарының саны – 334, білім алушылар саны – 5789.

Христиандық білім жүйесі. Елімізде қазір христиандық бағыттағы діни курстар ретінде құрылған бастауыш деңгейдегі жексенбілік мектептер мен бір ғана жоғарғы діни оқу орны нақты қызмет атқарады.

Жексенбілік мектептер. Ел аумағында көптеген христиандық діни бірлестіктерге қарасты жексенбілік мектептер жұмыс істейді. Христиандық жексенбілік мектептердің жалпы саны – 66, білім алушылар саны – 1889.

Оның ішінде православие конфессиясына тән 47 жексенбілік мектепте 1214 адам білім алуда. Протестанттық бағыттағы 15 жексенбілік мектепте 575 білім алушы бар. Католик бағытындағы 4 жексенбілік мектепте оқитындар саны 100-ді құрайды.

Бүгінде діни сауат ашу курстарының бір орыны толмас кемшілігі бар – ол шәкірттерге ешқандай жауапкершілік жүктемейтіндігі, сондықтан курс шәкірттерінің оқу үдерісін кез келген уақытта, тастап кетуі ықтимал. Нәтижесінде бұл жағдай оқытушылардың білім беруге деген ынтасына кері әсер етеді әрі сырт көпшілік тарапынан діни сауат ашу курстарында берілетін білімнің сапасына күмән туғызады. Сонымен қатар діни білім алудың бастауында араб тілін меңгеру тұрғандықтан кейбір жастарымыз тек тілді үйреніп кейін белгілі бір себептермен курсқа бармай қалған жағдайда бүгінгі күні аса қолжетімді ақпараттық технология арнасы болып табылатын интернет арқылы түрлі парақшаларға кіріп, оқып бұрыс арнаға түсіп ислам ілімінің дәстүрлі бағытынан қол үзуі әбден мүмкін. Ондай жағдай болмас үшін жастарымыз ең алдымен діни сауатты болуы тиіс.

Осыдан 10 жылдар бұрын ЖОО-да «Дінтану» пәні барлық мамандық студенттері үшін міндетті пәндер қатарында болса, ал бүгінгі күні тек біздің ЖОО жеке алып қарасақ, бұл пән тек «Мәдениеттану» мамандығының студенттерін үшін ғана қарастырылған.

Елімізде бүгінгі күні дінтану пәні мектептерде міндетті және баға қойылатын факультатив пәні ретінде бекітілген. Дегенмен пәннің сағат саны аз. Дінтану пәнінің апталық сағат саны – 1 сағат, жылдық сағат саны – 34 сағат [6, 82 б.]. Яғни дінтану пәнінің қазіргі сағат саны мектеп мұғалімінің 0,25 мөлшерлемесін де құрамайды. Сондықтан дінтанушы мамандардың орта мектепте сабақ беруі үшін дінтану пәнінің сағат санын көбейту немесе оны тек 9 сыныпта ғана оқытпай оған дейін ертерек жастан оқытылуын қарастыру керек. Себебі, 9 сынып оқушысы 15-16 жаста бұл жастағы жеткіншектер көзі ашық, заман талабын меңгерген болып келеді, яғни кез-келген туындаған сұрағын мұғалімнің көмегісіз-ақ интернеттен тауып оқи алады. Ал оның интернеттен тапқан мәліметі мен парақшасы қаншалықты дұрыс әрі қалыптасу кезеңіндегі балаға психологиялық тұрғыда қалай әсер ететіндігі шамалы ойланарлық мәселе. Мысал ретінде қарапайым күнделікті барлығымыз қолданатын әлеуметтік желі «ВК» в контактеде жүргізген бақылауымды негізге алсам:

Мысалға көрсетілген ВК әлеуметтік желісін қолданушы Абу Шамих бойынша айтсақ, «ВК» әлеуметтік желісінде отыратын мына 15 жасар ер баланың парақшасына кіріп қарап оның оқитын топ парақшаларын қарадым оның ішіндегі 16 парақшаның 7-і діни бағытта. жеткіншектеріміз ол парақшадан не оқығандығы және қандай ой түйгендігі белгісіз. Бұл бала Бұл бала 15 жаста бірақ осы парақшаларды оқитындығына қарағанда дінге деген қызығушылығы мол көрінеді. Бұл өз кезегінде оқушының санасында өзгерістің болатындығын көрсетеді. Алайда әлі дінтану пәнін оқымаған оқушыда дінге деген қызығушылық қайдан туындағаны белгісіз. Мінеки, сол себепті де біз жастарымыздың санасына еш түсіндірусіз түрлі нәрсені жеткізетін әлеуметтік желідегі бұрыс діни ағымдардың жариялайтын теріс ақпаратынан сақ болу үшін дінтану пәнінің оқытылуын ертерек бастауды және оның сағат санын кеңейтуді еліміздегі діни ахуал және конфессиялық кеңістіктің алуан түрлілігі кезеңінде өте маңызды деп есептейміз. Мектеп қабырғасында дінтану пәні бойынша жүйелі әрі сапалы білімнің берілуі еліміздің болашақтағы ішкі тұрақтылығына пайдасын тигізетіні сөзсіз. Сол себепті де, жастарымызға діни түсінікті ертерек

оқыту керек деген ойдамыз. Әрине, бұл үшін ең алдымен педагог-психологтардың көзқарасына жүгінген абзал.

Діни топтардың әлеуметтік желіде кең таралуына байланысты Павлодар облысындағы 14-22 жас аралығындағы жастарымыздың арасында жүргізілген сауалнаманың қорытындысына жүгінетін болсақ:

Сіз үшін дін дегеніміз не? деген сұраққа жауап бергендер

Жоғары тылсым күшке (Құдайға) сену және құлшылық ету	75%
Қалыптасқан моральдық нормалар және оның орындалуы	25%
Ата-бабадан келе жатқан дәстүрлі салт-жоралғылар және оның сақталуы	0%

Сіз әлеуметтік желідегі діни парақшаларға (группы ВК) тіркелгенсіз бе? (мысалға: Sabr رابص, Мұсылман күнделігі, Мұсылман Қорғаны, Сабыр, ИСЛАМ ӘЛЕМІ 🌙, Алла жолында)

Иә	50%
Жоқ	50%

Егер тіркілсеніз не себепті?

Дін туралы көбірек білігім келеді	50%
Қызықты мақалалар жариялайды	0%
Өз-өзімді тәрбиелеуге көмектеседі	50%
Дінге деген қызығушылығымды арттырады	0%

Егер тіркелмеген болсаңыз не себепті тіркелмедіңіз?

Теріс ағымдағы діни топтарға кіріп кетуден сақтанамын	66,7%
Ата-анам рұқсат етпейді	33,3%

Жүргізілген бұл сауалнамаға қарағанда жастарымыздың тең жартысы түрлі діни топтарға тіркелген бұл олардың дінге деген қызығушылығының барын көрсетеді. Ал сол діни парақшалардағы жарияланатын мәліметтердің қаншалықты оң немесе теріс екені маңызды мәселе. Қалған жастарымыздың жартысы ондай парақшаларға тіркелмеген және оның себебі ретінде теріс ағымдағы топтарға кіріп кетуден қорықатындықтарын көрсетеді. Өз-өзіне сенімді діни сауатты адам қорықпас еді.

Қорыта айтқанда, дінді саясатқа айналдырып жастар санасын теріс арнаға бұруды көздеген бүлікшілердің әрекеті, сөз жоқ,

Қазіргі білім беру реформасының негізінде Кембридж университетімен бірге жасалған деңгейлік курстар бағдарламасы осындай мәселелерді шешуге бағытталған. Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі - рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық - әдістемелік, әлеуметтік тұлғалық, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани- адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға. Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындылап отыр. Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс-әрекетке еруге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді. Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет. Басқаша айтқанда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру. Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру - оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр. Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық –

коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық - дамытушылық функцияны атқарады. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек «кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін «үнемі оқып – үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады. Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқитындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі. Аталған қасиеттерді тұлға бойына дарытуда педагог қауымның арнайы әлеуметтік білім беру құзыреттіліктерінің жан-жақты болуы талап етіледі. Егер педагог өзінің кәсіби өсу жобасын дұрыс жолға қоя отырып, өзінің кәсіптік қызметіне нақты берілу арқылы тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсына алатын жағдайда болғанда ғана студент құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік табады. Бір сөзбен айтқанда, тұлғаға бағытталған білімдер жүйесі білім стандартына сай тұлғаның жан- жақты дамуына негізделген, алған білімін өмірдің қандай бір жағдаяттарына қолдана алатындай дәрежеде ұсыну педагогтің құзыреттілігіне байланысты болады [2].

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуында жетекші роль атқарады. Ал білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан

зерттелетін ілім таным теориясы деп аталады. Таным теориясының басқа ғылыми теориялардан түбірлі айырмашылығы – ол білімнің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, объективтік қатынастарды қалыптастырады.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар : бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі- рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық - әдістемелік, әлеуметтік тұлғалық, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани- адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға. Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындылап отыр.

Бүгінгі күні мұғалім қандай жоғары деңгейде болса да барлық мәселені шешпейді, ол тек бағыт-бағдар бере алады. Ал мәселені шешу үшін әр адам өз мүмкүндігі бойынша аз да болса атсалысса сонда ғана біздің мәдениетіміз де, сауатымызда, салауатты өмір салтымызда алға жылжиды деп сенемін.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Астана . 2004. 28-б

2 С.Е. Шишов. Понятие компетенции в контексте проблемы качества образования // «Государство и образование», 2002. 88-б

## ОСНОВЫ ТОЛЕРАНТНОСТИ

ТОКТАСОВ Д.

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

СМАГУЛОВА Б. Т.

ст. преподаватель, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Актуальность проблемы толерантности связана с происходящим в мире обострением религиозной ситуации и рассматривается в большей степени через определение межконфессиональной толерантности. Религиозная ситуация часть общего развития и поэтому не может рассматриваться отдельно. Она связана с проблемами общества (экономическими, политическими, социальными, культурными). Эти проблемы касаются всеобщих принципов развития общества в целом и составляют изменившую картину мира. В данной статье проведена попытка не только рассмотреть толерантность как принцип терпимости в отношении другой культуры, мировоззрения, но прежде всего, выделить проявления толерантности как явления современного постмодернистского общества.

Проблема толерантности в межконфессиональных отношениях требует анализа природы толерантности. Исследователи связывают появление идеи толерантности с периодом Реформации и идеями Просвещения новоевропейской либеральной политической философии.

Идея толерантности, которой уже триста лет, возникла в целях освобождения религий, провозглашенная либеральной традицией. В ней выделяют три основных периода развития. Первый период связан с рационалистическим учением Дж. Локка. В основе его взглядов на отношении веры и разума есть понимание толерантности как веротерпимости. Веротерпимость есть по Локку рациональная необходимость в правлении.

Второй период связан развитием проблематики толерантности в либеральной теории С. Милля. Он провозглашает идею свободы индивида, которая может быть ограничена только свободой другого человека. Индивидуальная свобода выше общего блага.

И наконец, третьей период связан с именем Дж. Роулса. Рассматривая проблемы справедливости, равенства как основы общества ученый говорит о необходимости договора ради достижения их. Толерантность является одним из условий справедливости, однако человек должен жертвовать собственными убеждениями ради права других членов.

Критика либеральной традиции толерантности в современной философии берет свое начало от Г. Маркузе. В его понимании толерантность Нового времени в буржуазном обществе играет роль «репрессивной толерантности», она означает безразличие несправедливого общества.

В современной философии проблема толерантности представлена критикой политически «левых» и более правых философов. Одни связывают толерантность с разрушением традиционных ценностей, другие связывают данную проблему с плюрализмом ценностей в современном постмодернистском обществе. Несмотря на то, что в современном мире, человек стремится к осознанному отношению к другим идеям, религиям и т.д., создавая новые ценности, эти ценности не должны вступать в конфликт с другими, однако основные тенденции развития идеи толерантности развиваются в рамках противоречивых мнений о сущности и содержании данного явления.

Толерантность с одной стороны носит позитивный ценностный характер. В этом смысле под толерантностью понимается признание и уважение иных взглядов, убеждений, традиций, стилей и практик жизни без внутреннего согласия с ними и также многообразие и своеобразие существующего мироздания в процессе взаимодействия субъектов в условиях поликультурного общества.

Как было сказано выше, основное изначальное определение толерантности связано с терпимостью к иной вере. В современном мире религиозная толерантность эта часть общих культурных ценностей и идеалов принятых в обществе, в которых основным принципом понимания действительности и отношений между человеком и миром является плюрализм и терпимость к любому мнению, даже абсурдному. Этими идеями пронизана эпоха постмодернизма и современные концепции глобального мира, содержанием которых является критика единообразия и утверждение идей многообразия и всеобщего плюрализма. В этом смысле в современной философии под толерантностью понимается отсутствие монополии на истину, открытость для критики и т. д.

Многие исследования в данной области посвящены политике толерантности в межконфессиональных отношениях, ее роли в решении проблемы сохранения мира и согласия, о чем сегодня знает каждый казахстанец. Этой теме посвящено немало научных трудов, монографии, публикации, учебные издания ведущих ученых Казахстана.



Изучение религиозных отношений посвящены исследования и казахстанских философов, среди них академик Гарифолла Есим. Ученый говорит о необходимости сохранения мира и согласия, сохранении вечных ценностей и принципов человеческого сообщества. Косиченко А. Г. рассматривая Казахстанскую модель межрелигиозного, межконфессионального согласия, пишет о толерантности как диалоге конфессий, который с точки зрения верующего представляет собой всего лишь «диалог истины с заблуждением».

Формировать толерантность необходимо через устойчивые ценности гуманистического, общечеловеческого понимания. Толерантность является ключевым нравственным принципом гражданского общества. Важно не перепутать толерантность с вседозволенностью, радикальным плюрализмом. Здесь нельзя не согласиться с исследователем политической философии Хомяковым М.Б., который утверждает «в современном западном обществе толерантность зачастую пропагандируется как альтернативный проект, как замена равенству и справедливости». На этом сходятся перечисленные здесь и многие другие исследователи данной проблемы. Например, в монографии «Новые религиозные движения в Казахстане» рассматривая проблему развития религиозных отношений, авторы обращают внимание на связь между проблемой религиозного радикализма и экстремизма с изменением социокультурных ценностей: «Весьма значительным обстоятельством, способствовавшим распространению нетрадиционных религиозных движений, стало то, что как и в современном западном обществе люди лишились скрепляющих их воедино идеалов и ценностей, находятся в состоянии взаимной изоляции, отчуждения».

Таким образом, в современной западной философии установилось определение толерантности как черты философии плюрализма, согласно которой есть множество мнений и каждое имеет право на существование. Хотелось бы остановиться на двух проблемах западной философии в данной перспективе.

Во-первых, о проблеме дискурса толерантности. Западная культура признается ей самой толерантной, а все другие, традиционные не таковыми. Происходит деление на «свое» и «другое». Толерантность утверждается как черта западного, цивилизованного общества, где человек обладает истинной свободой. А традиционное общество провозглашается фундаментализмом, где индивид не может обладать культурой и свободой.

Во-вторых, толерантность – как черта плюрализма в утверждении относительности всего, релятивизма, призыв к стиранию всяких границ взаимоотношений в системы культуры, частью которой является и религия. Поэтому толерантность в отношении к религии играет важную роль, однако она и является причиной социальных проблем. Причина появления различных нетрадиционных религий кроется в историко-общественном процессе изменения общественного сознания: смены традиционного на постиндустриальное, однополярного на многополярное.

Во всем мире и позже в Казахстане начались процессы потери жизненных ориентиров, в западном обществе эти процессы связаны с развитием общества потребления, абсолютного релятивизма. В Казахстане этот период связывают с поиском новых взглядов на мир, определением этнического самосознания, национальной идеи и духовных поисков. «Повышенный интерес определенной части населения страны к исламу как уже отмечалось, объясняется тем, что она связывает с ним возрождение этнических ценностей, национального языка, традиций и т.д.». «отстранение от общепризнанных культурных норм». Между потерей традиционных форм веры и обращением в последователей нетрадиционных верований существует причинно-следственные связи, в которых проявляется толерантное в крайней степени его понимания, как не имеющее устойчивых общечеловеческих ценностей и ориентиров, образцов культурного поведения.

В современной философии толерантность связана с идеями плюрализма, означающие сохранение собственных взглядов и отношение к другим через диалог. Особенности религиозной проблематики связаны со становлением национального самосознания. Следовательно, решение религиозной проблемы ведет к решению этнических проблем национального вопроса. Существует точка зрения о развитии религиозной ситуации как совокупности этнической, природно-географических, социально-экономических, политических и других условий, сложившихся в обществе, следовательно, эти отношения развиваются по-разному, и имеют особенности для каждой страны. Однако мы видим, что в условиях глобализации, развития интернета происходит тенденция сближения религиозной ситуации во всем мире. Роль информационного развития в распространении идей, ценностей уже никем не оспаривается. Таким образом, локальные ценности становятся массовыми, распространяясь в

мировом пространстве мгновенно. Стираются границы не только экономические, политические. Толерантность выходит за пределы постмодернистского общества и становится частью традиционного.

Таким образом, в проблеме толерантности в межконфессиональных отношениях можно выделить следующие черты:

– важным моментом для понимания проблемы толерантности в межконфессиональных отношениях является определение толерантности с позиции философского осмысления через идеи веротерпимости, свободы индивида, равенства и справедливости, которые стояли у истоков формирования толерантности и трансформировались в эпоху постмодернистского плюрализма и глобализации;

– в Казахстане присутствует роль толерантности как социально-этических принципов в решении межконфессиональных отношений, в национальном самоопределении, возрождении и сохранении духовной целостности народа, осуществляемую в рамках диалога;

– толерантность не должна разрушать существующие в той или иной единой культурной, духовной общности, сложившие в общественно-историческом становлении ценности;

– необходимо отличать толерантность как терпимость к другим идеалам и ценностям и противоположный этому абсолютный плюрализм с отказом от вечных ценностей гуманистического, морально-этического воспитания (если не направлять будущих граждан общества на общечеловеческие ценности и идеалы их может вообще не стать).

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Есим Гарифолла *Философия независимости* / Гарифолла Есим. – Алматы: Білім, 2011. – 384 с.

2 Косиченко, А. Г. *Религия: сущность и актуальные проблемы* / А. Г. Косиченко; под общ. ред. З. К. Шаукеновой. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2012. – 220 с.

3 Хомяков М.Б. - Сборник методических материалов «Толерантность в современной цивилизации» Том 1. [http://elar.urfu.ru/bitstream/10995/1440/6/1324430\\_methodbooks\\_Voll.pdf](http://elar.urfu.ru/bitstream/10995/1440/6/1324430_methodbooks_Voll.pdf)

4 Кожамжарова М.Ж., Кокумбаева Б.Д., Ахметова Г.Г. и др. – *Новые религиозные движения в Казахстане*. – Павлодар : Дом печати, 2014. - 200 с.

5 Шкутина Л.А., Карманова Ж.А. – Проблема межконфессиональной толерантности в системе образования: <https://almavest.ru/ru/archive>

6 Гречко П. О границах толерантности. - *Свободная мысль - XXI*, №10, 2005.

#### ТІЛДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘНІ

ТҰРЫШЕВ А. Қ.

ф.ғ.д., профессоры, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ӘУБӘКІРОВА С.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тіл және ойлау – бір-бірінен өзінің мәні, өздік белгілерімен ерекшеленетін, қоғамдық қызметтің өз ара тығыз байланысты екі түрі. Қазіргі заманда бұл мәселемен әр түрлі ғылым саласындағы ғалымдар айналысуда.

Ойлау – аса күрделі психикалық процесс. Оны зерттеумен бірнеше ғылым айналысады. Бұлардың ішінде логика мен психологияның орны ерекше. Психология түрлі жас мөлшердегі адам ойының пайда болуы, дамуы, қалыптасуы жолдарын, яғни жеке адамның ойлау ерекшеліктерінің заңдылықтарын қарастырса, логика – бүкіл адамзатқа ортақ ой әрекетінен заңдары мен формаларын айқындайды, адам ойының нақты нәтижесі болып табылатын ұғым, пікір, дәлел, ой формаларының табиғатын зерттейді. Ойлау ерекшеліктерін таным мен ой процесінің сатысы ретінде зерттеу, ойлаудың білім мен тікелей байланысты екендігін көрсетеді.

Тіл дегеніміз – сөздік белгілердің жүйесі. Ал белгі – шындық пен болмысты білдіретін бөлшек. Тіл арқылы ойымызды басқа біреуге жеткіземіз. Ақыл-ой жетістігі болып табылатын, ақиқат, өмірдің бейнелуін қамтамасыз ететін ең жоғарғы таным-түйсік адамға ғана тән және ол-сөйлеу актісімен тікелей байланысты форма. Яғни адамдар бұл бейнелерді қалыптастыруда тілді пайдаланады, бір-бірімен қарым-қатынасқа тіл арқылы түседі, бейненің бар болмасын суреттеу үшін, бір-біріне жеткізу үшін тілдік блоктарды түзеді.

Тіл мен сөйлеу жайындағы ғалымдардың пікіріне келсек, ерекше концепция Ф. де Соссюрдің тұжырымы. Оның пікірінше, тіл дыбыстың өзі, дыбысталу. Яғни, тіл – барлық дыбыстық

танбалардың жиынтығы болса, сөйлеу – дыбысталудың жиынтығы. Ғалым «Язык – это система знаков и правил их комбинирования; речь же это использование нашей языковой системы в целях общения» [2]. Ф. Соссюр тілмен сөйлеуді ажырата келіп, олардың әрқайсынына тән айырмашылықтарды нақтылап көрсетеді.

Тіл – әлеуметтік, ал сөйлеу – жеке құбылыс. Тіл мен ойлаудың өзара байланысы туралы мәселе жалпы тіл білімінің ғана емес, сонымен бірге философия мен логиканың және психологияның ең күрделі мәселелерінің бірі болып саналады. Дыбыстық тіл де, абстракті ойлауда адамға тән құбылыстар. Осы бірліктен тіл мен ойлаудың жалпы ерекшелігі көрінеді. Ой тіл арқылы айтылған мазмұнның негізін құрайды. Ой арқылы, адам миының сәулелендіруші әрекеті арқылы тілдік единицалар объективті дүниенің заттары мен және құбылыстарымен байланысқа түседі, мұнсыз адамдардың бір-бірімен тіл арқылы қатынас жасауы мүмкін болмаған болар еді.

Адамның ой тіл арқылы тілдегі сөздер және олардың тіркесі арқылы айтылды да, материалдық формаға енді. Ойлаудың туып жасалуында тілдің ролі айрықша зор.

Белгілі бір тілдің дыбыстық комплекстері ойлауда сәулеленетін объективті дүниенің элементтерінің сигналдары ретінде қызмет етеді де, бұл дыбыстық комплекстерде адам танымының нәтижелері орнығып бекітіледі, ал осы нәтижелердің өзі ары қарай танып білуге негіз болады. Сондықтан да тіл ойлаудың қаруы, инструменті ретінде, ал тіл мен ойлаудың байланысы бірлік ретінде сипатталады. Тілдің шығуы мен абстракті, жалпылаушы ойлаудың шығуы туралы мәселелер өз ара тығыз байланысты. Мұны И. П. Павловтың екінші сигнал жүйесі туралы ілімі дәлелдей түсті. Ол екінші сигнал жүйесі адамның пайда болуымен байланысты туды және осымен байланысты жалпылаушы ойлау да пайда болды дейді. «Тегінде айналадағы дүниеге барып тірелетін біздің түйсіктеріміз бен елестеріміз егер біз үшін шындық өмірдің бірінші сигналдары, нақтылы сигналдары болып табылатын болса, онда тілдің өзі сөйлеу органдарынан ми қабығына баратын ең алдымен кинэстетикалық тітіркенулер, екінші сигналдар, сигналдардың сигналдары болып есептеледі.

Түйсіктер, сондай-ақ қабылдау мен елестері образдары дүниедегі заттардың, құбылыстардың және олардың сапа, қасиеттерінің сезім мүшелеріне тікелей әсер етуінің нәтижесінде пайда болады. Ал жалпылаушы және абстракті ойлау сыртқы дүниенің сезім

мүшелері арқылы бізге жететін деректеріне, әсеріне сүйенгенімен, оның ұғым, байымдау және т.б. түрде болатын нәтижелерінің өздері сәулелендіретін объективті шындыққа қатысы жанама түрде болады. Әрбір ұғым заттар мен құбылыстардың және т.б. бүтіндей тобын олардың жалпы және басты қасиеттерінде бейнелей отырады да, сол топтағы әрбір затқа, құбылысқа және т.б. тән индивидуальды қасиеттерден дерексізденеді. Кез-келген халықтың таным мен ойлау ерекшелігі оның ұлттық тілінде көрініс табады және ол тек қана сол ұлттың тарихын, мәдениетін ғана емес, оның өркениетін құрайтын талғамдар жиынтығын, өмір сүру әдісін, руханият, ділдік, материалдық саладағы қол жеткен жетістіктерін де белгілейді. Сол себепті тіл тек таным мен ойдың вербалдануы қызметін ғана атқарып қоймай, сонымен бірге ол тарихи, мәдени, өркениеттік құндылықтарды сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, танытушы.

Бізді қоршаған дүниедегі заттар мен құбылыстар, олардың әр түрлі белгілері, бір-бірімен қарым-қатысы адам санасында ойлаудың әр түрлі формалары (ұғым, байымдау) түрінде бейнеленеді де, соңғылар тілде сөздер және сөйлемдер арқылы айтылады, осылар арқылы баянды етіледі. Адам санасында шындық өмірдің бейнеленуі тілсіз іске асуы мүмкін емес. Тіл біздің ойымызды білдіре және баянды ете отырып, бізді қоршаған шындық өмір жайындағы білімімізді сақтаушы болып есептеледі. Тіл объективті дүниедегі заттар мен құбылыстар, олардың сапа, белгілері және бәр-бірімен қарым-қатынасы туралы қандай бір ойды болса да айтып жеткізуге икемді болады.

Тіл мен ойлау бір-бірімен тығыз байланыста болады дегенде, тілдегі категорияларының өз ара байланысы, арақатысы ескеріледі. Мысалы, тілдегі сөз логикалық категория – ұғыммен тығыз байланыста болса, сөйлем байымдаумен (суждение) тығыз байланыста болады.

Сөз бен ұғым бірлікте, өз ара тығыз байланыста болады дегеннен бұл екеуі бір-бірімен тепе-тең екен деген түсінік тұмауға тиісті. Олардың арасындағы айырмашылықтары мыналар: кейбір ұғымдар жеке сөздермен емес, сөздердің тіркестерімен айтылады; фразеологиялық сөз тіркестерінің құрамындағы кейбір ұғымдар жеке сөздермен емес, сөздердің тіркестерімен айтылады; фразеологиялық сөз тіркестерінің құрамындағы кейбір сөздер ұғымды өздігінен емес, тек тұрақты сөз тіркестерінің құрамында қолданылғанда ғана білдіре алады. Бірнеше мағынаны білдіретін бір сөздің өзі әлденеше ұғымды білдіруі мүмкін. Сөз кейде ұғымды ғана емес, байымдауды

да білдіруі мүмкін. Мұндай жағдайда сөз сөйлем ретінде қызмет атқарады. Бұл айтылғандардың бәрі де сөз бен ұғымның тепе-тең емес, бірақ өз ара байланысты екендігін көрсетеді.

Ойлаудың тілмен тығыз бірлікте болатынын ойлау формаларының бірі – байымдаудың сөйлеммен байланысынан да көруге болады. Тілдің тіл болуы үшін ең қажетті фактор – ойлау, пайымдау екені белгілі. Адамның ми қабатында жинақталған ой тіл арқылы сыртқа шығады, сөйлеу арқылы неше мәрте айтылса да белгілі бір сөйлеу жүйесіне бағынбаса, түсініксіз болады. Ой тілге әсер етеді, тіл сөзге әсер етеді, сөзден сөйлеу пайда болады.

Тіл-тұрақты және ұзақ өмір сүретін процесс, ал сөйлеу – тұрақсыз және жиі өзгеріп отырады.

Тіл адамның миымен, санасымен бірге өзі қалыптасатын үдеріс, ал сөйлеу әркімнің өзі дамытып отыратын үдеріс.

Тіл – психикалық құбылыс, ал сөйлеу - психофизикалық құбылыс.

Осылайша, тіл мен сөйлеудің ара жігін ажырата келіп, олардың өзара тығыз байланысты екенін де атап өтеді.

Қазақ лингвистикасында тіл мен сөйлеуге қатысты мәселелерді анықтап, олардың айырмашылықтарын көрсетуге тырысқан тілші - Т.Р. Қордабаев. Ол: «сөйлеу дегеніміз – тілді қатынас жасау процесінде өз ойын басқаларға білдіру, басқаның ойын білу мақсатында қолдану деген сөз», – [3, 87] дей келіп, тіл мен сөйлеу бір-бірімен ажырамас бірлікте – деп көрсетеді.

Тілсіз ойлаудың болмайтындығы, әрбір ой тіл арқылы ғана көрінетіндігін, яғни сөйлеуді ойлаудан бөліп алудың мүмкін еместігін түсінеді.

Ф. де Соссюр ойды тілдің семантикасымен теңдестіре отырып, тілді қағазбен былайша салыстырады: «Ой дегеніміз, сол қағаздың бет жағы, ал дыбыс – астыңғы жағы, егер қағаздың бет жағын, астыңғы жағын бүлдірмей кесіп алуға болмайтыны сияқты, тілде де дыбыстан, дыбысты ойдан бөліп алуға болмайды. Мұны тек абстракциялық түрде ажыратуға болады» - дейді.

Тіл мен ойлау бір-бірімен тығыз байланыста болады дегенде, тілдегі категорияларының өз ара байланысы, арақатысы ескеріледі. Мысалы, тілдегі сөз логикалық категория – ұғыммен тығыз байланыста болса, сөйлем байымдаумен (суждение) тығыз байланыста болады.

Сөз бен ұғым бірлікте, өз ара тығыз байланыста болады дегеннен бұл екеуі бір-бірімен тепе-тең екен деген түсінік тумауға

тиісті. Олардың арасындағы айырмашылықтары мыналар: кейбір ұғымдар жеке сөздермен емес, сөздердің тіркестерімен айтылады; фразеологиялық сөз тіркестерінің құрамындағы кейбір ұғымдар жеке сөздермен емес, сөздердің тіркестерімен айтылады; фразеологиялық сөз тіркестерінің құрамындағы кейбір сөздер ұғымды өздігінен емес, тек тұрақты сөз тіркестерінің құрамында қолданылғанда ғана білдіре алады. Бірнеше мағынаны білдіретін бір сөздің өзі әлденеше ұғымды білдіруі мүмкін. Сөз кейде ұғымды ғана емес, байымдауды да білдіруі мүмкін. Мұндай жағдайда сөз сөйлем ретінде қызмет атқарады. Бұл айтылғандардың бәрі де сөз бен ұғымның тепе-тең емес, бірақ өз ара байланысты екендігін көрсетеді.

Ойлаудың тілмен тығыз бірлікте болатынын ойлау формаларының бірі – байымдаудың сөйлеммен байланысынан да көруге болады. Тілдің тіл болуы үшін ең қажетті фактор – ойлау, пайымдау екені белгілі. Адамның ми қабатында жинақталған ой тіл арқылы сыртқа шығады, сөйлеу арқылы неше мәрте айтылса да белгілі бір сөйлеу жүйесіне бағынбаса, түсініксіз болады. Ой тілге әсер етеді, тіл сөзге әсер етеді, сөзден сөйлеу пайда болады.

Тіл – тұрақты және ұзақ өмір сүретін процесс, ал сөйлеу – тұрақсыз және жиі өзгеріп отырады.

Тіл адамның миымен, санасымен бірге өзі қалыптасатын үдеріс, ал сөйлеу әркімнің өзі дамытып отыратын үдеріс.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. – Алматы, 2009 ж.

2 Ф. Соссюр. Труды по языкознанию. Перевод под редакцией А.А. Холодовича. – М.: «Прогресс», 1977 г.

3 Т.Р. Қордабаев. Жалпы тіл білімі. – Алматы: Ы. Алтынсарин атындағы Қаз. білім акад. Респ. баспа каб., 1999. – 195 б. с.

## ДЕНСАУЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕУДЕГІ ҚОСЫМША БІЛІМНІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

УЫЗБАЕВА А. А.

PhD докторы, ассоц.профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ИБРАЕВА Ә. А.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Заманауи қоғамдағы ерекше қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік-мәдени бейімдеудің маңызы төмендемей, керісінше өсуде. Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметтеріне сүйенетін болсақ, әлемдегі әрбір жетінші отбасы мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеп отыр. Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалардың саны жылдан жылға көбеюде. Бұған әлі де өз шешімін таппаған көптеген факторлар әсерін тигізуде. Бұлардың ішінде экологиялық, әлеуметтік және экономикалық, медицинадағы мәселелерді атап көрсетуге болады. 21 ғасырдың басына дейін дамуында, денсаулығында ақауы бар балаларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту қоғамнан шектетілген, тек арнайы интернат қабырғаларында іске асырылды [1, 1-2 б.].

Қазіргі кезде демократиялық жүйенің қалыптасуы және беки түсіне байланысты, адамзаттың санасы да көптеген өзгерістерді бастан кешіруде. Бұл орайда, әрбір адам қоғамның толыққанды мүшесі болып табылады, барлық адамның мүмкіндіктері тең болуы тиіс. Осы уақытқа дейін қоғамда «кемтар бала», «кемтар адам» деген термин пайдаланылып келсе, бүгін мұндай балаларға қатысты «денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалар» немесе «ерекше қажеттіліктері бар балалар» деген терминдер қолданылады. Мұның өзі де қуантарлық жағдай [2].

Адамды қоғамға бейімдеуде, ең бірінші орында ата-ана тұр, отбасының маңызы өте зор, сондай-ақ білім беру мәселесі де шетте қалмауы тиіс.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуға ерекше көңіл бөлінген. Сондықтан негізгі міндеттердің бірі – олардың әлеуметтік ортаға бейімделуіне, қоғамда толыққанды азамат ретінде қалыптастыруға жағдай жасау және жан-жақты көмек көрсету болып табылады. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды қоса оқыту елімізде 2002 жылдан бастап қолға алына бастады [3].

Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарына арналған білім беру Мемлекеттік бағдарламасының басым бағыттарының бірі – инклюзивтік білім жүйесін дамыту болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген.

Инклюзивті білім беру – сау балалармен бірге жалпы білім беру мектептерде немесе арнайы құрастырған топтарда, сыныптарда дамуда мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту. Инклюзивті басты мақсаты-мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортаға кіріктіру ғана емес, ол «барлығы үшін бір мектеп» мақсатын көздейді. Инклюзивті оқыту мүмкіндігі шектеулі баланың жалпы білім беретін ортада әлеуметтенуі мен оның дамуына және оқыту процесінде баланың жетістіктерге жетуіне мүмкіндік туғызады [4, 21, 22 б.].

Ерекше қажеттіліктері бар балаларды қосып оқыту тек жалпы білім беретін мектептерде ғана емес, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда да енгізіле бастады. Білім беру жүйесінің басты бағыттарының бірі – қосымша білім беру де шетте қалып қойған жоқ.

Қосымша білім беру жүйесі баланың практикалық қызметіне негізделеді. Олардың негізгі мектепте алған барлық теориялық білімдері шығармашылық практикада жүзеге асырылып, танымдық, коммуникативті қызметке айналады. Тұлға әлеуетінің дамуы, бала тұлғасының білім алуы, қоғамдық-пайдалы практика және бос уақытты қамту арқылы әлеуметтік коммуникация жүйесіне кіріктірілуі есебінен іске асырылады.

Қосымша білім беру жүйесіндегі баланы оқытудың және тәрбиелеудің негізгі мақсаты қызметтің әртүрлі бағыттарын іске асыру арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады. Осы орайда қосымша білім беру жүйесінің келесі бағыттарын атап өтуге болады:

- ғылыми-техникалық;
- көркем-эстетикалық;
- туристік-өлкетану;
- экологиялық-биологиялық;
- әлеуметтік-педагогикалық;
- әскери-патриоттық [5, 33,34 б.].

Алайда, қосымша білім беру жүйесіндегі мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту және тәрбиелеу тәжіриесі әлі толық зерттеліп, республика көлемінде жалпыланбаған.

Республикада 862 мектептен тыс ұйым (24,5%), мектептерде 56 мыңнан аса үйірме жұмыс істейді. Балаларды жалпы қамту 61,9% құрайды [6]. Олар балаларға музыка, көркем-эстетикалық, техникалық шығармашылық, экологиялық-биологиялық, өлкетану, әлеуметтік-педагогикалық бағыттар бойынша білім береді.

Дәл осы қосымша білім беру ұйымдарында денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларды белсенді әлеуметтік-мәдени кеңістікке тартатын білім беру ортасын құруға болады, ол жерде әрбір бала өзін өзі танытуға, әлеуметтік тәжірибе алуына мүмкіндіге болады.

Балаларға қосымша білім беру олардың танымдық, шығармашылық қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне құрылғандықтан баланың өз даралығын табуына үлкен мүмкіндіктер береді. Ол тәрбиелеуді, оқытуды және танымдық қызығушылықтарды дамытуды, жеке тұлғаны әлеуметтендіруге ықпал ететін және баланың қызмет түрлерін еркін таңдап алуына сүйенетін оның шығармашылық әлеуетін дамытуды біріктіретін білім беру типін білдіреді.

Қосымша білім беру қатал білім беру стандарттарының болмауымен, тәрбиелеу процесінің даралығымен, бала қандай жетістікте болса да, сабақтарға ынтасымен қатысуына педагогтың мүдделілігімен ерекшеленеді.

Балаларды шығармашылық арқылы оңалту – бұл ерекше балалардың рухани және зияткерлік деңгейін дамытуға, олардың күнделікті өміріне қажетті дағдыларды меңгеруіне, баланың психологиялық тұрғыдан сенімді болуына және әлеуметтік маңыздылығын сезінуіне бағытталған іс-шаралар кешені.

Мүдделері мен ынтасын ескере отырып баланың әлеуетті шығармашылық қабілеттерін дамытуға барынша мүмкіндік беретін, баланың келешектегі тағдырына мол ықпал ететін кәсіп алды білімді қосымша білім жүйесі береді. Көптеген балалар үшін – бұл негізгі, ал кей кезде, өмірлік маңызды практикалық дағды алудың жалғыз ғана мүмкіндігі болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Лапшина М.Ю. Адаптация детей с ограниченными возможностями как социокультурная проблема // Мир современной науки - 2012. - № 4. - 1-2 с.

2 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

3 «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343>

4 Включение детей с ограниченными возможностями здоровья в программы дополнительного образования: Методические рекомендации. А.Ю. Шеманова. – М., 2012. – 20-24 с.

5 Алехина С.В. Включение детей с ограниченными возможностями здоровья в программы дополнительного образования: Методические рекомендации. – М., 2012. - 33-34 с.

6 Сайт РУМЦДО МОН РК // <http://www.ziyatker.org/>

## МАЗМҰНЫ

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің  
ректоры, с.ғ.д., А. Өрсариевтің алғы сөзі .....3

### Пленарлық отырыс Пленарное заседание

**Дронзина Т.**  
Религия и терроризм: есть ли действительно такая связь? .....5

**Кусаинов Д. У., Аюпова З. К.**  
Религия и геополитика: политико-правовые механизмы противостояния  
Республики Казахстан современным вызовам .....9

**Сабит Мурат, Жумагулов М. Д.**  
Добротворный человек, прирожденный педагог, пронизательный  
философ-религиовед, крупный организатор образования и науки .....18

**Сатершинов Б. М., Оқан Самет**  
Діни бірегейлік тәркініндегі «Өркениеттер қалқығысы» теориясын  
сыни талдау .....27

**Сейтахметова Н. Л.**  
Образование и философия в творчестве профессора К. Ш. Шулембаева .....36

### 1 Секция. Қ. Ш. Шулембаев және қазақстандық діни-философиялық мектеп

#### 1 Секция. К. Ш. Шулембаев и казахстанская философско-религиоведческая школа

### 1 Section. K. Sh. Shulembayev and philosophical and religious school of Kazakhstan

**Артемьев А. И.**  
Понятия «образ жизни», «вера», «традиции» в философско-  
религиоведческом наследии К. Шулембаева .....41

**Асқар Л. Ә., Аташ Б. М.**  
Руханилықты ту етіп ұстаған ойшыл .....48

**Жумабаева М. С.**  
Қатыршат Шапағатұлы Шулембаевтың діни философияға  
қосқан үлесі .....51

**Никифоров А. В.**  
Продолжаем беседовать с профессором К. Ш. Шулембаевым .....55

### 2 Секция. Дін және геосаясат: жаңа әлемдік ахуалды құрастыру

#### 2 Секция. Религия и геополитика: конструирование нового мироустройства

### 2 Section. Religion and geopolitics: the design of a new world order

**Абдулова Р. Б., Джанибекова А. М., Нысанова С. Қ.**  
Діни экстремизмнің жастарға кері әсер етуін алдын-алудағы маңызы ...61

**Берлібаев Б. Т.**  
Кеңес дәуіріне дейінгі ислам діні арқылы дамыған тарихи білім .....64

**Ivanov I. I.**  
Russian Orthodoxy and Eurasianism .....69

**Қабылбек Е. Т., Жапекова Г. К.**  
Религиозные системы на территории Центральной Азии .....75

**Кайрова У. Ж., Бахшатова Г. Н.**  
Діни сауатсыздық – діни экстремизмнің бастауы .....81

**Қобдабаева Н. А., Абдулова Р. Б.**  
Ислам діні – мұсылман құқығының бастауы ретінде .....88

**Сайынов Д. А.**  
Қазақ даласындағы бекітілген молдалардың қызметі XVIII ғ. – соңы  
XIX ғ. ортасы. (Мұрағат деректері негізінде) .....98

**Yavor Raychev**  
Malhama Tactical: a new disturbing trend in jihad conflicts? .....109

### 3 Секция. Қазіргі заманның діни үрдістеріндегі әлеуметтік экономикалық факторлар

#### 3 Секция. Социально-экономические факторы в религиозных процессах современности

### 3 Section. Socio-economic factors in the religious process of modernity

**Иванов В. А.**  
Религиозная ситуация в городе Алматы. Динамика изменений .....114

**Қазиев Қ. О.**  
Күйзеліс (стресс) және оны жену тәсілдері .....119

**Кайрбеков Н. Е.**  
Жанр «мухтасар» в ханафитской литературе .....125

**Невмержицкий С. В.**  
Когда невозможно возможно .....136

**4 Секция. Қазіргі ғылымның, философияның, мәдениеттің және діннің өзекті мәселелері: болашағы және үдерістері**  
**4 Секция. Актуальные вопросы современной науки, философии, культуры и религии: перспективы и тенденции**  
**4 Section. Actual issues of modern science, philosophy, culture and religion: perspectives and trends**

<b>Абсагтаров Г. Р.</b> Политологическое определение правовой культуры .....	143
<b>Әбсагтаров Р. Б.</b> Болжамдаудың әдістері және болжамдағы қателіктерді шешу .....	151
<b>Абылкадыров З. Г., Жапекова Г. К.</b> Казахстан как поликонфессиональное государство .....	159
<b>Arystan N. E.</b> Theoretical and historical aspects of studying the method of art-therapy ....	166
<b>Асқар Д. М., Жакишева А. Е.</b> О некоторых проблемах трудоустройства лиц имеющих судимость .....	171
<b>Asma Najib</b> Purpose of USA national interest in the Middle East in 21 century .....	176
<b>Аубакирова С. С., Капышева Б. С.</b> Қазақстандағы діни толеранттылық мәселесі .....	181
<b>Ахмекенова Д.</b> Военно-казачья колонизация территории Павлодарского Прииртышья	186
<b>Берлібаев Б. Т.</b> Қазақ тарихи білімінің дамуындағы рухани өрлеудің басталуы .....	192
<b>Биль Т. Ю., Социалов Д.</b> Феномен массовой культуры .....	196
<b>Ғабитов Т., Жанбатыр А.</b> Қазақтағы шамандықтың іздері .....	201
<b>Жарасқанқызы А., Құрымбай Ө.</b> Қазіргі ғылымның, философияның, мәдениеттің және діннің өзекті мәселелері: болшағы және үдерістері .....	215
<b>Зейнулина А. Ф., Ибраева А. Т.</b> Имандылық иірімін танытудағы діндарлардың тіл мәдениеті мен сөз өнері .....	219
<b>Iskakova Z. S., Omarova A. R., Akhmetova G. G.</b> Some problems of the modern education .....	232
<b>Молдабеков Ж. Ж.</b> Қазақтың рухани құндылығының және отаншыл тұлғалық ұстанымның тәрбиелік маңызы .....	238
<b>Муса Е. У., Режепова Н. К.</b> Оқушыларға дінтану пәнін міндеттеп оқыту қажет пе? .....	242

<b>Нукенов Е. М.</b> Социально-экономическая характеристика понятия «самозанятость» и ее проблемы на сегодня .....	245
<b>Нығыман Г. Д.</b> Діни сауатсыздық – діни экстремизмнің бастауы .....	250
<b>Паули Э. С., Кожамжарова М. Ж.</b> Проблемы казахстанского образования и формирование функциональной грамотности через развитие креативного мышления .....	255
<b>Радченко Н. Н., Капезова С. Б.</b> Тәрбиешілерінің кәсіби күзіреттілігін қалыптастырудың мәні мен маңызы .....	262
<b>Рахимов М. И.</b> Қазақ қоғамының рухани мәдениетінің қалыптасуындағы Ислам дінінің рөлі .....	269
<b>Сабданбекова А. А., Койшина А. К.</b> Діни сауатсыздық мәселері .....	274
<b>Салимова Р. С., Бегимтаев А. И.</b> Межконфессиональная толерантность в Республике Казахстан .....	281
<b>Саябаева Г. Ж.</b> Діни сауаттылық – қоғам қауіпсіздігінің кепілі .....	286
<b>Seitova A.</b> Iran after the sanctions .....	290
<b>Selezneva X., Uzbayeva A.</b> On the question of the child's socialization in modern conditions .....	294
<b>Сураганов А. У.</b> Ауылдық жердегі білім берудің қазіргі күнгі мәдениеті және мұғалім құзыретілігі .....	296
<b>Токтасов Д., Смагулова Б. Т.</b> Основы толерантности .....	302
<b>Тұрышев А. Қ., Әубәкірова С.</b> Тілдің философиялық мәні .....	307
<b>Уызбаева А. А., Ибраева Э. А.</b> Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік бейімдеудегі қосымша білімнің мүмкіндіктері .....	312



**Қ. Ш. ШҮЛЕМБАЕВТЫҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН  
«ДІН ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ЖАҒАНДЫҚ  
ҮРДІСТЕР» АТТЫ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Техникалық редактор З. Ж. Шокубаева  
Корректорлар: А. Р. Омарова, Б. Б. Ракишева  
Компьютерде беттеген: А. Елемесқызы  
Басуға 16.03.2017 ж.  
Әріп түрі Times.  
Пішім 29,7 × 42 1/4. Офсеттік қағаз.  
Шартты баспа табағы 18,4. Таралымы 500 дана.  
Тапсырыс № 2967

«КЕРЕКУ» баспасы  
С. Торайғыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64.